

**Г.Б. Нұрадин, Қ.С. Ермагамбетова,
Б.М.Аташ, Ә.А.Құранбек, А.Е.Аккулиева**

ПРАКТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ

Дәрістер жинағы



Алматы
2025

ӘОЖ 1/14
КБЖ 87.3
П 65

Пікір бергендер:

Зейінәбіл Айдарбеков - философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының профессоры;

Сайра Шамахай – PhD докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессор м.а.;

Расылхан Джуншеев - философия ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті философия және саясаттану кафедрасының доценті.

Г.Б. Нұрадин, Қ.С. Ермагамбетова, Б.М.Аташ,

Ә.А.Құранбек, А.Е.Акқулиева

П 65 **Практикалық философия.** Дәрістер жинағы. – Алматы, «Дарын» баспасы, 2025. - 199 б.

ISBN 978-601-382-050-7

Практикалық философия – ХХІ ғасырдың қажетті білімі. Философия сынды мұралы ғылымды өз өміріңнің қалыпты болуы үшін және өз өміріңе толыққанды қанағаттану үшін дұрыс пайдалана білу, мағыналы ғұмыр кешу, өзінді және әлемді жақсы түсіну қажеттіліктерін сезіндіретін философиялық ойлау. Практикалық философия мағыналы өмір үшін маңызды болып табылатын құндылықтар мен басымдылықтарға сәйкес келетін шешімдер қабылдауға арналған құралдар мен тұжырымдамалық негіздер ұсына алады.

«Практикалық философия» дәрістер жинағы «философия» пәнін жүргізетін философ-оқытушыларға, сондай-ақ философиялық емес және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы білім беру бағдарламаларының профессор-оқытушы құрамы мен студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына арналған.

Дәрістер жинағы ИРН АР23485390 «Практикалық философия - әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудағы интегралды білім беру мен дизайн-ойлаудың тұжырымдамалық метамоделі» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.

ӘОЖ 1/14

КБЖ 87.3

© Г.Б. Нұрадин, Қ.С.Ермагамбетова, Б.Аташ,

Ә.А.Құранбек, А.Е.Аққулиева, 2025

© «Дарын» баспасы, 2025

ISBN 978-601-382-050-7

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
1-дәріс. Практикалық философия – практикалық білім мен ізденіс аймағы	6
2-дәріс. Практикалық философия: теориялық және қолданбалық талдаулар	17
3-дәріс. Практикалық ойлаудың философиялық негіздері: метафизика, білім теориясы, логика	27
4-дәріс. Практикалық ойлаудың ерекше салалары: қолданбалы этика, моралдық философия, құқық және саяси философия	37
5-дәріс. Практикалық ұтымдылық: шешімдер теориясы, дін және өнер философиясы	47
6-дәріс. Практикалық философиялық антропология: адам табиғатын зерттеу	55
7-дәріс. Практикалық философия бойынша қолданыстағы модельдерді талдау және бағалау	62
8-дәріс. Дизайн-ойлау – шығармашылық дамуға бағытталған жоғары білім беру моделі	69
9-дәріс. Дизайн-ойлаудың негізгі кезеңдері	79
10-дәріс. Білім философиясы хаһындағы интегралды білім беру	92
11-дәріс. Білім берудегі демократия – интегралды білім берудің кілті ретінде	102
12-дәріс. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер шеңберіндегі білім беру технологиялары	109
13-дәріс. Оқыту философиясы: оқыту тұжырымдамаларының динамикасы мен сценарийлері	119
14-дәріс. Инклюзивті білім беруді тұжырымдамалық талдау әдістері мен стратегиялары	128
15-дәріс. Философ педагогикасы және оқыту философиясының педагогикалық практикасы	136
Глоссарий	156
Аннотациялық шолулар	169

АЛҒЫ СӨЗ

XXI ғасырдағы ғылыми-техникалық дамудың ықпалы адамзатты прогрессивті өмірге алып келді. Прогрессивті өмір адамның өзін қоғамда жайсыз сезінуін, өзіне қоятын сұрақтардың көптігі мен күрделілігін, үнемі бәсекелесте болуын, әлеуметтік ортаның жылдам өзгеруін, ертеңгі күнге деген сенімсіздік пен қорқыныштың тууын және болашақтың белгісіздігін қоса ала келді. Мұндай жағдайда философия тек бұрынғы философтардың жазған мұраларын ұсынып отыра алмайтынын түсінді және адамзаттың қазіргі пұшайман күйі мен әлем халықтары басында болып жатқан оқиғаларды тиімді талдап, әлемге оң ықпал тигізетін талаптар легін күшейтті. Мұндай үрдіс практикалық философияның жаңа қырын ашты немесе қайта туылуына ықпал етті. Практикалық философия – философия теориясы мен ғылым байланысының тарихи және логикалық іргелі проблемасының диалектикалық бірлігі әдісіне негізделген заманауи нақтылау бола алады. Өзгерістердің тұрақтылығы, ғылыми-техникалық және қоғамдық-әлеуметтік дамудың практикалық-теориялық ұстанымдары практикалық философияны тек өзектендіреді.

Еліміздегі жоғары оқу орындарында оқытылып жатқан «Философия» пәні міндетті компонент ретінде жалпы білім беру пәндер циклына кіреді. Философия пәнін қазіргі заман талабына сай, студенттің ғылыми және рухани сұранысын қанағаттандыратындай етіп оқыту үшін отандық ресурстар ассортименті мен сапасын көтеру қажеттілігі орын алады. Оқыту процесінде қолдануға болатын көптеген әдіс-тәсілдер бар. Осы тұрғыда, философия пәнінен сабақ беретін әрбір оқытушы өзінің кәсіби ұстанымына сәйкес келетін тәсілді, оқыту мақсаттарындағы басымдылықты, оқыту стилі, жалпы алғанда, оқыту философиясы туралы үнемі көпшіліктің талқылауына ұсынып тәжірибе алмасып отыруы қажет.

Қазіргі таңда, әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің, әсіресе философия пәнінің теориялық форматтан қолданбалылық форматына ауысу сәті келіп тұр. Осы сәтті ұтымды пайдаланудың табысты жолы – практикалық философия.

«Практикалық философия» дәрістер жинағы ЖТН
АР23485390 «Практикалық философия - әлеуметтік-
гуманитарлық пәндерді оқытудағы интегралды білім беру мен
дизайн-ойлаудың тұжырымдамалық метамоделі» гранттық
қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.

1-ДӘРІС.

ПРАКТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ – ПРАКТИКАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ІЗДЕНІС АЙМАҒЫ

1. Философиялық этика: адам қалай өмір сүруі керек?
2. Әлеуметтік-саяси философия: қоғам қалай өмір сүруі керек?
3. Практикалық философияны оқу және оқыту мүмкіндіктері.

Философиялық этика: адам қалай өмір сүруі керек?

Философия — қоғамның барлық саласын қамтитын даналыққа негізделген аса ауқымды теориялық білім болса, практикалық философия сол даналықты түсіну және оны өмірде ұтымды пайдалану үшін нақты көмек бере алатын интеллектуалды қызмет. Этика — адамшылық іс-әрекеттері туралы ілім болса, философиялық этика сол адамшылық іс-әрекеттерді құндылық ету және оны нормативке, яғни қалыпты жағдайға жеткізу арқылы ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ажырата алатын деңгейге жеткізу сатысы.

Адам өмірге келеді және сол өмірден кетеді, осы екі маңызды қадамның негізін құрайтын және оны біртұтастандыратын ол — өмір. Қалыпты өмір сүру қарапайым әрі байырғы сұрақ емес. Ол әр кезеңдегі ізденіс пен тәжірибелерден құралған замануи форма. Шынтуайтына келгенде, ең қиын өмір — ол еш ойланбастан өмір сүру. Демек, ойлану өмір сүрудің негізгі тетігі.


Өмір жолындағы әрбір таңдау әр адамның өзінің жеке шешімі секілді көрінеді, алайда, біз тек өзіміз үшін маңызды нәрсені ұстанамыз және оны ең дұрыс шешім деп қабылдаймыз. Ең қызығы оны өзім таңдадым деп есептейміз, алайда әрбір біздің таңдауымыз бізді қоршаған адамның қоғамның таңдауы екенін жете түсіне бермейміз. Бұл біздің қоғамның бір бөлшегі екендігіміздің белгісі. Қоғамның таңдауы, сенің таңдауың. Сондықтанда қоғам мен адам бір-бірінен ажырағысыз алайда

өзіндік айрмашылықтары мен шекаралық аймақтары бар. Бұл ойдың дәлелі сонау Сократтан бастау алады. Сократ «Этика не үшін керек?» деген сұрақ қойып, оған өзі «Дұрыс өмір сүру үшін!» деген жауап қайтарады. Алайда «Қалай дұрыс өмір сүру керек?» деген сұраққа Сократтан бері мыңдаған жылдар бойы жауап ізделініп келеді. Біздің өмір сүріп жатқан әлеміміз жетілмеген әлем, біз оны үнемі жетілдіруді көздейміз, әртүрлі әрекеттер жасаймыз, алайда оның кемшіліктері мен жетіспеушіліктері тым көп. Сонда да біз тоқтамастан мүдірместен алға адымдап жылжып келеміз. Қадам сайын алдымыздан мыңдаған таңдау шығады. Біз әр кез нақты таңдау жасау арқылы нақты шешімге келеміз. Біздің әрбір шешіміміздің салдары әлемге ықпал етеді. Біз әркез «бұл шешімім өткендегі шешімге қарағанда жақсырақ» деп өзімізді жұбатамыз. Қалай болғанда да біз қоғамның ұстанымдарынан алыстай алмаймыз.

Сонымен Сократ қойған сұраққа жауапты біз қайдан аламыз? Бұл сұрақтың жауабы барлық рухани құндылықтарда орналастырылған. Біз оқитын ертегі, аңыз-әңгіме, жыр-дастан, терме-айтыс, пьесалар, түрлі жанрдағы кітаптар, жалпы айтқанда барлық адамның ізгі ойларынан туындаған ізгілікті тұжырымдар қойнауында. Адамның сенімі мен сол сенім негізіндегі әрекеттер мен пайымдаулар философиялық этиканың рефлексиялық жүйесін құрады. Жеке адамның өзіне жүктелген бір тапсырманы табандылықпен және ыждаһаттылықпен орындауы, алдынан шыққан кедергілер мен қиындықтарға байыппен қарап, мойымауы және тапсырманы толыққанды және мүлтіксіз орындау үшін ізденісте болуы, үнемі өзгеге және өзіне сұрақ қоюы адалдықпен және дәйектілікпен өмір сүруге көмектеседі. Бұл аталғандардың барлығы этикалық нормалармен бекітілген.

«Этика» - гректің сөзі және оны алғаш рет Аристотель өзінің «Риторика» еңбегінде қолданған деген ақпаратпен ғылыми айналымға енген. Этика мәселесімен көптеген жылдар бойы шұғылданып жүрген отандық философ-ғалым, мәдениеттанушы Т.Х. Ғабитов «Қазақ этикасы және эстетикасы» атты 20 томдық еңбегінде «Этика үшін жақсылық ұғымы оның басты ұғымы болды және бола береді, оның басты мақсаты - адам өміріндегі

қайырымдылық пен зұлымдықтың қайнар көзі мен табиғатын, себептері мен тетіктерін анықтау. Этика мәдениет жүйесіне оның рационалдық-логикалық бастамасы ретінде адамның өмірдегі әдептік-адамгершілік көріністерін рационалды ойлау тіліне аударуы арқылы енеді. Этика - ғылымның маңызды саласы, әдеп - қоғамдық алғышарттардың саласы, адамгершілік - адамның ар-ұяты арқылы жеткен ішкі тұрақтандыру саласы. Этика практикалық философия ретінде, адам өмірінің күнделікті қажеттіліктерін бағдарлайтын ғылым ретінде туындайды» деген тұжырым жасайды. Келесі бір отандық жас философ-ғалым, аудармашы А.Байдлаева «Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері» атты Б.Маккиннон мен Э.Фиаланың еңбегін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған болатын. Сол еңбекте «Этика сөзінің этимологиясына үңілсек, бұл грек тіліндегі «әдет», «ғұрып», «мінез» дегенді білдіретін сөзден шыққан термин. Этика – мораль, адамгершілік, ізгілік сияқты дүниелерді зерттеп, адамдардың қоғамда бірігіп өмір сүруін қамтамасыз ететін өзара әрекеттесу принциптері мен механизмдерін зерделейтін философиялық пән» деген анықтама берілген. Демек, бір уақыт «мен қалай өмір сүріп жатырмын?», «дұрыс, қалыпты өмір сүрудің жолдары қалай болмақ?», «адам қалай өмір сүруі керек?» деген сұрақтарды өз-өзіне қойып және оның жауабын өзі үшін өзі ізденген адам толықтай этикаға бет бұруы қажет. Этика екі ұшты дилемалық сұрақтарды түсінуге және оның мың нұсқалы жауаптарын тарқатуға мүдделі. Сондықтанда этиканың кіріспейтін жері жоқ, ол барлық салаларды қамтиды, жәй қамтып ғана қоймайды, ол терең бойлап, адамның ар әлемін шарлай отырып өз-өзінің ұждандық болмысын анықтауға көмектеседі. Этиканың бастауы, негізгі қаруы болып табылатын ар-ұждан мен адамшылық – философияның да негізгі бітімдік ұғымдары. Олай болса, философиялық этика дегеніміз не?



Философиялық этика - өз құндылықтарымыз, әрекеттеріміз және шешімдеріміз туралы рефлексия. Философиялық этика - құндылық пен нормативтілік туралы негізгі сұрақтарға бағытталған. Ол ненің жақсы, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін жүйелі түрде зерттейді. Ол сондай-ақ жақсы немесе дұрыс болу деген не, моральдық тілдің мәні, моральдық ойдың табиғаты және егер бар болса, моральдық шындықтарды қалай білуге болатыны туралы мета-этикалық сұрақтар қояды. Біздің ойымыз, қиялымыз бен арманымыз теориялық бөлшектерге жатса, оны жүзеге асыруымыз, нәтиже мен іс-әрекетке айналдыруымыз практикалық бөлшектердің еншісі. Жеке адамдардың ойы қоғамның ойымен жанаса өрбиді, сондықтанда біздің әрекеттерімізден жиі көрніс беретін өмірлік оқиғаларды біз қоғам немесе мемлекет заңдарымен бекітіп отырамыз. Баланың дүниеге келуі, жақын адамыңнан айрылу, табиғи апатты бастан кешіру, соғыстан аман қалу, үйлену не ажырасу, жұмысқа орналасу не болмаса керісінше жұмыстан шығу сынды жеке адамның жауапкершілігіндегі іс-әрекеттер қоғам үшінде маңызды мәселелер болып табылады. Ал, қоғамда орын алатын түбегейлі өзгерістердің оң не теріс салдарлары жекелеген өмірлік

оқиғаларды аттап кете алмайды. Осы аталғандардың барлығы философиялық этиканың да басты назарындағы мәселелер. Философиялық этика өзін үшін құнды деп есептейтін ұғымдар туралы мұқият ойлануға және оны қайта қарауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-саяси философия: қоғам қалай өмір сүруі керек?

Әлеуметтік және саяси философия қоғамды ілгерілететін немесе жетілдіретін тетіктер туралы негізгі сұрақтарға назар аударады. Онда әділеттіліктің, теңдіктің, азаматтықтың және демократияның мәні, сондай-ақ билік пен саяси институттардың табиғаты туралы тұжырымдамалық мәселелер қарастырылған. Әлеуметтік-саяси философия - адам өмірі мен өзара әрекеттесуінің моральдық, этикалық және саяси аспектілеріне назар аудара отырып, қоғам мен саясаттың өзара әрекеттесуін зерттейтін философияның бір саласы. Ол қоғамды басқаратын принциптерді, институттар мен жүйелерді және саяси шешімдер мен іс-әрекеттерді басшылыққа алатын құндылықтар мен мұраттарды түсінуге және бағалауға тырысады. Әлеуметтік-саяси философия саяси биліктің табиғаты, әділеттілік, теңдік, бостандық, құқықтар, демократия және үкіметтің қоғамдағы рөлі туралы сұрақтарға жауап береді. Ол жеке адамдар мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты, сондай-ақ саяси қоғамдастықтағы азаматтардың құқықтары мен міндеттерін зерттейді. Онда саяси биліктің негіздемесі, адамдар мен топтардың құқықтары мен міндеттері, тауарларды бөлу, әлеуметтік сынның негіздері, әділетсіздік пен құқық бұзушылыққа дұрыс жауап беру туралы нормативтік сұрақтар қойылады. Ол сондай-ақ жаһандық әділеттіліктің мәні, жаһандық теңсіздік және космополиттік саяси тәртіптің мүмкіндіктері мен сипаты сияқты осы мәселелерді жаһандық ауқымда да зерттейді. Бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік-саяси философия қоғамның дұрыс не бұрыс өмір сүріп жатқанын анықтай алады және оған дұрыс жолды көрсете алады.

Әлеуметтік-саяси философиямен әлеуметтік-саяси философтар айналысады. Олар қоғамның өткені мен бүгінін саралап, адам өмірінің әлеуметтік және саяси өлшемдерін түсінуге көмектесетін теориялар мен шеңберлерді жасау үшін сыни талдаумен, этикалық пайымдаумен және тұжырымдамалық ізденістермен айналысады. Олардың жұмысы көбінесе тарихи және қазіргі заманғы саяси жүйелерді зерттеуді, әлеуметтік құрылымдар мен институттарды талдауды, саяси идеологиялардың жеке адамдардың өмірі мен ұжымдық әлауқатына әсерін бағалауды қамтиды.

Әр дәуірдің даналары өз кезегінде адамнан бұрын заманды түзеу керектігін дөп басып айтқан, егер заман түзелер болса, онда соның ішінде өмір сүріп жатқан адам да түзеледі. Бір қоғамдағы бірнеше ғана адамның дұрыс жолмен жүруі қоғамды, халықты түбегейлі өзгертіп жібере алмауы мүмкін деген қорытындыға келеді. Бүгінде «қоғам» мен «заман» сөздері синонимдер ретінде қолданысқа ие, алайда заман ұғымы қоғамнан бұрын халыққа игілік еткені анық. Біздің Абай, Шәкәрім, Ғұмар сынды ұлт ұстаздары өз еңбектерінде «заман» сөзін қолданды. Қалай болған күннің өзінде әр дәуірде қоғамды да түзеуге ұмтылған, тіпті өзін құрбан етуге даяр замана тұлғалары болды. Оған Ахмет Байтұрсыновтың «Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенше істеп кетелік!» немесе Ғұмар Қараштың: «Ұлтымызды болашаққа бастау үшін қолдан келген барлық жақсылығымызды аямайық!» деген ұрандары толық негіз бола алады. Тек қазақ қоғамында емес әлем халықтарының барлығында дерлік қоғамды түзеуге ұмтылған замана тұлғаларының еш тосқауыл кедергісіз өз идеяларын жүзеге асырғаны болған емес. Ғұламалар, ойшылдардың басым көпшілік қоғамды бақытты еткісі келгенмен өздері бақытты бола алмады. Абайдың «Қайғысыздың бәрі асау» дегенінің кебі. Ойшылдық қайғымен тағдырлас. Алайда мұндай тау тұлғалар қоғамды түзетуден еш жалықпайды, олардың еңбектері дер кезінде еленбесе де қоғам оларды ешқашан ұмытпайды. Олардың еңбектеріне әлеуметтік-саяси философия талдау жасап, ғылыми зерттеулер жүргізіп ғылымға айналдырып отырады. Бұл процесс әлеуметтік ғылыми түсініктемені қалыптастырады, ұжымдық іс-әрекеттің әртүрлі формаларын қалай тұжырымдау керектігін


жүйелейді және ғылыми теориялар мен дәлелдер арқылы әлеуметтік прогресс пен тұрақтылыққа қол жеткізу үшін түйінді шешімдер қабылдауға негіз болады. Егер әлеуметтік-саяси зерттеулер мен әлеуметтік-саяси философиялық зерттеулер тәжірибесі бір-біріне сәйкес келетін болса, онда ол өзінен-өзі практикалық философияға айналады. Себебі әлеуметтік-саяси философия дұрыс және бірқалыпты өмір сүруге шақырса практикалық философия оны жүзеге асыруға көмектеседі.

Практикалық философияны оқу және оқыту мүмкіндіктері

Практикалық философия ең алдымен дұрыс ойлау мен дұрыс әрекет ету философиясы. Практикалық философия өмірдегі құндылықтар мен басымдылықтарға, өмірге деген көзқарасқа және жүріс-тұрыс пен мінез-құлық нормаларына баса назар аудара отырып, «практикалық ойлау» процесін қалыптастырады. Практикалық ойлау ол адамның тәрбие тарихымен, гендік өлшемімен, ұлттық тамырымен, халық даналығымен, дәстүрлер сабақтастығымен, ізгілік жолымен астасып жатыр. Практикалық философия философияның өзі секілді метафизика, таным теориясы және логика сынды зерттеулерден тұрады. Құндылықтар теориясы мен нормативтік позицияларды талдау практикалық философияның негізін құрайды. Практикалық ойлау – мораль, яғни моральдық философия немесе адамшылық және қолданбалы этика, құқық немесе құқық философиясы, саясат немесе әлеуметтік-саяси философия, практикалық ұтымдылық не болмаса шешім теориясы, дін немесе дін философиясы және өнер, яғни эстетика салаларын түгел қамтиды. Сонымен қатар, практикалық философия философиялық антропологияны, яғни адам табиғатын зерттеу, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарға арналған ғылыми теорияны және дәлелді талдауды да қамтиды деп айтуға толық негіз бар.

Философия тарихында практикалық философия ұғымын ғылыми айналымға ендірген неміс философы Герд Ахенбах болып есептеледі. Ол бұл ұғымды 1980 жылдардан бастап қолдана бастаған және оны көпшілік философиялық кеңес беруші

практиктер философиясы ретінде қабылдады. 1981 жылы әлемде алғаш рет «Практикалық философия» институты құрылса, 1982 жылы Германияның Бергиш-Гладбах қаласында «Философиялық практика қоғамы» құрылып, ізе-шала әлем халықтарының қолшатырына айналған International Association for Philosophical Practice, яғни IGPP аббревиатурасымен танымал халықаралық деңгейге өтіп кетті. Кейін 2005 жылы Г.Ахенбахтың өзіндік ұсынысымен дәл сол Бергиш-Гладбахта «Аймақтық философиялық практика қоғамы» құрылды, бұл әдепкі қоғамдардан жеке өмір сүруде. IGPP айтуынша аталмыш қоғам кәсіби философтар мен философ-практиктердің жәй ғана бірлестігі емес, бұл – ынтымақтастық және коммуникация, практика, теория, ашықтық, парасаттылық өсиет, ризашылық рухы, қоғам алдындағы жауапкершілік, кеңес беру, интеллектуалды қызмет. Бұл аталғандардың барлығы жалпыға қол жетімді семинарлар, коллоквиумдар, сұхбаттар мен конференциялар арқылы жүзеге асырылады. IGPP екі басым бағытты ұстанады, оның біріншісі философиядағы еркіндік мүмкіндіктеріне байланысты саяси жауапкершілікке сәйкес келетін кеңес беру практикасы болса, екіншісі білім беру қызметі. Практикалық философияны философияның өзінен ажырататын арнайы әдістемесі жоқ. Практикалық философия - практикаға айналған философия, яғни еркін, ақылға қонымды тірі адамның болуы, қалыпты өмір сүруі аспектісіндегі философия.



Практикалық философия ешкімге ештеңе үйретпейді, ешкімге арнайы нұсқаулық бермейді, ешкімнің өткенін сараламайды, болашағына болжам жасамайды, ол тек парадоксалды жағдаяттарды негізге ала отырып өзінің өзіне сәйкес өмірінді өлшеуге және оны бағалауға кеңес беретін немесе бағыттаушы фасилитатор болады. Практикалық философия тек философия ғана бере алатын дүниетаным мен әлемдегі адамның орны мен рөлін шын мәнінде өзі үшін өзі анықтауға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз адамның әлем картинасын түсініп, оның басталуы мен аяқталуын, оның осы әлемдегі орны қандай екенін және қандай заңдар бойынша осы әлем мен оның ішіндегі адам бар екенін түсіндіру. Практикалық философия бір қарағанда психотерапияға ұқсас, алайда практикалық психология тығырыққа тірелген, қайғы-қасіретке тап келген немесе проблемалардан арылмаған, өз өмірін басқара алмайтын, әлсіздікке мойынұсынатын адамдарға немесе көпшілікке арналса, практикалық философия өз көзқарасын өзгелерден өзгеше сезінетін және оның көпшілікте қайталанбайтындығынан сескенетін ерекше адамдарға арналады және адамдардың өздері үшін өзекті болып табылатын басымдылықтың өз мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтінін анықтауға жетелейді. Оған қоса, адамның шын мәнінде өмір сүргісі келетін және оның өз өмірі туралы есеп бергісі келетін ішкі тілегін дөп тауып өмірінің формасын, яғни, қайдан, қалай, неден және қайда екендігі туралы анықтықты ашық талқылайды. Психологияды алғашқы кездесу бірден эффект беруі мүмкін, практикалық философияда көбіне керісінше болып келеді. Психолог-практик өз тұтынушысын үнемі сөйлетуге тырысса, философ-практик терең ойлануға, үндемеуге шақыруы мүмкін. Психолог-практик алғашқы сәттен бастап мәселенің негізгі қайнар көзін іздесе, философ-практик мәселенің шеті мен тереңдігін, яғни себебі мен маңыздылығын көздей отырып адамның өзін жоғалтуы арқылы нақ өзін табуына ден қояды.

Практикалық философиядағы басты принцип – түсіністік, алайда ол практик философ пен адамның үсіністігі емес, ол адамның өзін-өзі түсінуі. Принцип түсініктірек болу үшін бірқатар философтардың негізгі практикалық сұрақтары мен тұжырымдарын негізге алуға болады. Мысалы, Кант «Мен қалай

өмір сүремін?», Монтень «Мен шынымен не істеп жатырмын?», Сократ «Тек зерттелген өмір ғана оны сүруге тұрарлық!», Шопенгауэр «Адамдар өмір бойы өз өмірлерінің өмір сүру үшін ғана өмір сүрген түсіне алмайды. Адам үмітке алданып, өлімнің құшағына билейді!», Поппер «Әр адамның өзі түсінсе де, түсінбесе де өз философиясы бар және ол өте пайдасыз. Алайда ол адамдардың сайқымазақ өмірі үшін аса қауіпті. Сондықтан біздің философиямызды сын арқылы жетілдіруге тырысу керек. Бұл менің философияның бар болуының жалғыз себебі!». Практикалық философия рефлексиясы тым ауыр болуы мүмкін, себебі өмірге деген философиялық көзқарас өмір салмағын анықтайтын жүктеме. Философ практикпен сұхбаттасуды көздеген әрбір адамның ішкі қалауы, ішкі болмысының шақыруы бар және ол интеллектуалды қызметке зәру. Адамның өзіндік менімен үйлесімділікте болуы, өз ішкі үнін естуі және оны түсінуі тарапынан мәселелердің бары анық.

Кері байланыс

1. Философиялық этика адамның дұрыс өмір сүруіне көмектесе алады ма?

2. Дұрыс өмірді қалай елестетесіз және оны сипаттау үшін бестен кем емес аргумент жазыңыз!

3. Егер Сіз практик-философты кездестірсеңіз оған ең бірінші қандай сауал қояр едіңіз?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Thames B. How Should One Live? An Introduction to Ethics and Moral Reasoning. Ashford University. 2004. – 415 p.

2. Қазақ этикасы және эстетикасы. Жиырма томдық. 12 том / құраст. Т. Ғабитов, 2007. - 496 б.

3. Маккиннон, Б. Этика: Теориясы мен қазіргі мәселелері. 9-басылым / Б. Маккиннон, Э. Фиала, 2020. - 868 б.

4. Ғұмар Қараш. Замана. (Өлең, толғаулар, пәлсапалық ой-толғамдар, мақалалар). Құрастырған Қ.Сыдықов. – Алматы: Ғылым, 1998. – 240 б.

5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.

6. Желтов М.П. Практическая философия: учебное пособие / М.П. Желтов. Чебоксары: Изд-во: Чуваш. ун-та, 2009. 152 с.

7. Борисов С. В. О философском молчании... (запись беседы Герда Ахенбаха с участниками 15-й международной конференции по философской практике) // Социум и власть. 2018. № 4 (72). С. 135—139.

2-ДӘРІС.

ПРАКТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫҚ ТАЛДАУ

1. Философияның практикалығы мәселесі және тарихи-танымдық бетбұрыстар
2. Әлемдік философиялық дискурс аясындағы отандық практикалық философия мәселелері
3. Практикалық философия дискурсы: әдіснамалық-теориялық бағдарлар

Философияның практикалығы мәселесі және тарихи-танымдық бетбұрыстар

Философия тарихында оның практикалық мақсаты мен құндылығы, қолданбалылығы жөнінде сан түрлі ізденістер мен одан туындап жатқан нәтижелер де болғандығы шындық. Олар байырғы Грекияда Аристотельдің практикалық философияға этика мен саясатты жатқызуы, киниктердің «аскесис-автаркия-апаидеусиа» тұғырларын ұсынуы және өздері бұл идеяны жүзеге асырушы практик-үлгілерге айналуы, ежелгі Үндідегі йога мектебі, байырғы қытайлық конфуцилық ілімі, ортағасырдағы діни философиядағы аскеттік өмір стилі сияқты ғұмыр мәнділік экзистенциялармен сабақтаса келіп, шындық өмірге барынша жақындай түсті де, салыстырмалы түрде қолданбалы болып тағайындалды. Бұл бағдарлар жалпы «философия» деген атаудың аясында өрбігенімен, әрқайсысы адамзаттың заманға сай ізденістерін қанағаттандыруға, мақсаттарын қамтамасыз етуге бет түзеді және осыған сай түпмазмұндары мен практикаға бет бұрған парадигмалары да әртүрлі болды.

Бұл жерде біз қозғап отырған «өмірдің практикалық жақтарымен байланысын нығайту үшін бүгінгі философия өзінің алдына қандай тұғырлы міндеттер қоя алады деген» мәселенің өзі мынадай алғы сауалдарды тудырады: «Философия қоғамдық өмірмен тікелей байланысты болуы міндетті ме; байланысты болған философия өзінің мәртебесін төмендете ме, әлде өрістете ме; жалпы көпшілікке арналған философия құру керек пе, әлде

жалпы көпшілік талап етіп отырған рухани-танымдық сұранысты қанағаттандыратын философиялық тұрғыны оған ыңғайластыру қажет пе; оның жүйесін қалай жасауға болады». Осы түйткілдерден туындайтын «бұл метафизикалық мәселелердің өзін практикалық метафизикаға қалай айналдыруға болады» немесе «философияның қоғамдық өмірдегі беделі жоғалып бара жатыр» деген постмодерндік сарынның тірелер жері қандай шектеулермен шешімін табады» деген сауалдардың өзі, біздіңше, философиядан қоғамдық өмірге қарай емес, нақ сол өмірдің өзінен философияға қарай бетбұрыспен ой қозғалысына енген сәтте бұл ғылым өзінің шынайы мағынасы мен міндеттеріне, қызметтеріне қарай жуықтайды. Сондықтан ең басты мәселе, философияны қоғамдық-практикалық өмірден алшақтату не үшін қажет болды және ол несімен «құнды», ал оны керісінше практикалық философияға айналдыру бүгінгі таңда қандай нәтижелер бере алады болуға тиіс. Себебі қазіргі кездегі және біздің еліміздегі философияға деген қоғамдық көзқарас, көп жағдайда философияның заман шындығын ашып беруін және идеологиялық ақиқаттармен, әлеуметтік мифтермен қалай өмір сүруге болатындығын-болмайтындығын талап етуде. Демек, философиялық шешімдерге деген қоғамдық сананың сұранысы философияның оған деген өз жауабын өзі күтуімен келіп шартталады.

Әлемдік философиялық дискурс аясындағы отандық практикалық философия мәселелері

Философиядағы танымдық дәстүрлерді отандық философтар да тиянақтай түседі. Философ Аманжол Қасабек: «Философиялық танымның анықтаушы факторы өзімен-өзі құндылықтың ыңғайы емес, практикалық іс-әрекет болып табылады», – деп пайымдаса, философ Жақан Молдабеков «Философия практикалық қызметтің функционал құрамдас бөлімі, ойланудың практикалық бағдарын бейнелеп іріктейді, білімнің практикалық функциясынан туындайды, философия қызметтің түрі ретінде заттық дүниенің құрылымы мен

қызметтерін анықтайды, ойланудың практикалық ұстанымдарымен үйлес келеді.», – деп ой қорытады.

Осыған байланысты, қазіргі таңдағы философия өзінің жаңа міндеттерін өзі айқындауға тиіс. Ендеше, әлемдегі және қазіргі еліміздегі философия ғылымының практикалық философияға бетбұрыс арнасындағы мәселелер легінің кейбір бағдарларын былайша ұсынуымызға болады. Ол өз кезегінде: «қоғамдық әлеуметтік өмірдегі философияның беделін қалай көтермелеуге болады, философия практикалық мәселелерді шешуде қандай бағдар ұстанады, қоғамдық санадағы философияға деген қызығушылықты қалай арттыруға болады» деген зердеге ыңғайластырылған жауаптар төңірегінде өрбиді.

Футурологиялық философия саласына көңіл қою. Философияның болжалдық қызметіне баса назар аудара отырып, келешек туралы нәтижелі зерттеулер жүргізу. Философия өз заманының ізінен емес, керісінше, одан озық жүруге тиіс және сол дәуірдегі заманның бейнесін сипаттап қоюмен ғана шектелмеуі қажет. Болашақ туралы модельдер ұсыну алыстағы көкжиектің елестетілген көріністерінен бастап, мемлекетіміз бен ұлтымыздың дамуындағы болуы ықтимал жағымды-бейтарап-жағымсыз құбылыстарды болжай білу жауапкершілігін «өз мойнына» алуға тиіс. Оның өзектілігі хақындағы бір ғана мысал, жақын болашақ бойынша біз неге еліміздегі терроризм мен экстремизмнің таралу қаупін болжамадық немесе болжай алмадық. Ендеше, келесі кезекте, «бұл жағымсыз беталыс болашақта қандай мәнге ие болады, оның алдын-алу шараларын қалай тиімді жүргізе аламыз» деген мәселелерге жауап табу көзделуге тиіс. Болашақтануды фантаст-жазушылар мен мистик-көріпкелдер кәсібіне айналдырып та үлгерген, тіпті бұл салада олар философиядан көш ілгері келеді немесе жаратылыстану мамандары да келешектегі адамзат қоғамының даму желісінің модельдерін құрастыруда. Мысалы, «Ауа саудагері» романындағы негізгі сюжет бүгін шындыққа айналып отыр, кезінде бұл адам таңқаларлық оқиға болатын. Әрине, философияда футурологиялық бағдарлау мүлде жоқ та емес. 1970 жылдардағы Рим клубы алаңдаған мәселелердің оптимистік болжамдары мен нақты ұсыныстары бүгінгі адамзат қоғамы тарапынан 40-50 жыл өткен соң ғана қолдау тауып отыр – әлем

халқы жасыл экономикаға, табиғи баламалы қуат көздерін жан-жақты іздестіруге бет бұрды, аталған қозғалыс бұл жолы алдынала ғылыми болжамдар жасады, нәтижесінде, реті келгенде қолдана салатын идеялық модельдер дайын тұрды. Олай болса, бүгінгі таңда Қазақстанда да алыс және жақын болашақты зерттейтін *арнайы футурологиялық ғылыми-зерттеу институты құрылуға тиіс*, ол өз кезегінде, барлық ғалымды топтастыратын ғылыми бағдарлама тұрпатында жүзеге асуы қажет. Еліміздегі тек саяси-экономикалық саламен шектелетін стратегиялық зерттеулер оның аясына ендірілуі қажет.

Қазіргі ғылыми білімде, қоғамдық сана мен қоғамдық пікірлерде «танымның таң қалу аясы» шектелді (ешкім ешнәрсеге таң қалмайтын беталыс). Осы тұста эзотерия мен мистика қарай бағытталған бетбұрыс арналары, сонымен бірге қоғамдық теориялық санада да көрініс табуда. Мұндай танымдық беталыс пен сезімдік қызығушылыққа орай, философия өз кезегінде, мистиканың ішкі мағынасы мен мазмұнын түсіндіруге бағытталуын өзінің міндеттерінің бірі ретінде есептеуі қажет. Қазіргі кездегі ғылыми және ғылыми емес білімдердің әдіснамалық интеграциясы, көп жағдайда, әлі күнге дейін қатаң позитивизм мен қасаң логоцентризмнің аясынан шыға алмай келеді. Ендеше, философия ғылыми танымды ғылыми емес білімдерге деген кемсітушілік көзқарастарынан арылтып, екеуінің табиғи-тарихи тұрғыдан тең құқықтығын жариялап, ғылыми емес білімдердің өзін емес, *олардың қоғамдық өмірдегі жүзеге асқан оңды нәтижесі мен тиімді практикалық мәнділігі арқылы әйгілеуге мүмкіндіктер жасауға тиіс* және түпмәнін ашатын түсіндірмелер жүргізуі қажет.

Бүгінгі таңдағы философияның беделінің түсірілуіне бағытталған ықпалдардың бірі – экстернализм, әсіресе, оның саяси қыры. Қазіргі кезде философия теологияның да, саясаттың да қызметшісі болу дәуірін артқа тастады. Ол саяси жалған мақсаттарды жүзеге асырудың құралы болу жүктемесін орындай алмайтындығын «жуық арадағы» совет дәуірі-ақ дәлелдеп берді. Бірақ табиғи эволюцияның өз ішінен қайнап шыққан идеологияның құралы қызметін атқаруға бір қырынан алғанда, ол – тиісті. Мысалы, еліміздегі ұлттық идеяны өрістету немесе рухани дағдарыстарды тежеу мен оның алдын-алу

тұжырымдамасын жасау мәселесі. Осыған байланысты, философия қиюласқан сан түрлі идеологиялар кеңістігі мен әлеуметтік мифтер алаңынан салыстырмалы түрде болса да, «ақиқатты» аршып алу жолында верификациялау жүргізуі қажет: ақиқат пен миф арасын дихотомиялау. Осы бағдарды сала бойынша философ Серік Нұрмұратов: «Қазақстандағы қазіргі философияның алдында жаңа әлеуметтік және саяси шындықтың күрделі мағынасын ашу, өтпелі кезеңнің қайшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау сияқты күрделі міндеттер тұр» – деп нақтылай түседі

Алайда плюрализм, релятивизм, конвенционализм, прагматизм сияқты бағыттар ақиқаттың салыстырмалылығын үздіксіз қайталауда, *бірақ философ сол дәуірдің заманауи рухани сұранысын табуға және оны қанағаттандыруға қабілетті болып тағайындалғандығын* естен шығармауымыз керек.

Қоғамдағы маңызды мәселелерді шешудің практикалық жақтарына баса назар аудару да маңызды ахуалдардың бірі. Философиялық зерттеулерде қозғалып жүрген мәселенің өзектілігі, практикалық маңыздылығы, бүгінгі күнгі мәні сияқты арналар, шындығында, бүгінгі қоғамдық өмірмен қаншалықты деңгейде байланысты болып отыр? Ендеше, ол қоғамдағы әлеуметтік мәселелер, мемлекеттік деңгейдегі қайшылықтар, жалпыадамзатты алаңдатып отырған түйткілдер тізбегін құрып, оларды шешумен жүйелі түрде айналысуы керек. Мысалы, еліміздегі жасөспірімдер арасынан әлемде алдыңғы орынға шығып отырған суицид, көп талқыланып, бірақ нақты тұжырымдамасы ұсынылмаған ұлттық идея, Жаңаөзендегі қақтығыс, Қаңтар оқиғасы мәселелерін шешуде бүгініміздің философының белсенділігі қандай дәрежеде екені де ой саларлық жағдаят. Олай болса, әлеуметтік жауапкершілік пен деонтология тұрғысынан келгенде, философия бұл мәселелерден өзін оқшаулай алмай қалады. Себебі философияның жауапкершілігі ғылым мен тұлғаның жауапкершілігіне қарағанда айтарлықтай маңызды мәселе.

Сондықтан философтар ұсынған ұстанымдар, тұжырымдар, пікірлер «мемлекеттік деңгейде іске аса ма, саясатымыз оны қолдай ма-қолдамай ма?» – мәселе онда емес, философия, алдымен, өзекті түйткілдердің «себептерін табу – шешу –

ұсыныс» шарттарымен «әдіснамалық – теориялық – практикалық» тұжырымдамасын ғылыми бағдарлама негізінде жасап беруі қажет. Мысалы, бүгінгі таңда елімізге арнап, «Қазіргі заманғы қазақ азаматы» (ол қандай болуға тиіс), «Қазақ қоғамындағы рухани-мәдени төңкеріс» (ілім-білім, мораль, дәстүршілдік) сияқты тұжырымдамаларды жасау мен оны ресми-ресми емес түрде ұсыну кезек күттірмейтін мәселелер тәрізді. Осы орайда, философ Жақан Молдабековтің еңбектеріндегі еліміздегі философиялық дискурс алаңын құру мен олардың кәсіби қауымдастығы туралы ой қозғаған ұстанымдарын негізге алсақ, бізді алдағы уақытта: отандық философияны одан әрі дамыту және оның маңыздылығын қоғам алдында дәлелдеу, философтардың бірлестігі мен қауымдастығын құру және олардың циклды түрде нақты заманауи шешімдер шығарып отыруы, ғылыми бағдарламалар бойынша бірлесіп жұмыс жасау және қоғамымыздағы шешімін тез табуға тиіс мәселелер алаңын қалыптастыру, совет үкіметі тұсында орныққан әлемдік философиялық ой кеңістігінен оқшауланудың зардаптарын жою және философияның жаңа міндеттерінің жобасын жасау сияқты іргелі жұмыстар күтіп тұрған сыңайлы.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін біздің қоғамымызда да философияға деген шынайы қажеттілік – шешімін табуға тиіс өзекті талқыланып жүрген мәселелер арқылы бірте-бірте артып келеді: «Жаһандану жағдайындағы Қазақстан» (1991 жылдардан бастап), «Ұлттық идеяны өркендетудің жалпылама жобаларын жасау және бірегейлену» (1995 жылдардан бастап), «Экстремизм мен терроризмге қарсы күрес шараларының бағдарламасын құру» (2005 жылдардан бастап) секілді күн тәртібіне шыққан сауалдар философияның қажетсіз ғылым емес екенін дәйектеп берді.

Сонымен бірге әлемдік философияның алдында да оның практикалық саласы қолға алуға тиіс мәселелер тізбегін бағдарлауымызға болады: *«жаһандық рухани мәселелер философиясы» (жаһандық мәселелер философиясымен ұқсатылған кейінде) саласын туындату және дамыту, «XXI ғасыр парадокстарын» шешу, «адамзат дамуының жаңа бағдарламасын құру – жаңа өмір салтының кепілі» деген ұстаным бойынша ғұмыр кешудің парадигмасын түбегейлі*

өзгерту. Кейінгі уақыттағы «Жаңа солшылдар» (Маркузе, Дебре, Фанон және т.б.), «Жаңа философтар» (Глюксман, Б.А. Леви, Ж.П. Долле, Г. Лярдо және т.б.), постмодернистер жалпыадамзаттық мәселелерді шешуден гөрі оны талқылауға көбірек назар аударды және психологиялық ықпалдар арқылы қоғам дамуын өздері ойлағандай арнаға жетелегендей болып көрінді. Философияның жаңа міндеттері және олардың өзектілігінің иерархиясының өзі жылжымалы (динамикалы), орындары ауысып, құбылып та отыруы ықтимал. Сондықтан бүгінгі философияға икемділік пен бейімделгіштік (мобильділік) сапа да тән болуы қажет.

Практикалық философия дискурсы: әдіснамалық-теориялық бағдарлар

Қандай философиялық бағыт практикалық? Барлық философиялық бағыт та практикаға бет бұрып бара жатқан «практикалық», сондықтан да олардың градацияларын былайша тиянақтап көрсетуге болады: а) гедонистер, киниктер, сопылар – практиканы өз призмасынан өткізіп өз ілімдерін дәйектеушілер ә) софистер, перфекционистер, психоаналитиктер – философиялық тәсілдерді нақты өмірде қолданушылар; б) марксистер, экзистенциалистер (экзистенциалды психоаналитиктер), прагматистер – практикасын әлеуметтендірушілер, яғни, тұтас қоғамдық өмірге қолданушылар; в) қазіргі заманғы философиядағы жаңа арналар: саясат философиясы, бизнес философиясы, білім беру философиясы, сана философиясы, экологиялық философия.

Философия Аристотельдің көзқарасы бойынша: теориялық – мақсаты «білім – білім үшін», практикалық – мақсаты «білім қызмет үшін», нойетикалық (шығармашылық) – мақсаты «білім шығармашылық үшін». Теориялық философия: физикалық-математикалық және алғашқы философияға бөлінеді. Практикалық философияға этика мен саясат жатады, нойетикалыққа — шешендік өнер мен саясат жатады. Логика – жеке дара ғылым емес, ал пропедевтика барлығының жиынтығынан құралады.

Шеллинг интеллектіні теориялық және құлықтылықты-практикалық деп бөліп, бұларды теориялық және практикалық философия аймағында қарастыру керектігін негіздеді. Интеллект бір сәтте көшіруші және туғызушы болса, объектіні туғызатын шығармашылық және оны көшіретін – интеллектуал интуиция қалыптасады дейді. Теориялық философияның жүйесі «интеллект әлемді қалай таниды» деген мәселе аясында болса, практикалық философия «практикалық интеллект бұл әлемді қалай тәртіпке келтіреді» болуы тиіс дейді.

Практикалық философияның әдіснамалық бағдарлары философиялық бағыттар мен тұжырымдамалардан туындап жатады. Мәселен, прагматизм, феноменология, психоанализ, примитивизм, аналитикалық философия, герменевтика, логика, әсіресе, сыни ойлау-креативті ойлау, постмодернизм, білім мен білім беру философиясы, экзистенциализм. Мысалы, лингвистикалық философиядағы Уильям Оккамның ізімен артық сөйлемдер мен сөздерді қолданбау тұрғысындағы «ұстарасы», примитивизмдегі – Эрнст Махтың «ойды үнемдеу» қағидасы, герменевтикадағы – түсіндіру мен түсіну, феноменологиядағы – санадағы түсініктердің өзіне үңілу, логикадағы – логикалық заңдар мен дұрыс ойлау, креатив сыни ойлаудағы – білім алушының өз ойын туындатуға мүмкіндік беру, постмодернизмдегі – ойлау еркіндігі және стереотиптік ойлауды бұзуға берілген мүмкіндіктер, білім беру философиясындағы реформалық бағыттар – білімнің экзистенциалдық мәні, субъект-субъект қатынастары, прагматизмдегі – өзінің ойын өзгелерге таңбай, білім алушыларға шығармашылық мүмкіндік беру.

Біз қарастырып отырған практикалық философияда мынадай константтарды, яғни, тұрақты және ара жігін ашып алуды қажет ететін үдерістер бар: алдымен, а) *таза практикалық философияның өзі* – аскеттік, гедонистік, перфекционистік сыпатындағы бағыттар; ә) *жалпы философиялық білімдерді практикада (күнделікті өмірде) қолдану* – этика, эстетика, логика б) *философиялық білімдерді практикада қолданудың теориясы* – қалай қолдану керектігінің әдіснамасы мен бағдарлары, тұрғылары, амалдары мен білім және білім беру философиясы в) *философиялық білімдерді практикада қолданудың практикасы (үйрету, дағдыландыру)* – педагогикадағы, әдістемедегі әдістер;

г) осы әдістерді жетілдірудің де теориясы мен практикасы туралы теориялар – сыни ойлау, креатив ойлау, шешімдер қабылдау; ғ) осы практика туралы теорияларға эксперименттер жасау – тренингтер, таза қолданбалық тәжірибелер, психоанализ, психотерапия. Бұл тізбектер бір-біріне ұқсағанмен, мәні мен қолданбалылығы жағынан әрқилы. Мәселен, оны былайша нақтыландыруға болады: «таза практикалық философияның өзін» «философиялық білімдерді практикада қолданудың практикасына» айналдыруға болады, сайып келгенде, «таза практикалық философияның өзі» «осы практика туралы теорияларға эксперименттер жасауға» өтуі тиіс. Яғни, практикалық емес барлық – онтологиялық, эпистемологиялық, аксиологиялық, теологиялық, тіпті космологиялық философиялық мәселені «философиялық білімдерді практикада қолданудың практикасына (үйрету, дағдыландыру)» айналдыруға болады. Біз қарастырып отырған практикалық философия мен дизайн ойлаудың негізгі мақсаттарының бірі де осы.

Ал герменевтикалық тұрғыдан келгенде, түсіндірудің өзінің практикасының сатыларын ұсынуға болады: «Мәтіндер – мәтіндерді теориялық тұрғыдан меңгеру – мәтіндерді күнделікті тілге аудару немесе қарапайымдандыру – мәтіндерді түсіндіру теориясы мен технологиялары – теорияны қолданудың практикасының теориясы – практикасының теориясы арқылы оны қолдану, яғни, пайдалану – тексеру нәтижелері».

Кері байланыс

1. Антик дәуіріндегі практикалық философия бастауларын көрсетіңіз.

2. Практикалық философия туралы пайымдаған отандық философтардың пікірлерін дәйектеніз.

3. Еліміздегі өзекті әлеуметтік мәселелерді философиялық тұрғыдан талдау аясын айтып беріңіз.

4. Практикалық философия теориясында қандай философиялық бағыттар маңызды екенін талдаңыз.

5. Практикалық философиядағы қарапайым идеялары бағытын қолдаушылардың идеяларын талдаңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қасабек А.Қ. Рухани құндылық пен сабақтастық философиясы // Заманауи түркі әлемінің рухани құндылықтары. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 4–7 б.

2. Молдабеков Ж. Қазақтану мен жаңару философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.

3. Нұрмұратов С. Философиялық дәстүрдің қазіргі замандағы түркі әлемінде өрбуінің кейбір қырлары // Заманауи түркі әлемінің рухани құндылықтары. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 39–44 б.

4. Абдирайымова А.С., Мырзалы С.К. Рухани-адамгершілік дағдарыс: себептері мен одан шығу жолдары // Шулембаевские чтения. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012. – 334–337 б.

Аташ Б.М. Практикалық философияның теориясы: мәселелер ауқымы мен деонтология // Қазіргі әлемдегі философия. І Қазақстандық философиялық конгресс материалдары.-Алматы, 2013. – 620-627 б.

3-ДӘРІС.

ПРАКТИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ: МЕТАФИЗИКА, БІЛІМ ТЕОРИЯСЫ, ЛОГИКА

1. Метафизиканың практикалық философиясы мен қазіргі заманғы теориялар
2. Қазіргі заманғы білім мәселесі және оның өзекті қырлары
3. Логика – дұрыс ойлау өнері: тұрмыстық және ғылыми таным аясында

Метафизиканың практикалық философиясы мен қазіргі заманғы теориялар

Практикалық философияда қарастырылатын мәселелер, оның өзектілігі, негізгі түйіні, қоғамдық өмірге қатынасы тұрғысынан қарастырылатын болғандықтан, метафизика және оның мәселелері бізге қалай қызмет етеді, оның маңыздылығы неде деген сауалдарға жауап іздейді. Бұл тұста, алдымен метафизика ілімінің негізгі мәселелеріне тоқталып өтуіміз керек.

Метафизика – таным теориясынан өзге барлық философиялық мәселені жолға қойған, физикалықтан тыс деген мағынаны білдіретін философия саласы. «Мета» деген жұрнақ арқылы оның физикадан үстем екені және физикалық денелердің жалпы табиғатын зерттейтіндігі бағамдалады. Яғни, әлемдегі барлық материалдық нәрсе физикалық дене болса, олардың жалпы мағынасын, ішкі мәнін, заңдылықтарын жалпылап, одан тыс тұратын руханилықты зерделеу қажет деген ой түрткіден пайда болған. Осыдан метафизиканың бірнеше түрін ажыратып алу қажеттігі туындайды: спекулятив метафизика – жалпыға ортақ жоғарғы қағиданы негізге алып, жалпы шындықты түйіндеуге және түсіндіруге ұмтылғанмен, ойдың күрделілігі мен тым жалпылығы арқылы өзінен-өзі ұғынықты мәселелерді қайталаумен әуре болып кетеді деген бағалау бойынша көбінесе жағымсыз мағынада қолданылады. Индуктив метафизика – барлық жеке ғылым нәтижелеріне жалпы шолу арқылы әлем суреттемесін ұсынуға бағдарланады да, жинақтау мен жалпылау

арқылы эмбебап қорытындылар жасайды. Метафизиканың зерттеу пәні: болмыс, ештеңе, еркіндік, құдай, ақиқат, жан, рух, табиғат. XIX ғасырда қалыптасқан позитивизм ағымы метафизиканың пәнін жоққа шығарып, оларды мәңгі шешілмейтін жалған түйткілдер деп түсіндіреді.

Қазірдің өзінде метафизиканың атауы, ол шектеулі, алдын-ала тәжірибесі бар пән саласымен айналыспайтын ғылым ретінде белгіленеді, ол өзінің соңғы және шектен тыс негіздеріне эмпирикалық-физикалық тұрғыдан енуі керек [Hintergründen]. Соңғысы мүмкін тәжірибенің екінші жағында болғандықтан, метафизика эмпирикалық ғылымға рұқсат етілгендей нақты нәтижелерді көрсете алмайды және осылайша өзінің әдіснамалық іс-әрекетін одан әрі ақтай алмайды. Метафизика ешқашан оның «тақырыбына» (кең мағынада) кірмейді, сондықтан оның нақты нәтижесін немесе оның тек негізгі мүмкіндігін эмпирикалық түрде растауға болады. Оның «тақырыбы» тек метафизикалық ойлау арқылы тақырыптық сипатқа ие болады, бірақ ешқашан эмпирикалық емес болып табылатын пәндік шындық. Демек, эмпирикалық ғылымдардан айырмашылығы, пәннің берілуі әдіс арқылы анықтала алады. Сондықтан метафизика, мүмкін болса, оның өзін-өзі негіздеудің алғашқы қадамынан бастап өз әдісін ақтауға, оның тәсілін және одан әрі әрекет ету тәсілін нақтылауға міндетті.

Оның әдісін негіздеу мен қамтамасыз етуді басқа ғылымдардан немесе ғылыми теориялардан күтуге болмайды. Бұл бірінші философия деп түсініледі, ол барлық нәрсені және біздің болмыс туралы білімімізді бірінші, ең алғашқы негізден табуы керек. Ол барлық басқа білімге арналған негізгі ғылым және ол кез келген нәрсені қамтитын толық ғылым. Бірақ осылайша ол өзінің жеке тақырыбы болып табылады және барлық басқа ғылымдардан ерекшеленеді.

Метафизика – бұл тұтас ғылым, ол барлық нәрсеге таралады, сондықтан ол өзін өзінің мәні бойынша түсінуге, өз мүмкіндігінде өзін негіздеуге міндетті. Бұл негізгі ғылым, өйткені ол барлық нәрсенің соңғы негізін және болмыс туралы білімімізді түсінуі керек. Сондықтан ол өзіне қол жетімді емес болжамдар жасай алмайды. Метафизиканың мүмкіндігі туралы мәселе метафизикалық мәселе болып саналады. Дегенмен оның

мүмкіндігі тақырыпқа сәйкес келетін әдіс мүмкіндігімен құрылғандықтан, метафизика әдісі туралы мәселе қазірдің өзінде метафизикалық мәселе болып есептеледі; ол өз міндеттерінің шеңберіне кіреді. Осыдан метафизика әдісінің сыни рефлексив анықтамасы метафизиканың пәндік өзін-өзі негіздеуімен сәйкес келеді, оны оның мүмкіндігінің негізінен түсінуге және оның әрекет ету тәсілімен ақтауға болады.

Сондықтан да метафизика мен метафизикалық ойлауды толықтай түсіну үшін практикалық философияда мынадай мәселелер аясын қарастыру керек: Метафизикалық мәселелердің қойылуы; Метафизиканың даму тарихы; Аристотельдің Метафизикасы; Метафизиканың формалары ; Метафизика және онтология; Огюст Конттың метафизиканы сынау; Спекулятив метафизика; Ойдың күрделілігі мен тым жалпылығы; Примитивизм; Схоластика және метафизика; Метафизиканың зерттеу пәні: болмыс, ештеңе, еркіндік, құдай, ақиқат, жан, рух, табиғат; Метафизика және мистик; Позитивизм, неопозитивизм, постмодернизмнің метафизиканы сынауы; Мифология, мистика, оккультизм және метафизика; Нарратив білімдер; Абсолют рух пен ақиқат мәселесі; Постметафизикалық ойлау; Софистика және метафизика


Кейінгі уақыттарда метафизика жалған мәселелер емес, ол жаратылыстану ғылымдары тұрғысынан кейбір ұғымдары реалданатын бағыт ретінде ұғынылып келеді. Ол: Бейсызықтық физика және метафизикалық түсініктер; Әлем голограмма ретінде; Метафизика және шынайы өмір; Метафизика және кванттық физика мәселелері бойынша тиянақталады.

Қазіргі заманғы білім мәселесі және оның өзекті қырлары

Білім түсінігі, құрылымы, табиғаты, түрлері. Таным белгілі бір білімдерді жинақтауды қажет етеді және ол танымның ең түпкі, нақты нәтижесі болып табылады. Білім дегеніміз – адам ойлауындағы шындықтың бейнелеуіндегі таным нәтижелерінің тәжірибемен тексерілуі. Білім заманауи эпистемологияда адамның көзін жеткізу үшін рационал және айғақтармен

дәйектелген қызметтің шынайы көрінісі деп есептеледі. Жеке адамның білімі қандай да бір мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін ақпараттарды игеру болып саналады. Білімге қарама-қарсы үдеріс – білімсіздік (надандық) және сенім. Кең мағынасында алғанда, білім ұғымдар мен түсініктер формасындағы шынайы субъектінің келбеті.

БІЛІМ БЕРУ ФИЛОСОФИЯСЫ



Білім басқа бір таңба формасында, белгілер жүйесінде немесе тіл арқылы көрініс табады, тіркеледі, объективтендіріледі. Сондай-ақ ол тек теориялық қана емес, сезімдік формада да болуы мүмкін. Білім тек қана ғылыммен шектеліп қалмайды, ол философия, саясат, дін, мифология сияқты қоғамдық сананың формаларында да сақталады және білімнің белгілі бір өзіндік ерекшелігіне сай құрылымданады. Тарихи тұрғыдан келгенде, ең түпкі, алғашқы білімдер ойыннан пайда болғандығы туралы айтылады. Онда шартты ережелер мен мақсаттар қойылады, күнделікті тұрмыстан үстем және пайданы көздемейтін ойынның белгілі бір ережесіне бағынатын қызмет пайда болады. Ойын элементтері серіктесін алдау немесе құпия ойлар арқылы да жүзеге асады. Білім оқыту мен дамытушы сипат алады, адамның мүмкіндіктерінің сапасын ашады, психологиялық қатынастар шеңберін кеңейтеді.

Білімді шартты түрде: ғылыми, ғылыми емес, көркемдік-танымдық, күнделікті-тұрмыстық, интуитивтік, дәстүрлі

сенімдер мен діни, формальданған, айқын емес, экзотериялық және эзотериялық деп ажыратады.

Ғылыми білім рационалдылыққа, әмбебаптылыққа, жалпы мағынаға, объективтілікке ие болады. Ғылыми білімдер – ресми түрде ғылымдарда пайдаланылатын білім, ол ғылыми зерттеулер арқылы арнасын кеңейте беретін мол білім қорлары болып саналады. Ғылыми білімге дәстүрлі теориялық білімдер, әсіресе, академиялық парадигмалар мен классикалық тұғырларға негізделген ақпараттар жатқызылса, *ғылыми емес білімге*: жалған ғылымдар (астрология, алхимия), діни сенімдер негізінде жинақталған ілімдер, қарапайым тұрмыстық түсініктер жатады.

Күнделікті-тұрмыстық білім – адамзат тарихының бұрынғы дәуірінде қалыптасқан және қоршаған орта мен табиғат жөнінде тым қарапайым мәліметтер береді (ырымдар, өсиеттер, ұсыныстар, жеке тәжірибелер, дәстүрлер), бірақ жүйесіз, дәйексіз, жазбасыз сипат алған. Күнделікті білім адамның табиғатта бағдарлануына әсер етеді, күнделікті мінез-құлқы мен алдын-ала көре білуін де қамтиды, бірақ әдетте қайшылықтар мен қателіктерге де ұрынуы мүмкін. Сократ білімдерді қайта байыптауға, оны жеке құндылық ретінде бағалауға айрықша үлес қосты. «Менің білетінім бір-ақ нәрсе, ол өзімнің ешнәрсе білмейтіндігім» деп тұжырымдаған ойшыл «білу», «білмеу», «білім», «білместік» мәселелерін білім аясында қозғап отыр. Күнделікті-тұрмыстық білімдерге айқынсыз білімдер де жатқызылады.

Күнделікті-қарапайым білімдер, алдын-ала дәлелдеуді қажет етпейтін және жүйесіз білімдер. Ол көбіне жазба мәдениетке қатыссыз, ауызша тарайды. Мысалы, ырым-тиымдар, табулар. Олардың ғылыми дәйектемелері болмаса да, көпшілік санада оңды, маңызды, тиімді канондар ретінде қабылданады. Себебі олардың көпшілігі көне ұмытылған діндер мен діни сенімдердің сарқыншақтары.

Дәстүрлі сенімдер – кейбірінің шығу төркіні белгісіз, кейбірі ежелгі діни мистикалық сенімдер синтезінен, тәжірибеден сұрыпталып шыққан білімдер жүйесі, ырым-тиымдар, дүниеге көзқарастар, арнаулы ілімдер болса, ырым-тиымдар – көбіне этикалық, гигиеналық, этикеттік түсініктер жүйесін құрайтын тәжірибелік-ережелік сенімдер.

Діни білімдер. Дінге қатысты барлық ақпарат пен кітаби қайнарлар. Мысалы, оның нақты мәтіндік қайнарлары ретінде: Исламдағы – Құран мен хадистердің, Христиандағы – Жаңа өсиеттің, Буддизмдегі – Трипитаканың мазмұндарын атап өтуге болады. Олар да білім қорлары ретінде бағаланады. Сондай-ақ әрбір дінді теориялық және тәжірибелік тұрғыда негіздейтін – идеологиялық, апологетикалық, насихаттық, философиялық, тәжірибелік ресми институттары, сол дін пайда болғаннан бастап, бүгінгі күнге дейін сабақтасқан өзіндік бір білімдер жүйесін құрайды.

Айқын емес білімдер – өзгелерге үйрету, оларға беру тек дағыдылар арқылы ғана мүмкін болатын тәжірибелік білімдер (мәселен, велосипед тебу). Жеке тәжірибе де білім алудың бір тәсілі. Адамдар білімді өздерінің жеке тәжірибелері, бақылаулары бойынша да, өмірдің әр түрлі жағдайларында бастан кешкендері арқылы да ала алады. Мәселен, кез келген жаңа құрылғыны пайдалануды игеру, үйрену. Өзгелермен қарым-қатынас та білім алудың бір тәсілі. Адам тәжірибе, жаңа идеяларды білу үшін басқа да адамдармен араласады. Осы араласу нәтижесінде, күнделікті-қарапайым, айқын емес, тіпті ғылыми білім алмасулары (алу-беру) қатар жүріп отырады.

Формальданған білімдер: құжаттар, электронды тасымалдаушылар, интернет, білім базасы туралы біліктілік пен дағды, ақпараттарды игеру сияқтылар құрайды. Бұл білімдерді басқарумен, автоматтандырумен, цифрландырумен, компьютерлендірумен тікелей қатысты болып келеді.

Білім қазіргі таңда білімдерді басқару институты арқылы жүзеге асады. Білімдерді басқару – білімдерді туғызу, жинау, сыртқа шығару, жинақтау, сақтау, өңдеу, ұсыну тәсілдерін зерттейді және оны ұйымдарда пайдалану мен таратуды қарастырады. Білім өзіне-өзі қатысты және қайталамалы түрде қолдануға тағайындалған.

VII ғасырда «білім артық па, мал артық па?» деген сауалға Әзірет Әлінің берілген жауабы, білімнің шынайы этикалық мағынасын поэтикалық түрде ашып береді: «Білім артық, өйткені ол сені бағады, ал байлықты сен бағасың; Білім досыңды, ал байлық дұшпанды көбейтеді; Білім іздей берсең көбейеді, оны жұмсағаннан азаймайды; Білім артық оны ұрыдан сақтаудың керегі жоқ, ал жиған байлығыңды ұрыдан күнде қорғауың керек;

Білімнің көп болса, сені құрметтейді, байлығың көп болса, сені қызғанады; Білімнің көп болғанмен, оған есеп-қисап жүргізбейсің, байлығыңа ұдай есеп жүргізіп отыру керек; Білім қанша көп болса да, іріп-шіріп бүлінбейді, дүние-байлық бүлінеді; Білім артық, ол жаныңды байытады, байлық ішкі жан дүниенді шектейді, өзінді тура жолдан тайдыруы мүмкін; Білімді адам орнымен сөйлейді, байлығы мол адам оған мас болып, мақтанады, астамшылық көрсетеді».

Білімді қайталамалы түрде қолдану оның өзгергіштігіне де байланысты болып келеді. Білімдерді басқару «контексттерге толы тәжірибеге негізделген ақпараттар формасы» ретінде түсіндіріледі.

Жасанды интеллект пен expertтік жүйелерде (компьютерлік құрылымдарда) білім технологиялық үрдістердің қатаң заңдылықтары мен есептеулері бойынша жүргізіледі, ол құрылымды және белсенді, тұрақты, бірқалыпты болып келеді. Ал оған жаңа ақпараттардың енгізілуі жаңа шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Ол нейротехнология желісінде ғана сақталады, ал expertтік білімдер қатаң логикалық жүйемен жұмыс жасайды, қателеспейді, эмоционалды емес, адамның ойлауы мен интуициясына имитация жасайды.

Жанама білімдер – дәлелдеусіз және негіздеусіз тікелей қолжетімді болатын интуицияның өнімі. Көркемдік таным кезінде білімдер міндетті түрде ашылған, талданған, дәйектелген формада беріле бермейді, субъект үнемі оларды күрделі логикалық операциялармен қабылдау арқылы туындатпайды.

Білім беру. Білімді тасымалдаудың негізгі «тұрағы» – есте сақтау, жад. Білімді басқаларға және ұрпақтарға беру қажеттігінен оны «құжаттандыру» пайда болды. Ол жазу арқылы білімдерді жинақтау мен бекіту, тіркеу түрінде дами түсті. Білім – білім беру (білім алу) арқылы жүзеге асады, ол ресмиленген әлеуметтік институт ретінде бұрыннан-ақ қалыптасқан ағартушылық дәстүр. Білім беру арқылы адамдар формальды білімдер алды, олар білімнің әр түрлі саласына қатысты білім қорларынан сусындады. Ол арнайы мекемелер арқылы жүзеге асады: мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары. Бұл мәселені кеңінен «білім беру философиясы» мен «білім беру әлеуметтануы» қарастырады.

Логика – дұрыс ойлау өнері: тұрмыстық және ғылыми таным аясында

Ойлау үдеріс ретінде күрделі құбылыс, сондықтан оның ақиқатқа жету бағытындағы қызметі мен деңгейлері ойлаудың формалары арқылы жүріп отырады. Ойлау формалары – ойлау үдерісінің формальды ұйымдасуының түрлері мен тәсілдері, оның мазмұндық компоненттерінен абстракцияланған көрінісі болып есептеледі. Мұны логика ілімі зерттейді. Логика – формальды, диалектикалық, математикалық, көп мәнді логика секілді түрлерге ажыратылған болғанмен, жалпы көпшілік мойындаған ғылыми танымның баспалдағы ретінде формальды логика ұсынылады.

Формальды логика – ой формаларын, ұғымды, пікірді, ой түйіндеуді дәлелдеуді, ойлаудың құрылымдық жақтарын, оның мазмұны мен бөліктері және байланысының тек жалпы тәсілін жіктей отырып зерттейтін логика түрі, философия ғылымының саласы. Оның негізін салған б.з.д. IV ғасырларда өмір сүрген байырғы грек ойшылы Аристотель деп саналады, дегенмен бұл ілімнің бізге белгілі тарих бойынша түп бастаулары б.з.д. VIII-IV ғасырлардағы көне үндідегі «Нья» мектебінде зерделенген болатын.

Формальды логика логикалық түсініктерді, ойлау операцияларын (абстракциялау, анализ, синтез, салыстыру, ұқсату) зерттейді және логиканың заңдарын дәйектеп, қайшылықты пікірлерді таразылаумен шұғылданады. Формальды логиканың тұжырымға келу үшін, парасатты түйіндеулерді тиянақтау үшін қажетті сатысы мынадай категориялар жүйесі арқылы сатылап іске асады: «Ұғым – Пікір – Ой қорытындысы».

Ұғым – заттардың, құбылыстардың елеулі белгілерінің біркелкі жағын жалпылама түрде білдіретін теориялық таным формасы. Ұғымның сезімдік, көрнекілік формасы жоқ, ол сөз, атау күйінде ғана болмысты бейнелеудің концептісі. Оның сөз түріндегі жалпыламалығы бар бола отырып, елестер негізінде жинақталатын ой формасына айналады. Мәселен, Терек ұғымы, Өсімдік ұғымы, Табиғат ұғымы нақты сол нәрселер емес, соны білдіретін ойдағы атаулардың жиынтығы. Таным теориясында: белгілінетін (объект) және белгілейтін (сөз, таңба) екі элемент болатын болса, ұғым екіншісіне сәйкестенеді. Ұғым: жалпы және

жеке, нақты және абстрактілі, күрделі және қарапайым, тар және әрі кең болып бөлінеді.

Теориялық таным ұғымнан басталып, одан пікір құралады да, ол ой қорытындысын жасайды. Осы ой қорытындыларынан іргелі тұжырымдама немесе идея тиянақталады. Ұғымнан кейінгі келесі саты – пікір. Пікір – бір нәрсені қостау немесе терістеу бойынша құбылыстар арасында байланыс орнататын ұғымдар бірлігі. Мәселен, Жер шар формалы өз өсінен айнала қозғалатын планета, бұл – қолдаушы пікір. Күн планета емес, бұл – терістеуші пікір. Ал «Жерді планета деп есептейміз бе?» бұл пікірге мүлде жатпайды, себебі мұнда терістелу де, бекітілу де жоқ, тек сауал ғана.

Пікір – субъект мен предикаттан және дәнекерден тұрады. Субъект – пікірде не нәрсе туралы айтылып жатырғандығы, ал предикат – оның сипаты, дәнекер – байланыстырушы аралық буын Мәселен, жоғарыдағы келтірілген мысал бойынша: «Жер» – субъект, «өз өсінен айнала қозғалатын планета» оның сипаты болғандықтан – предикат. Егер де, пікір «жер дегеніміз» деп басталса, «дегеніміз» деген сөз – дәнекер болып саналады. Себебі ол субъект пен предикатты байланыстырып тұр.

Ой қорытындысы – бірнеше пікірден жаңа қорытынды шығаратын формальды логикалық тәсіл. Алғышарт пікірлерден қорытындыға ауысу логиканың белгілі бір ережесі бойынша жүзеге асады. Ол ойлау формасы қызметін атқарады, оның шеңберіндегі абстрактілі ойлау сатысында әлемді танып білуге жол ашылады. Сондықтан оның алғышарттары ақиқат болса, ой қорытындысы да ақиқат болуы керек. Мәселен, өте қарапайым ой қорытындысы: «Барлық металдар ток өткізеді; Алюминий металл; Олай болса, алюминий ток өткізеді» болып құрылады. Ол екі түрге бөлінеді; индуктив, дедуктив.

Логика тек ғылыми таными аясында ғана емес, тұрмыстық өмірде де қолданылады. Мәселен, ойлаудың операциялары күнделікті тұрмыстық тіл үшін де қажетті.

Ойлау операциялары – логика мен психология объектісі болатын ойлаумен ұғымдар арқылы жүргізілетін түрлі логикалық амал-тәсілдер: жалпылау, жүйелеу, топтау, салыстыру, талдау, жинақтау. Жалпылау – жеке ұғымды ортақ белгілері бойынша жинақталатын тектік ұғымына біріктіру. Мысалы, «жас емен ағашы – емен ағаш – (бұл жас еменге қарағанда жалпы, себебі,

оған жас та, кәрі ағаш та т.б. барлық емендер енеді) – өсімдік (бұл емен ағашына қарағанда жалпы, себебі, оған тек қана емен ағашы емес, бүкіл ағаштардың барлығымен қоса, биосферадағы өсімдік атаулы түгел енгізіледі) – табиғат (бұл өсімдікке қарағанда жалпы, себебі, бұл ұғымға тек өсімдіктер ғана емес, тірі организмдер мен өлі табиғат тұтаса енеді, бірақ өсімдік бұл жалпының құрамында сақталып тұрады) – әлем (тек табиғат қана емес, бүкіл ғарыш, галактика, сонымен бірге рухани дүние тұтасымен еніп кетеді және табиғат әлемнің бір бөлігі ретінде бұл ұғымның ішінде сақталып тұрады). Жалпылау шексіз емес, ол шеткі философиялық категорияларға барып тіреледі. Қарама-қарсы операция – шектеу, яғни, жалпы ұғымды жекелерге ажырату. Мәселен, «адам – студент – білімді студент ...» .

Кері байланыс

1. Метафизика мен физика арасындағы байланыс пен айырмшылықты көрсетіңіз.

2. Метафизика нені зерттейді, қарастырылатын негізгі мәселелері қандай екендігін дәйектеніз.

3. Білімнің қандай түрлері бар екендігін жіктеңіз

4. Ғылыми емес білімдердің маңызын көрсетіңіз.

5. Логиканың негізгі қағидалары мен ұғымдарын саралаңыз.

6. Тұрмыста, күнделікті тілде логика қалай қолданылатындығына мысалдар келтіріңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Энтони Кенни. Батыс философиясының жаңа тарихы, 1-том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 408 б.

2. Эмерих Корет. Основы Метафизики. Перевод В. Терлецкого Киев: «Тандем», 1998.

3. Emerich Coreth. Grundriss der Metaphysik. Innsbruck-Wien: Tyrolia-Verlag, 1994.

4. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: элеуметтік философиялық талдау. – Алматы, 2004

5. Ивин А.А. Дұрыс ойлау – өнер. – Алматы, 1994. – 96 б.

4-ДӘРІС.

ПРАКТИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕ САЛАЛАРЫ: ҚОЛДАНБАЛЫ ЭТИКА, МОРАЛЬ ФИЛОСОФИЯСЫ, ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ САЯСАТ ФИЛОСОФИЯСЫ

1. Практикалық философиядағы қолданбалы этика мәселесі
2. Моральдық философия және оның негізгі қағидалары
3. Құқық философиясының негізгі мәселелері
4. Саясат философиясы практикалық философияның негізгі мәселелерінің бірі

Практикалық философиядағы қолданбалы этика мәселесі

Қолданбалы этика – нақты моральдік таңдаулардағы, нормативтік этикадағы қалыптасқан қағидалар мен ережелердің, идеялардың қолданыс аясы мен жеке мәселелерін қарастырады. Оның негізгі салалары: биоэтика, компьютерлік этика, медициналық этика, кәсіби этика, құқықтық этика, әлеуметтік этика, саяси этика, экологиялық этика, іскерлік этикасы.

Биоэтика – медицина мен биологиядағы адам қызметінің адамшылық жақтарына баса назар аударатын бағыт. Тар мағынасында пациент пен дәрігер арасындағы этикалық қарым-қатынастар бойынша құрылымданады. Биология ғылымы мен медицинаның дамуына байланысты келелі, даулы, қайшылықты мәселелердің туындауынан пайда болған ахуалдарды талқылайды. Кең мағынасында, кез келген тірі ағзалардан бастап, адамға дейінгі әлеуметтік, экологиялық, медициналық, әлеуметтік-құқықтық мәселелерді зерттеуге қатысты бағыт. Бұл тұста, ғылым мен медицинаның дамуына байланысты философиялық мәселелер туындайды.

Әлеуметтік этика – қоғамдағы өмірге тікелей қатысты моральдік құбылыстар мен олардың қатынастарын зерттейтін сала. Жеке адамдық жағдайдан гөрі, әлеуметтік ахуалдардағы этикалық ережелердің сақталуы туралы пайымдайды, мәселен, соғыс, әділеттілік, жалпы адамзаттық моральдік құлдырау.

Контекстуал этика – нақты жағдайда қабылданған моральдік шешімдер адамшылықтың жалпы нормаларынан туындап шықпайды, сол жағдайға байланысты, яғни, контекске ғана қатысты болады деп санайтын бағыт. Яғни, моральдік нормалар мен қағидалар абстрактілі емес, сол кездегі тұтас жағдайды қамтиды: адамның мінез-кұлқы, бұрынғы жағдайлар, сол сәттегі адамның болмысы. Мәселен, жәбірленуші мен жәбірлеуші арасындағы сот жағдайында, жәбірлеушіге қатысты: бұрыннан екі тараптың арасындағы өшпенділіктің бар-жоқтығы, бұрынғы жасаған зұлымдық әрекеттеріне берілген жауаптар болуы мүмкін екені, сотталушының отбасылық жағдайы, көп балалы екендігі т.б. үнемі ресми түрде ескеріледі. Бұл тек сот жағдайында емес, кез-келген әлеуметтік ахуалда туындайтын контексттер және ол контексттер әрқилы, әр түрлі мазмұнда, әр түрлі кейіпте де бола береді. Мәселен, мүмкіндігі шектеулі жандарға да қоғамдық санада өздігінен «шартты» жеңілдіктер беріледі, оларға өзгелерге қайырымдылық жасау талап етілмейді, олардың жеңіл-желпі кемшіліктері де кешіріле береді.

Интуитивистік этика – XX ғасырдың басында пайда болған және мынадай екі нұсқада қарастырылады: аксиологиялық пен деонтологиялық. Бұл бағыт, әсіресе, XX ғасырдың 30 жылдарына дейін ағылшындық этикада үстемдік етті. Этикалық нормалар мен қағидалар рационал, дискурсив талқылаулар мен пікірталастар арқылы шешілмейді, ол интуитивті түрде қабылданады, адамдар ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін интуитивті түрде ажырата алады, олар тіптен болмаса, аксиомалық қағидаларға сүйеніледі, моральдік қағидалар өзінен-өзі түсінікті болып келеді деп санайды.

Этикадағы эмотивизм бағытында да этикалық нормалар мен қағидалар рационал түрде талқыланды, көп жағдайда эмоция басым рөл атқарады, этикалық пікірталастар ғана емес, нақты тәжірибе мен жағдайларда да қай тараптың эмоциясы өзгелерге, қарсы жаққа, тіпті сарапшыларға да күштірек ықпал ете алады, сол тараптікі «дұрыс» болып қабылданады, демек, этикалық таластарда эмоция шешім шығаруға күштірек ықпал ете алады. Мәселен, кішкентай баланың эмоциясына сәйкес, ол бала ата-ана немесе басқа да жасы үлкендер арасында өзінікін «дұрыс» қылып шығара алады. Осындай үлгі жасырын немесе

кейде ашық форматта ересектер арасында да белең алады, тіпті, құқықтық-соттық жүйелерде де белгілі бір басымдылық алуы ықтимал.

Консеквенционализм – (консеквент – салдар, нәтиже, қортындысы деген мағынада) – адамгершілік бағалаудың өлшемі – мінез-құлықтың нәтижесі деп санайтын моральдік теориялар тобы. Сондықтан бұл бағыттың өкілдері моральдік болып саналатын құбылыс, алдымен, кез-келген әрекет пен әрекетсіздіктің салдарының жақсы нәтижелер беруімен шешімін табады. Яғни, олар – ең бастысы жақсы нәтиже беру, таластарыстардың оңды шешімін табуы аса маңызды, ал бұл тұста этикалық нормалар шартты ережелерге айналады деп бағамдайды. Бұл бағыт утилитаризм, гедонизм, эвдемонизм этикасынан анық көрініс табады. Қазіргі таңда да көптеген саяси айғақ формасы жөнінен консеквентті болып келеді. Алайда консеквенционалист өкілдерінің тұжырымдарында парадоксті жағдайлар да кездеседі, мәселен, басқа парадигмаларда жақсы нәтижелер байқалады: діни ұйымдарда, зайырлы қоғамдастықтан гөрі жақсы нәтижелер берілуі мүмкін. Консеквенционализмнің «деонтологиядан» өзіндік айырмашылықтары бар да бар. Бұл негізгі этикалық бағдар және қоғамдық санада анық дәйектелмеген ұстанымдардың бірі.

Деонтология моральдік қағидаларға сүйеніп, сол мінез-құлық мотивациясынан «дұрыстық» немесе «дұрыс еместік» мінез-құлық бағасын ұсынады.

Сондай-ақ оның «*қайырымдылық этикасынан*» да өзіндік айырмашылықтары бар. Мұнда әрекет пен әрекетсіздіктен туындайтын салдар емес, субъектінің моральдік әрекеттерді анықтауында, жеке тұлғаның моральдік сапаларына көбірек назар аударады. Мәселен, жалпы алғанда, қылмыскердің қандай адам екені туралы ақпараттар да рөл ойнайды, ол жұмыс немесе оқу орнынан мінездеме алдыру, қоғамдық санадағы сұрау салу арқылы қосымша мағлұматтардың қордалануы болып есептеледі.

Феминистік этика – Еуропадағы феминизм ағымы негізінде пайда болған, моральдік құндылықтар мен нормалардың әйел мен ерге қатысты тең дәрежеде сақталмай отырғандығын жариялайтын және оған қарсы күресетін, әйелдерді кемсітушіліктердің үнемі қоғамда орын алатындығын және

этиканың әйелге қатысты алғанда тек жағымсыз болып қабылданатындығына деген қарсылық білдірушілік этика. Бұл бағдарларды постмодернистердің этикаға қатысты көзқарастары да қолдайды, олар заманауи қоғамдағы патриархаттың (әке, ер адам билігі мен үстемдігі) көне тарихи дәуірлерден бері жалғасып келе жатқан беталыс екенін, бүткіл мәдениет пен руханияттың негізінен алғанда, тек ер адамдарға арналған бағыттары мен салалары көп екендігін атап өте отырып, оны «фаллоцентризм» деп жағымсыз мағынада атап өтеді.

Этикет – қоғамдағы адамдардың сол ортаны қолдау мақсатындағы ерекше мінез-құлық үлгілерін танытуы мен қабылдауы. Қазіргі заманғы қолданысы XIV ғасырдағы Франция королі Людовиктің қонақтарға этикеткалар таратуымен байланысты шыққан. Әрине, оның бастапқы белгілері көне дәуірлерден бері сабақтасқан: ортақ үстел басында адамның өзін қалай ұстауы тиіс екені – тәбетін қалай тежеуі керектігі, өзін тым өркөкірек немесе мылжың ретінде көрсетпеу қажеттігі. XIX ғасырда этикет күрделі жүйеге айналды, ол кодталған мінез-құлық, дұрыс сөйлеуден бастап, асхана құралдарын дұрыс ұстауға дейінгінің барлығын қамтитын, әйел мен ер адамның өзіндік қатынастарын сыпайылыққа негіздейтін қоғамдағы реттеушілік қызмет атқаратын іс-қимылдар ретінде бекітілді. Ол – қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтығандықтан, әскери, дипломатиялық, ойындық, зайырлылық, әскерилік, отбасылық т.б. мынадай түрлерге ажырайды: Этикеттің барлық формалары вербал, бейвербал, жазба түрінде болуы да мүмкін. Мәселен ресми хаттарда гоноратив пен адрессив (хатты қабылдаушыға ізетпен қатынас) талаптары сақталады. Қазіргі таңда ақпараттық желілердің де өзінің этикеті бар. Ал халықаралық қатынастарда сол халық пен елдің өкіліне қатысты шарттарды және жалпы адамзаттық сыпайылықты да сақтау керек. Мысалы, әңгімелесу кезінде еуропалықтар үшін көзге тіке қарау қажет болса, шығыс елдерінде ол қарапайымдылыққа жатпайды. Шығыс елдерінде үлкенді құрметтеу басым болып келеді. Ал еуропа елдерінде құрметтейтін адамның қолын сүю, кейіннен, жалпы халықтық сипат алып кеткен. Этикет қазақ тілінде сыпайылық, әдеп, мәдениетті ұстау мағыналарына жуықтайды.

Мораль философиясы және оның негізгі қағидалары

Мораль қазақ тілінде адамшылық, құлықтылық сияқты ұғымдармен шартталады. Моральдің ең басты қызметі – адамның қоғамдағы мінез-құлығын барлық салада реттеу. Моральдің қызметін түсіну үшін оны құқықпен салыстыру керек. Мысалы, бұзықтық, жалқаулық, парақорлық моральдік тұрғыдан да, заң тұрғысынан да айыпталады. Алайда заң орны, өкімет, билік орындарында мораль қоғамдық пікір күшіне сүйенеді. Мораль мен құқықтың мынадай айырмашылықтары бар: құқықтық нормалар арнайы, ресмиленген болса, мораль қоғамдық санада ресмиленбеген болып бекітіледі. Сондықтан мораль нормаларын бұзған адам тек моральдік тұрғыдан жазаланады, ал құқықты бұзған адам арнайы мемлекеттік талаптармен азаматтық, қылмыстық жазаға тартылады.

Екіншіден, құқықты арнайы әлеуметтік институттар жасайды, қажет кезінде оған өзгертулер енгізіледі, ал мораль жалпы халықтық, оны жасайтын және өзгертетін арнайы мекеме болмайды, сондықтан оның қағидалары барынша тұрақты. Мораль дінге, діни сенімдерге, әдет ғұрыптарға табан тіресе, құқық заңдарға ғана сүйенеді. Көп жағдайда моральдік нормалар мен құқықтық қағидалар сәйкес келеді, дегенмен кей тұстарда оның қағидаттары ажырайды, моральдік тұрғыдан «жазалы» адам, құқықтық тұрғыдан еркін және жазалы емес болып шығуы мүмкін және керісінше. Қазақ халқының дәстүрінде әдет-ғұрып пен салт-дәстүр арнайы емес заңдар ретінде, әрі моральдік талаптар ретінде қызмет етумен қатар, құқықтық заңдар ретінде «Жеті жарғы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» болған. «Ата салтын бұзды», «Ата-баба аруағын қорлады» деген айыптар ел ішінде билердің, ру ақсақалдарының шешімімен, көпшіліктің келісімімен өрескелдіктің деңгейіне байланысты қатаң және жеңіл жазаларға тартылған. Мұны халық мойындап, соған бас июге саналы, ерікті түрде келіскен.

Мораль ұлттық және жалпыадамзаттық болып бөлінеді. Белгілі бір ұлттың дәстүрі, салты, ділі, діні, жалпы рухани келбетінің өзіндік ерекшеліктеріне орай қалыптасқан әдеп пен этика ұлттық моральді құрайды, ол әрбір халықта әртүрлі

параметрлермен айқындалуы да мүмкін. Сондай-ақ жалпыадамзаттық мораль қағидаттарына қайшы келмесе де, айтарлықтай айырмашылықтар кездесіп қалады, кейбірі оғаштау көрінеді, мәселен, кей тайпалардағы амандасқанда, алғыс айтқанда, бір-бірінің бетіне түкіру, мұрындарын тесіп қамыс өткізу инициациясы сияқты салттар мен этикеттерді атап өтуімізге болады.

Жалпыадамзаттық мораль барша адамзатқа ортақ, барынша тұрақты, өзгермейтін, жетілген, сұрыпталған болып келетін нормалар мен ережелерге айналған ұстанымдар және қарапайым өзінен-өзі белгілі дау тудырмайтын аксиомалық қағидалар: кісі өлтірме, ұрлық жасама, зинақорлық жасама, жамандық ойлама, әділетті бол.

Моральді зерттейтін философиялық ғылымды этика дейді. Этиканың негізгі ұғымдары: игілік, қайырымдылық және зұлымдық, өмір мәні және бақыт, борыш, жауапкершілік, ар-ұят, абырой, қасиеттілік іспеттес ұғымдар. Қоғамдық сананың теориялық көрсеткіші ретінде, этика адамшылық сананың қарапайымдылықтан теориялық деңгейіне көтерілуіне алғышарт жасайды. Адам этикалық ілімдермен танысқанда ғана түрлі моральдік көзқарасты тани алуға, өзінің көзқарасын таным-түсінігін дәлелдеуге мүмкіндік алады. Этика философия ғылымының өзіндік бір іргелі саласы, кейде, оны практикалық философия деп те атайды. Байырғы грек ойшылдарының кейбірі оны философияның арнайы, негізгі саласы ретінде бекітеді.

Құқық философиясының негізгі мәселелері

Философияның бір саласы – құқық философиясы қазіргі заманғы құқық, құқықтық сана, халықтың құқықтық ережелерді білуге тиіс екеніне байланысты практикалық философияның маңызды бір саласы болып саналады.

Құқық философиясы – құқықтың мәні, мағынасы мен ұғымы, оның әлемдегі орны, құндылықтары мен маңызы, адам, қоғам және мемлекет өміріндегі және халық пен адамзат тағдырындағы рөлін зерттеумен айналысады. Өзінің саналы жаратылысы бойынша адам белгілі дәрежеде пайымдалған және зерделенген

әлемде өмір сүреді, әрі әрекет етеді. Бұл адам болмысының іргелі қасиеттерінің, әлемдегі бағдары мен әрекетінің қатарына жатады. Болмыстың адамзаттық тәсілі өз құрамына зерделеуді, пайымдауды, бұл болмысты, өзінді және бүкіл әлемді, әлемдегі өзінді, өзіндегі әлемді түсінуді енгізеді. Құқықтың философияға қатысты мынадай салалары бар: *Құқықтық онтология* – құқықтың жалпы болмысы, мәні, қағидалары, доғамалары, құқықтық идеялар және олардың мазмұны туралы ілім; *Құқықтық гносеология* – құқықтық шындықты теориясы мен таным әдісін және оның табиғи, позитивті қырларын қарастырады. Құқықты легистік заңдық негіздерін зерттейді, яғни, тұжырымдамалар, тұрғылар, әдістер қамтылады; *Құқықтық аксиология* – құқықтың өзіндік құндылығы мен ерекшеліктері зерделенеді. **Құқықтық антропология** – құқықтағы адамның орны мен адамдағы құқық мәселесін қарастырады, адамның құқықтық қатынастарға қатынасы, адамның құқықты туғызуы, оның мазмұнын қабылдауы сияқты мәселелер зерттеледі; *Құқықтық логика* – құқықтық ұғымдар мен құқықтық ойлауды зерттейді, құқықтық ойлау мәселелерді шешуге бағытталған, айғақтар мен құқықтық құралдарды пайдаланатын интеллектуалдық қызмет болып саналады; *Құқықтық герменевтика* – құқықтық мәтіндердегі (заңдар, құралдар, шешімдер, үкімдер) мағыналарды түсіндіретін ілім. Ол түсіндірушіге бағытталғандықтан ол кәсіби шеберлікті керек етеді.

Құқық философиясын меңгерген философ құқықтық заңдар мен нормаларды талдауға, талқылауға, ондағы логикалық қателіктерді таба білуге мүмкіндік ала алады. Мәселен, әлемдік қана емес, Қазақстанда парламент сахнасында қызмет еткен философтар да жоқ емес. Құқық философиясы заңдарды, құқықтық ережелерді, нормаларды верификациялап қана қоймайды, оларды құрылымдауға, жаңа заңдар шығаруға да ықпалдаса алады. Құқық философиясы адамзат тарихындағы құқықтың тарихы, құқық пен моральдің арақатынасы, құқық пен билік, құқық пен діни ережелер секілді мәселелерді философиялық тұрғыдан саралап, арнайы тұжырымдамалар мен бағыттарды құрылымдайды. Сондықтан да құқық философиясы

қазіргі заман үшін өзекті және практикалық мәні бар бағыт болып саналады.

Саясат философиясы практикалық философияның негізгі мәселелерінің бірі

Философия қоғамдық өмірдің барлық саласын және әлеуметтік институттардың жалпылама келбетінің әрқайсысын қаарстыратын болғандықтан, саясат мәселесі де философияның объектісінен тыс бола алмайды. Қоғамды зерттейтін философияның саласы – әлеуметтік философия деп аталғанмен, ол экономика философиясы, саясат философиясы, мәдениет философиясы, тарих философиясы, құқық философиясы, дін философиясы секілді ғылым салаларын тұтас интеграциялық білімдер аясында қарастырады.

Саясат философиясы – саяси теорияның әдіснамалық, жалпы дүниетанымдық және құндылық негіздерін, яғни, саясат әлемін зерттейді. Саясат философиясы саясаттың рухани өлшемі мәселелерімен айналысады.

САЯСАТ ФИЛОСОФИЯСЫ



Саясат философиясы пәнінде мынадай мәселелерді қарастыру негізге алынған: саяси құндықтар, саяси мораль, ірі қоғамдық топтар мүддесі тұрғысынан бағалау; саясаттың терең негіздері, саяси-философиялық білімдер тиімді ізденістерге негізделеді; саясатты танудың құралдары мен тәсілдерін талдау саяси түсініктер мәнін анықтайды.

Саясатты зерттейтін арнайы саясаттану пәні бар. Саясаттану қоғамның саяси жүйесі, мемлекеттің пайда болуы, халықаралық қатынастар, ішкі және сыртқы саясат, саяси сана: саяси сауаттылық, саяси мәдениет сияқты барлық саяси үдеріс пен құбылысты зерттейді.

Дегенмен саясат философиясы осы саясаттанудың да философиялық мәселелерін, метадеңгейде қарастырады. Саясатты тұтасынан онтологиялық тұрғыдан қарастырады – саяси онтология. Саясат философиясы нақты саяси қатынастарды емес, тұтасынан оның заңдылықтары мен қағидаларын зерделейді. Саясат философиясы адамзаттың ұлы мақсаттары – бостандық пен үкімет, құқық пен құндылық, заң мен билік, игілік пен меншік т.с. сияқты адам өмірінің күрделі саласы болып келетін феномендердің астарын, мән-мағынасын ұғынуға, өзара байланыста, өзгерісте қарауға мүмкіндік береді. Ол мақсаттар адамды менменшіл тар шеңберінен шығуға итермелеп, әділетті, шыншыл, ақиқат қоғам қалыптастыруға жетелейді. Сондықтан саясат философиялық білімді қолданудың негізгі бағыттарының бірі болып қала бермек. Джонатан Вульф өз еңбегін Периклдың сөзімен: «Біз саясатқа қызығушылық танытпайтын адамды өз ісін атқаратын адам деп айтпаймыз, құр сандалумен өмір сүретін адам деп атаймыз» деп, саясат философиясының адам мен қоғам өміріндегі орны мен рөлін осылайша сипаттайды. Аристотель де «Егер сен саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады», – деп тұжырымдаған болатын. Немесе, ол адамды тұтастай алғанда: «Саяси (қоғамдық) жануар» деп анықтаған еді.

Саясат философиясының өзі бірнеше салаға бөлінеді, әйтсе де олар қойылып отырған мәселені кең көлемде қарастырады. Мәселен, билік философиясы тек саяси билік ғана емес, жалпы билік мәселесін қамтиды. Билік философиясымен шұғылданушылар кей жағдайда билікті жағымсыз мәнде сипаттайды. Мәселен, Джон Локк саяси билікті «өлім жазасы бар

зандарды жасау құқығы» – деп анықтай келе, сондай-ақ, барлық кішігірім айыппұлдарды да бекіту дейді. Ал постмодернистер әсіресе, қазіргі заманғы капиталистік қоғам билігін сынға алады. Легистер, Никола Макиавелли және олардың көзқарастары бағытындағы ойшылдар билікті құптайды және қоғамды, қарапайым адамдарды қатаң тәртіппен бағындырып отыру керек, бұл – биліктің негізгі мәні деп пайымдайды.

Кері байланыс

1. Моральдік құндылықтарды көрсетіп, ұлттық моральдің ерекшеліктерін талдаңыз.
2. Этиканың салалары мен бағыттарын жіктеп көрсетіңіз.
3. Саясаттану мен саясат философиясының айырмашылығын сипаттаңыз.
4. Құқық философиясының құқықтанумен айырмашылығын ажыратыңыз.
5. Билік философиясының ерекшеліктерін анықтаңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. Оқу құралы. – Алматы, 2005. – 304 б.
2. Уолф Джонатан Саясат философиясына кіріспе. –Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2020. – 232 б.
3. Хейвуд Эндрю. Саясаттану. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 520 б.
4. Андерсон Джеймс. Э.Мемлекеттік саясат – Алматы. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2020.– 448 б.
5. Маккиннон Б., Фиала Э. Этика: Теориясы мен қазіргі мәселелері. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 868 б.

5-ДӘРІС.
ПРАКТИКАЛЫҚ ҰТЫМДЫЛЫҚ: ШЕШІМДЕР
ТЕОРИЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ ДІН ЖӘНЕ ӨНЕР
ФИЛОСОФИЯСЫ

1. Дін саласындағы практикалық ұтымдылық пен шешімдер қабылдау
2. Дін философиясындағы практикалық мәселелер мен өмір шындығы
3. Өнертану – өнер философиясының негізі және эстетика ілімі туралы жалпы мағлұмат

Дін саласындағы практикалық ұтымдылық пен
шешімдер қабылдау

Практикалық философиядағы басты мәселелердің бірі – қозғалған мәселелердің практикалылығы мен оның қолданбалылығы арқылы көрініс табуы тиіс. Шешімдер қабылдау, мәселенің қойылуы және сол шешімдердің нұсқаларының көп болуы арқылы біреуін таңдау арқылы жүзеге асады. Шешімдер қабылдау интуитивті, рационалды, математикалық модельдеу, эвристикалық т.б. арқылы жүзеге асады. Біз қарастырып отырған дін және өнер философиясы да практикалық ұтымды шешімдер қабылдаумен байланысты болып келеді. Өйткені, дін мен өнер философиясындағы әрқилы пікірлердің ұсынылуы жеке адамдарға өзіндік шешімдер қабылдауға алып келеді.

«Алдымен дін философиясы деген не?» деген сауал туындайды. Оған кері шегеніс жасасaq, жалпы дін дегеніміз не деген сауал туындайды. Оған көптүрлі анықтамалар берілген, көптүрлі анықтамалардың берілуі философия үшін оның анықталмағандығын емес, керісінше, теерңірек талқыланғандығын және дін туралы көзқарастардың дамығандығын білдіреді. Дінді зерттейтін сала дінтану деп аталады. Оның шартты түрде алынған негізгі салалары бар: діннің теориясы; діннің тарихы; діннің әлеуметтік бейнесі және ықпалы. Ал дін философиясы дінге қатысты барлық мәселелерді философиялық

тұрғыдан зерттейді. Оның діни философиямен салыстырғанда мынадай өзіндік ерекшеліктері бар: ақыл мен рационалдылыққа көбірек жүгінеді, яғни, дінге парасаттылық тұрғыдан келетін, оны даттаумен немесе мақтаумен, насихаттаумен айналыспайтын сезімдік тұрғыдан алғанда рационалды бейтараптанған ілім саласы; дінді уағыздап немесе жоққа шығарумен шұғылданбайды; діни сенімге барынша тәуелсіз, оны сырттан бақылап, сараптайды; дінге философиялық тұрғыдан келуді мақсат етеді; философияны дінді зерттеудің құралы ретінде пайдаланады; дін психологиясы, діни антропология, дін феноменологиясы, дінтану әдіснамасы, еркін ой т.б. дін философиясынан туындайды. Мәселен, прагматист У. Джемстің: «Прагматизмге сай, Құдай бар деген гипотеза жақсы жұмыс жасаса, кең мағынада алсақ ол шындық» деген тұжырым, З. Фрейдтің «санадағы және бейсанадағы шырмалған идеялар қоғамдық және жеке новроздардың бір түрі діни сенімдерге, дінді туғызуға алып келеді» деген пікірі т.б. дін философиясының пайымдаулары болып саналады.

Дін теориясы – діннің құрылымы, оның пайда болу туралы тұжырымдарды, діннің қызметтерін, онтологиялық және антропологиялық мәнін, психологиялық және әлеуметтік мағынасын, діни мәдениеттердің ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттелуін т.б. мәселелерді сараптаса, діннің тарихы – діннің пайда болуы кезеңінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі эволюциясын тұтас қарастырады және барлық діни сенімдердің, әлемдік діндердің, ұлттық діндердің, оның дәстүрлі бағыттары мен дәстүрлі емес ағымдарының қалыптасуы мен дамуын зерделейді, кейде дінді сынға да ұшыратады. Діннің әлеуметтік бейнесі – қазіргі замандағы діннің ахуалы мен динамикасы, діни психологиялық климатты, діни сананың қазіргі жай-күйі мен діни тәрбие, діни этика, дін әлеуметтануы сияқты мәселелерді сараптайды. Дінтану пәнінің зерттеу мәселесін нақтылай түсу, оларды топтастыру да оның әдіснамасының басты шарты болып табылады.

Дін философиясындағы практикалық мәселелер мен өмір шындығы

Дін философиясы еркін ой сана мен зайырлылық мәселесін де қамтиды. Дін философиясындағы еркін ой-сананың көріністері мен негізгі бағыттары: скептицизм, агностицизм, деизм, пантеизм, реформация, атеизм, антиклерикализм, секуляризм, еретиктер, агностицизм, ғылыми атеизм т.б. Қазіргі кездегі бір ғана құдайға сенетін монотеистік діннің пайда болуына дейін оның бастапқы нышандары осыдан жүздеген мың жылдар бұрын қалыптасқан. Оларды алғашқы діни сенімдер деп атайды: тотемизм, фетишизм, анимизм, магия, политеизм, генотеизм т.б.

Тотемизм – белгілі бір халықтың немесе этностың шығу тегін хайуанаттармен немесе өсімдіктермен туыстық байланыста қарастыру және оларды құрмет тұту. Фетишизм – табиғаттағы жеке құбылыстарға табыну және оны құрмет тұту. Мәселен, жер-суға, жалғыз ағашқа, тау мен тасқа табынуды атап өтуге болады. Анимизм – адамды тән мен жанға ажырата отырып, тән өлген соң жанның мәңгі өмір сүретіндігі туралы түсінік. Ол да әрбір халықта әр түрлі деңгейде түсіндіріледі. Магия – сиқыр деген мағынаны білдіретін сенімдердің бірі. Оны зиянкестік магиясы, ізеттілік магиясы, шаруашылық магиясы, мантика, хиромантия сияқты салаларға жіктейді. Зиянкестік, яғни, қара магия – қарғыс, көз тию, тіл тию сияқты жағымсыз әрекеттер арқылы жүзеге асса, ізеттілік магиясы бұған керісінше жақсылыққа ғана бағдарланады. Политеизм деп аталатын сенім (поли-көп, тео-құдай деген мағынада) көпқұдайға сенушілік туралы ұғым. Бұл әлемдегі әрбір құбылыстың, әрбір нәрсенің өзінің құдайы бар деп түсінушіліктен туған.

Осындай алғашы діни сенім формаларынан кейін «монотеизм» деп аталатын қазіргі күнгі бір құдайға табынушылық пайда болды. Бүгінгі күні мынадай әлемдік діндер белгілі: Будда, Христиан, Мұсылман. Әлемдік деп аталуы себебі, олар белгілі бір этностың немесе ұлттың шеңберінен шығып, өзінің өрісін кеңейтіп, бүкіл дүние жүзіне тараған. Осы діндердің рухани қайнар бұлақтары қайсетті деп саналған кітаптар: Буддизмде – Трипитака, Христиан дінінде – Жаңа Өсиет,


Мұсылман дінінде – Құран. Осы кітаптарда әлем мен адамзаттың тіршілігі хақында, жаратылу мен әлемнің пайда болуы жөнінде, өмірдің мағынасы туралы байыпты пікірлер айтылады. Осыдан дүниеге көзқарастың мифке қарағанда барынша жүйеленген формасы қалыптасты. Діни дүниеге көзқарас тұғыры осылай құрылған.

Өнертану – өнер философиясының негізі және эстетика ілімі туралы жалпы мағлұмат

Өнер философиясы өнер дегенеміз не, оның шығу тегі мен табиғаты, қызметтері, формалары, түрлері, құрылымы, өнер туралы философиялық бағыттарды зерттесе, эстетика өнертанудың теориялық негіздерін зерттейтін ғылым болып табылады. Өнер ұғымы жалпы алғанда, екі мағынада қолданылады: 1) қандай-ма болмасын кез-келген істі меңгеру, икемділік, шеберлік, ептілік (жекпе-жек өнері, фокус өнері, йога өнері, шеберхана өнері); 2) кең алғанда, эстетикалық көрініс беретін көркем шығармаларды тудыруға арналған шығармашылық қызмет, бұл – біз қарастырып отырған өнер түсінігі. Өнер көркем мәдениеттің орталық буыны және тым көне замандарда пайда болған тарихи-әлеуметтік-мәдени құбылыс. Өнердің өзі және қай түрі қашан пайда болғандығы белгісіз, шамамен, 35-10 мың жылдай бұрын қалыптасқан. Әрине, соңғы уақыттырда, адамзаттың өркениетті дәуіріндегі өнер түрлері кейіннен құрылымданғандығы белгілі, ал кейбір түрлері тым көне стихиялы түрде адамзаттың ғұмыр кешуімен сабақтасқан арғытарихи кезең, алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінің туындылары.

Өнер адамзат мәдениетінің кең ауқымды, іргелі, күрделі, көпқұрылымды туындысы болғандықтан, оны анықтаудың мынадай параметрлері бар: қоғамдық сананың өзіндік бір ерекше түрі және көркем бейнелерде әлемді бейнелеу болып табылатын адамның қызметі; эстетикалық құндылықтарды игеру мен құруға бағытталған адамның тәжірибелік әрекеті; шеберліктің жоғары формасы т.б.

Өнердің қызметтері: қоғамдық-қайта құрылымдаушылық (қоғамды игілікті бағытта қайта құруға ықпал етуге бағытталған адамдарға рухани-эстетикалық тұрғыдан әсер ету); көркем-концептуалдық (қоршаған орта қалпын талдау); тәрбиелік (адамдардың сезімін оятып, тұлғаны қалыптастырады); эстетикалық-гедонистік (адамның эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандырып, эстетикалық талғамды қалыптастырады, ләззат пен «қуанышқа» бөлейді); жайбарақаттандырушылық-орын толтырушылық (компенсаторлық); танымдық-эвристикалық (ғылымға танымға қиындау болатын өмірдің басқа да қырларын қарастырады, әлемді танудың өзіндік парадигмаларын ұсына алады) т.б.



Өнердің формалары. Өнерді зерттейтін ғылым саласы – өнертану. Ол – өнердің теориясы, тарихы, сыны, қазіргі заман өнері сияқты салаларға бөлінеді. Сондай-ақ, өнерді теориялық тұрғыдан тереңірек зерттеуге бет бұрған философияның салалары – өнер философиясы және эстетика, кей кездерде екеуі зерттеу объектілері ортақ болғандықтан, бір сала ретінде де қарастырылады. Өнер: ұлттық және жалпыадамзаттық, элиталық және бұқаралық, классикалық және модернистік, жеке және синтетикалық т.б. болып бөлінеді.

Ұлттық өнер – белгілі бір ұлтқа, халыққа ғана тән, тарихи даму барысында қалыптасқан, басқа халықтарға ұқсамайтын өзіндік төлтума дүниетанымының көріністері. Әрине, туыс халықтардың немесе аймақ бойынша жақын орналасқан елдердің өнерлері бір-бірімен ұқсас болуы да мүмкін. Өнер туындылары неғұрлым көне болған сайын соғұрлым ұқсастықтар да кездеседі, тіпті, кей жағдайда олар бірінің бірі көшірмелері, басқаша бір нсұқалары сияқты болып көрінеді. Мәселен, Қазақтың «Алпамыс» жыры – башқұрттардың «Алпамыша минән Барсынхыллу», татардың «Алпамша» халық ертегісі, өзбектер мен қарақалпақтардың «Алпа-мыш» жыры, бәрі де – бір арнадан тараған желілер.

Жалпы адамзаттық өнер – бүкіл адамзатқа ортақ мәдениет белгілерінен тұрады немесе бастапқыда бір ұлтта пайда болып, кейіннен, жалпыхалықтық сипат алған өнер түрлері. Мәселен, симфония, театр, кино, би, техника өнері т.б. Бірақ бұлардың да өз ішінен ұлттық сипатқа ие болуы мүмкін, әрқилы бағыттар туындауы ықтимал. Мәселен, ұлттық кино, ұлттық билер т.б.

Элиталық – қоғамның белгілі бір зияткерлік, үстем таптары мен топтарына арналған өнердің түрі. Х. Ортега-и-Гассет мәдениетті элиталық және бұқаралық деп ажыратқан болатын. Өнердің түрлері де осындай жіктелулерге бағындырылады. Мәселен, классикалық музыка – симфониялар, опералар т.б. элиталық болса, эстрадалық жанр, поп-музыка т.б. бұқаралық өнердің түрлері.

Бұқаралық – көпшілікке қолжетімді, баршаға арналған, құпия емес, қарапайым, қабылдауға оңай өнердің түрлері. Мәселен, бидің көптеген түрлері, жалпы көпшілікке арналған кинофильмдер т.б. Бірақ бір өнер саласының өз ішінен элитаға және көпшілікке арналған өнер түрлері мен жанрлары болып бөлінуі де мүмкін. Мәселен, балалар әдебиеті көпшілікке арналған болса, кейбір таңдаулы әдебиет туындылары қоғамның элита топтары үшін ғана жазылған болып шығады.

Классикалық – мінсіз, кемелденген, толыққанды, мүлтіксіз, өзгерістер мен жаңашылдыққа қарағанда барынша тұрақты, ескірмейтін қалыпта болатын өнердің түрі. Мәселен, музыкадағы симфония, қазақтардың бір домбырамен жеке орындайтын күйлері, «Құстар қайтып барады» әні, әлем әдебиетіндегі Жюль

Верниң шығармалары, суретшілерден Рафаэль еңбектері т.б. классикалық деп атауға болады.

Модернистік – жаңаланған, классикаға қарама-қарсы, өзгертілген, заманға бейімделген, қоғам сұранысына сай өзгеріп, құбылып отыратын, инновацияны қабылдауға бейім, тұрақты емес өнер түрлері немесе сол өнердің ішіндегі белгілі бір жанр мен бағыттар. Мәселен, эстрада, оркестр, хит әндер т.б. Бірақ бұлар да қалыптасып, өңделіп, тұрақтап барып классикаға айналуы мүмкін. Сондықтан да, өнер теориясында модернизм деп аталған бағыттың өзінің бірнеше салалары бар. Ол әсіресе, бейнелеу өнері мен әдебиетте, музыка мен театр өнерінде анық көрініс тапқан. Модернизм XX ғасыр ортасында пайда болып, кейіннен постмодернизмге ұласты.

Эстетика – табиғат пен өмірдегі, көркем шығармашылықтағы әсемдік формалары мен дүниетанымдық Мән-ді қарастыруға бағытталған, қоғамдық сананың формасы ретінде және ерекше мәдени-элеуметтік феномен ретінде көрініс табатын өнер туралы философиялық ілім. Қазіргі заманғы эстетика эстетикалылықтың табиғаты туралы, оның қызметі, эстетикалық қызмет пен эстетикалық қабылдау, қоғамдық өмірді эстетикалық тұрғыдан игеру туралы философиялық ілім болып табылады. Соңғы уақыттарда, эстетиканы психологиямен, кибернетикамен, семиотикамен және басқа да ғылыми пәндермен интегративті түрде қарастыру қолға алынған. Эстетика терминін 1750 жылы алғаш енгізген неміс философы Александар Баумгартен болатын. Бірақ сұлулық туралы түсініктер мен пайымдаулар тым көне замандарда пайда болды.

Эстетиканың категориялары. Әлемді сұлулық заңдылықтары бойынша тануды – шектелген жалпылықта, іргелі ұғымдар түрінде игеру тарихындағы көріністер. Эстетикалық категорияларда адамның шындық өмірге эстетикалық қатынасы көрініс табады және адам қызметі мен әлемнің мәнді сипаттары жалпыланады.

Классикалық эстетикадағы басты, негізгі деп саналатын категориялары да көп жағдайда жеке қарастырылады және олар қарама-қарсы ұғымдар арқылы беріледі: Әсемдік (Сұлулық) – Ұсқынсыздық (Сұрықсыздық), Асқақтық – Төмендік (Пасықтық), Қайғылылық – Күлкілілік (комедиялық), Ерлік.

Сонымен қатар, қосымша категориялары мен ұғымдары да бар: үйлесімділік, прапорция, өлшемділік, теңдік, симметрия т.б.

Өнердің түрлері әр түрлі классификациялармен берілетін іргелі құрылым. Классикалық түсінікте оны қозғалыссыз-кеңістіктік: сәулет өнері, мүсін өнері, графика, бейнелеу өнері т.б. және уақыттық-динамикалы: балет, музыка т.б. деп бөледі. Жалпы алғанда, өнер кең ауқымды болғандықтан, оның барлық түрлері былайша жинақтап көрсетіледі: сәулет, бейнелеу, би, мүсін, сәндік-қолданбалы, әдебиет және поэтика, музыка, театр, цирк, балет, кино, фото, эстрада т.б. Кейде оның аймағын кеңейтіп, спорт, гимнастика, шешендік, соғыс өнері, техника т.б. өнер түрлеріне жатқызады. Бұлардың қайсысының бұрын пайда болғандығын нық басып айту қиындау, дегенмен, ең алғашқы өнер – би, қолөнер, сәулет т.б. деген пікірлер ұсынылған. Өнерді жеке және синтетикалық деп те бөледі. Мәселен, театр өнерінде: би, костюм (қолөнер), музыка т.б. қатар біріктіріледі.

Кері байланыс

1. Діни философия мен дін философиясын ажыратып беріңіз.
2. Алғашқы діни сенімдердің қазіргі қоғамдағы көріністерін көрсетіңіз.
3. Қазіргі Қазақстандағы діни-психологиялық климатқа талдау жасаңыз.
4. Қазіргі кездегі өнердің даму бағыттарын көрсетіңіз.
5. Қазақ халқының ұлттық өнерінің ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Введение в общее религиоведение/Под ред. И.Н. Яблокова. М., 2008.
2. Классики мирового религиоведения. Антология. Т. 1 / Сост. и общ. ред. А.Н. Красникова. М., 1996.
3. Гегель Г.В.Ф. Философия религии. В 2-х томах. - Т.1. - Пер. с нем. М. И. Левиной. М., «Мысль», 1975.-532 с.
4. Боров Ю. Б. Эстетика: / Юрий Боров. – М.: Русь-Олимп: АСТ: Астрель, 2005. – 829с.
5. Радеев, Д. Е. Философия искусства. Санкт-Петербург.

6-ДӘРІС. ПРАКТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АНТРОПОЛОГИЯ: АДАМ ТАБИҒАТЫН ЗЕРТТЕУ

1. Философиядағы адам мәселесінің қозғалуының практикалық қырлары
2. Адам және оның жаратылуы. Қазақ халқындағы тұлға мен жеке адам.
3. Қоғамдық өмірдегі еркіндік пен жауапкершілік мәселесі

Философиядағы адам мәселесінің қозғалуының практикалық қырлары

Практикалық философиялық антропология адамның шынайы өмірдегі мәні, мақсаттары, адам ресурсынан бастап, өлім мен өмір, еркіндік пен жауапкершілік, тұлға және оны жетілдіру, адамның табиғатпен, әлеммен қатынасы, нақты жеке адамның өмірі т.б. мәселелерді қарастыра келе, адамды танудың әрқилы түсіндірмелерін береді. Адамның өмірдің әрқилы сәттерінде таңдау еркіндігін жасауға ықпалдаса алады.



Адам мәселесі көптеген ғылымдар зерттеу нысаны және оны әр түрлі қырынан қарастыруды негізге алатын арнайы ілімдер құрылымданған: биология – адам эволюциясы мен адамның табиғи болмысын, медицина – адам бойындағы ауруларды емдеу мен оның алдын алуды; анатомия – адамның ағзасын; антропология – адамның биофизиологиялық болмысын, психология – адамның психикасы мен психологиялық ерекшеліктерін, әлеуметтану – жеке адам, тұлға және оның қоғамдағы орнын, саясаттану – саяси лидерлер мен саясаттың барлық субъектілерін, тарих – адамзат даму эволюциясындағы айтулы тұлғалардың өмірі мен қызметін т.б.

Философияда адам болмысы жалпылама құбылыс ретінде қарастырылады және адамның мәнін зерделейді: «Адам деген кім?» деген сауалдан бастау алатын мәселелер бойынша қамтылатын жалпы аухалдар; Адам жаратылысы: антропогенез, антропосоциогенез, креационизм;; Адамның қырлары: биологиялық, физиологиялық, психологиялық, рухани, әлеуметтік; Адамдық деңгей: Адам – Жеке адам –Тұлға; Ғұмыр кешу: өлім мен өмір, өмірдің мағынасы, мәңгі өмір идеалы; Адам еркі: еркіндік пен жауапкершілік, фортуна мен фатум; Адам мен дүниенің қатынасы: Адам-Адам, Адам-қоғам, Адам-табиғат, Адам-әлем; Адам болмысының құрылымы: Тән-Жан-Рух түзілімі; Өмір сүру тәсілдері: эвдемонизм, гедонизм, аскетизм, утилитаризм, перфекционизм, индивидуализм; Адамның қажеттіліктері: материалдық, биологиялық, рухани, эстетикалық; Этика: мақсат пен мүдде, бақыт пен игілік, ізгілік пен зұлымдық т.б.

Сондай-ақ, адам болмысын танудың әлеуметтанулық, саясаттанулық негіздерін де философиялық тұрғыдан ұсыну назардан тыс қалдырылмайды: қазіргі заманғы тұлға, қоғам мен жеке адам арасындағы қатынас, ағарту мен білім беру, жастар мәселесі, гендер, саяси тұлға т.б.

Осыған орай, философияда адам мәселесін қарастыратын, кейде барлығын «философиялық антропология» (кейде бұны арнайы философиялық бағыт ретінде қарастырады) деген атауға біріктірілетін бірнеше ағымдар мен мектептер қалыптасқан: өмір философиясы мен экзистенциализм, философиялық

антропология, фрейдизм мен неофрейдизм, персонализм, перфекционизм, прагматизм т.б.

Философиялық ойтолғаныс тек сыртқы дүниеге ғана емес, сол дүниені субъектісі болып отырған, жер планетасының белсенді «көшбасшысы» ретінде танымалданған, өзін табиғатқа үстемдік етуші деп жариялаған адам мәселесіне де тоқталады. Себебі, философияның объектісінің жалпылама нұсқасы - адам мен дүние болып табылады. Бірақ адам сол өзі өмір сүріп тұрған әлемнен оқшау қарастырылмайды, оның мәнінің ашылуы, жұмбақтығының сыры да табиғаттың бір бөлшегі болып табылатын тіршілік иесі болуымен айқындалады. Сондықтан, философиядағы рефлексия, өзін тануға ұмтылыстың жалпы көрінісі – адамтану болып табылады. Көне Грек ойшылы Сократтың «Өзіңді-өзің таны» деген қағидасын жалпыласақ, тек жеке тұлғалықты ғана емес, бүкіл адамзатты тануға ұмтылыстың қажеттілігін сезінуге болады. Демек, философия тарихында «адам дегеніміз кім? (не)» деген сауалдар мыңдаған жылдық таным кеңістігін қамтып жатыр. Осыған орай, адамды анықтауға әр түрлі түсініктер мен анықтамалар берілген.

Философиядағы адам туралы мәселенің түпбастау сауалы оған түсіндірмелер беруді негізге алады. Осыған орай, философия тарихында адамға берілген анықтамалар көп, ол да көне дәуірлерде қарастырылған мәселе.

Адам – белсенді әрекет ететін, сананы иемдену арқылы еңбек құралдарын жасап, пайдаланып, өнім өндіріп табиғатты өзгертетін барша тіршіліктің лидері: жан мен тәннен құралған, табиғаттан мәдени-рухани асқақтығы, ойлау тереңдігі, мақсат қоюы және т.б арқылы ажыратылады. Ол мәдени-рухани игілікті иеленіп, жер бетінде саналы тіршілік ететін субъект.

Осыдан адамның басқа тіршілік иелерінен айырмашылықтарын былайша зерделеп көрсетуімізге болады: санасы бар, дискурсивті ойлайды; еңбек құралдарын жасап пайдаланады, мәдениетті жасаушы және мәдени игіліктерді тұтынушы, мақсат қоя тіршілік етеді, өзінің өмір сүріп тұрғандығын және оның аяқталатындығын саналы түрде түйсінеді т.б. Бұл адамның қазіргі сипаты мен күйі, дегенмен, ол әу-баста эволюцияда қайдан және қалай пайда болған деген түсініктер туындайды.

Бұны жаратылыстану ғылымдарында және қоғамдық ілімдерді де қызықтыратын сала – антропогенез қарастырады.

Адам және оның жаратылуы. Қазақ халқындағы тұлға мен жеке адам.

Антропогенез – (антропос – адам, генезис – шығу тегі деген мағынада) адамның пайда болып жетілу процесін, эволюциясын зерттейтін сала. Ол көне замандардан бастап ойтолғам объектісі ретінде танылған. Б.э.б. 8 ғасырларда жазылған упанишадаларда: «Біз қайдан пайда болдық, біз қайда өмір сүреміз және қайда кетіп бара жатырмыз, кімнің жарылқауымен біресе азап шегумен, біресе жан рахатымен өмір сүреміз, бұған не себеп болады; уақыт па, табиғат па, қажеттілік пе, кездейсоқтық па?» деген сауалдар қойылған. Упанишаданың орталық түсінігінде – әлемдік жанның табиғаты туралы ілім, брахман (жалпы заңдылық, жалпы рух деген мағынада) мен атманның (жеке адамның ішкі орталығы, дара жаны) бірлігі, азат болудың жолдарын таңдау туралы, жанның көшіп жүруі, аскеттік өмір т.б. мәселелер тұрған.

Дарвин, Гексли, Геккель адамның жоғары дәрежедегі дамыған маймылдардан шыққандығы туралы теориясын дәлелдейді. Бұл адам тектес маймылдардан осыдан 2,5 млн. жыл бөлініп шыққандығын дәйектейтін дарвинизм теориясы деп аталады. Дарвинизм – Ч. Дарвин негізін салған адамның шығуы мен дамуы жөніндегі эволюциялық теория. Ұрпақтардың сабақтастығы негізінде тіршілік иелерінің түрлерінің өзгеретіндігі фактісінің тәжірибесінен алынған тіршілік үшін күрес, сұрыпталу сияқты табиғи заңдылықтарынан өткен адам бүгін де өзі тіршілік етуі мен дамуын сақтайды деген тұжырым жасалады. Ал Т. Гексли – Томас Генри, ағылшын жаратылыстанушысы, философы (1825-1895 ж) Дарвин ілімін қорғап, өмірдің материалистік түсінігі жалғыз ғана жаратылыстанулық болжамдардың нәтижесі деп қарап, априорлық білімдер өмір сүрмейді, ол мұрагерлік жолмен заңдандырылатын бұрынғы ұрпақтар тәжірибесімен алынады, адам - әлемдік құбылыстардың жемістісі деп таныса, неміс зоологы Эрнст Геккель (1834-1919жж.) де дарвиндік теория

ізімен құдайдың өмір сүретіндігінен ауытқу қажет деп тапты, өз ілімін монизм деп атады.

Теологияда – адамды құдай жаратқан (кезеңі көрсетілмейді), ол тумысынан саналы, мәдениетті, құлықты жан иесі, рух пен тәннің бірлігін алып жүруші деп түсініледі. Бұл тұжырым теологияда креационизм деп аталады және дарвиндік теория жоққа шығарылады. Креационизм – әлем мен адамды құдайдың бірегей актіде жаратқандығы туралы ілім. Бұнда арнайы уақыт кезеңі көрсетілмейді, дегенмен әлем, алғашқы адам, одан соң мәдениетті, саналы кейіпте бірден жаратылғандығы туралы түсінік басымдау болып келеді. Жаратылу актісінде әлем ештеңеден, адам топырақтан деп ұғынылады. Авраамдық діндерде алғашқы адамдық түр – Адам ата мен Хауа ана деп есептеледі.

Қазақ дүниетанымының бір ерекшелігі – оның антропоцентристік сипаты, яғни, адамға айрықша көңіл бөлу, адамды және оның өмірін философиялай ой толғам объектісіне айналдыруы. Қазақ философиясында субъектінің – адам, тұлға, азамат, ақсүйек, ер-әйел, бай-кедей т.б. тәрізді жалпылама атауларымен қатар, өзіндік төлтума баламалары концепттері де қалыптасқан: пенде, кісі – бейтарап; текті адам, жігіттің сырттаны, «жақсылар» - позитивті; «жамандар», бейшара, мүскін (мүсәпір) т.б.

Сондай-ақ, қазақ дүниетанымында этнографиялық-әлеуметтанулық тұрғыдан алғанда, әрбір жеке адамның жыныстық, жасы, әлеуметтік, туыстық т.б. ерекшеліктерінің әрбір сәті мен әрбір кезеңіне айрықша мән бергендігі соншалық, оларға басқа халықтарда кездесе бермейтіндей өзіндік атаулар берілген.

Жас ерекшелігіне байланысты: шақалақ, бөпе, нәресте, бала (бұл басқа халықтарда бар), жеткіншек, жасөспірім, жастар, егде адам, ересек т.б. және жасы-жынысына сай тағы да жіктеледі: бозбала-бойжеткен, жігіт-қыз, ата-әже, ақсақал-кейуана, шал-кемпір, қарт-қария т.б.

Өткен мен болашақ вертикалы, «жеті ата» институты бойынша осы шақтан өткенге қарай жүретін ұрпақтар сабақтасуындағы әрбір буынның өзіндік сатыларының туыстық атаулары жүйеленген: (бала), әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек

ата, жеті ата (әр зерттеулерде әр түрлі болып та келеді). Әрі қарай санмен өрнектеледі, оныншы атасы, он бірінші атасы т.б. сайып келгенде, жалпылама «түп-тұқияны» деген атаумен беріледі.

Осы шақтан болашаққа қарай бой сермеген, ұрпақтар сабақтасуының әрбір буынының өзіндік туыстық атаулары: бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жекжат.. т.б. (әр зерттеулерде әр түрлі болып та келеді) атаусыз да жалғаса келе, оны сандық қатынастар арқылы сипаттай береді, халықтық және туыстық қатынастар тарихи жадыда реттік сан есім бойынша аталады: оныншы, он бірінші.... жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші ұрпағы т.б. жалпылама айтқанда, келешек призмасы бойынша «Үрім-бұтағы» деген атау да қолданылады. Мәселен, Әлихан Бөкейханов Шыңғыс ханның 22 ұрпағы екен-мыс.

Жігіттің үш жұрты және жалпы генетикалық бірліктер тізбегі мен олардың таралуындағы әрбір буын атаулары да әлеуметтік-биологиялық «туыстық институт» ретінде құрылымданған. Жігіттің үш жұрты: нағашы және кәрі нағашы, қайын жұрты, өз жұртына да байланысты атаулар құрылымданған.

Қоғамдық өмірдегі еркіндік пен жауапкершілік мәселесі

Еркіндік жалпылама этикалық-философиялық категория. Еркіндік пен жауапкершілік тұлғаның негізгі мәнін аша түсетін этикалық, онтологиялық, әлеуметтік, психологиялық мәселелер аясында қарастырылатын жалпылама ұғым. Еркіндік – адамдық мәннің әлеуметтік және ішкі күйзелістік, инстинктік қыспақтары мен құмарлықтардан тәуелсіз, ерік күшінің мазмұны, болса, жауапкершілік – адамға жүктеген жеке адамға қатысты өз әрекеттеріне немесе моральмен шартталған, тиым салынған, қоғамдық нормалармен өлшенген, мойындауға тиісті ішкі келісіммен атқарылатын борыш.

Философия тарихында адам мәселесінде, еркіндік пен жауапкершілік детерминантты, импликациялы, бір-бірімен байланысты ұғымдар болып табылады. Өйткені, еркіндік болған тұста, жауапкершіліктің де болуы заңды құбылыс.

Осыдан жауапкершілік түсінігінің де, еркіндік сияқты соншалықты мәнді екендігі туындайды, ол қоғамдық талаптар мен нормалар алдындағы өзінің борышының атқарылуымен сәйкес келіп, еркіндіктің этикалық қағида екендігін айғақтай түседі. Жауапкершілікті терең түйсіну және өзінің ырқын тежей алудың өзі ішкі ықпалдардан азат болу еркіндігін білдіреді. Мәселен, діни ұстанымдарда адамның ішкі шайтани күштерден азат болуы еркіндіктің жоғары өлшемі деп түсіндіріледі.

XX ғасыр философы Б. Констан жауапкершілікті екі тұрғыда қарастырады: 1) Жауапкершілік – әлдебір әрекетті жүзеге асырудағы міндет; 2) ол – өз әрекетіне жауаптылықтағы қажеттілік. Мұнда жауапкершілік ар-ұжданнан кең ұғым болып, ол парыз ұғымымен теңестіріледі.

Кері байланыс

1. Философиядағы адам мәселесінің қойылуының негізгі ерекшеліктерін көрсетіңіз.

2. Адамның пайда болуы туралы әрқилы көзқарастар бар, оның қайсысын қолдайсыз және неліктен екендігін түсіндіріңіз.

3. Қазақ халқындағы адам мен тұлға құндылығы туралы басқа да қандай нақты идеялар қосасыз.

4. Қоғамдық өмірдегі еркін адамдар туралы баяндаңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Философия человека. История и онтология современных проблем / Е. М. Махаров – «Интермедиатор», 2011.

2. Гуйван П.Н., Инговатов В.Ю. Проблема человека в истории философии: учебное пособие. Барнаул: Изд-во АлтГТУ, 2015. – 214 с.

3. Кассирер Э. Избранное. Опыт о человеке/Эрнст Кассирер.- М.: Гардарики, 1998. -784 с.

4. Шелер М. Избранные произведения: пер. с нем./Пер. А.В. Денежкина, А.Н. Малинкина, А.Ф. Филипова; под ред. А.В. Денежкина.-М.: Издательство «Гнозис», 1994. - 490 с.

5. Проблема человека в западной философии: Переводы/Сост. и послесл. П.С. Гуревича; Общ. ред. Ю.Н. Попова. - М.: Прогресс, 1988. - 552 с.

7-ДӘРІС.
ПРАКТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ БОЙЫНША
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МОДЕЛЬДЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ
БАҒАЛАУ

1. Практика және әлемді өзгерту практикасы: марксизм мысалында
2. Философиядағы практикалық модельдердің кейбір нұсқалары
3. Модельдерді бағалау мен қайта бағалау: замаануи параметрлер

Практика және әлемді өзгерту практикасы:
марксизм мысалында

Практикалық философиядағы басты тұғырлардың бірі – қозғалған мәселелердің практикалығы оның қолданбалылығы арқылы көрініс табуы тиіс. Осы тұста, айта кететін жайт: «практика» ұғымының қазақ тіліне аударылуы мәселесі. Оны көп жағдайда «тәжірибе» деп аудару кең тараған. Дегенмен, «тәжірибе» ғылыми және орыс тіліндегі түсініктердің бірнешеуіне ортақ болып келеді: «опыт», «эксперимент», «практичность», «эмпирика» - бұлар ғылымда әрқилы мағына береді. Ал қазақ тілінде олардың барлығы «тәжірибе» деп аударылғанмен, олар мәтін астарына, мәтіндер арасындағы қатынастарға, сөйлемдердің мағынасына т.б. байланысты анықталады. Ал бұл ұғымның практикалық философиядағы мағынасы – философиялық идеялардың, тұжырымдамалардың, пікірлердің қоғамдағы және тұрмыстық өмірдегі қолданылу мәселесі болып табылады.

Практикалық философия модельдері этикалық, саяси, құқық т.б. қоғамдық өмір саларының барлығын, қамтиды. Мәселен, Грамши Антонио (1891-1937) итальяндық саясаттанушы, әлеуметтанушы, саяси қайраткер. Ол марксизмді практикалық философия ретінде қарастыру ұстанымында болады, марксизмді диалектикалық материализм мен әлеуметтану (тарихи материализм) деп бөлуге қарсы шығып, тарих пен философияның парापартлығына шақырды. Философияны нақты-тарихи

шарттардан туындатты, логикалықтың алдындағы тарихи басымдылық ретінде қарастырады. «Философия практикасы», бұл – абсолютті «тарихилық» деп тұжырымдады, «тарихты абсолютті түрде адамдандыруды» ұсынды, адамның әрекетінсіз тарих болмайды, адам белсенді әлеммен практикалық қатынаста болады.

Э.Блохтың түсінігі бойынша, Маркске дейінгі барлық практикалық философия өткенге қарата айтылған, немесе олар осы шақты Абсолютке жетіп қалған кемелденгендік идеалдарының тезисі аясында қарастырады. Жаңа тіпті қашықтан болса да (шамамен де) айқын емес және ешқандай да марксистік философияға дейін өзінің орнын тапқан жоқ.

Альтюсер бойынша, ғылым – танымдағы (ғылыми ақиқаттың мәні) идеологиялық нәтижелерді бар болып тұрған эмпирикалық практикаға (адамдар қызметінің барлық мүмкіндік түрлері) айналдыратын теориялық практика. Диалектика (сондай-ақ, философия) практиканың жалпы теориясы (практика оның ойынша, табиғат пен адам бірлігінің эквиваленті).

Марксизм өзінің өмір сүрген сатыларында мыналарды жүзеге асырды: а) апологетикалық функция (нақты саясат пен практиканы негіздеді); б) экзегетикалық функция (бұған дейінгі өзгермейтін ақиқат туралы мәтіндерді түсіндірді); в) практикалық функция (қоғам мен ғылымды «буржуазиялық» және «пролетарлық» деп бөлді). Ол кейіннен француздық постструктуралистік мектептің қалыптасуына ықпал етті.

Карл Корш түсінігі бойынша, әлемді өзгерту теориялық және практикалық болуы тиіс. Буржуазиялық қоғамға қарсы күрестің өзі философиялық болып табылады. Бірақ ол өзінің маңызды ролын орындау үшін әлемді құрылымдау практикасынан ажырамауы керек.

Философиядағы практикалық модельдердің кейбір нұсқалары

Антика дәуірінің ойшылдары этиканы практикалық философия ретінде түсіндірді. Сондықтан, философиядағы этиканың практикалық моделі, шындығында, адамзат тіршілігінің өн

бойында сақталған (метаэтика, ноуменалды этика т.б. тыс қарастырғанда). Мәселен, көне Грекиядағы киниктер мектебінің өкілдері аскетизмнің теориялық негіздемелерін ұсынып қана қойған жоқ, өздері ұсынған теориялық қағидалары бойынша өмір сүрді. Көріп отырғанымыздай, осы аскеттік өмір сүру бағдары буддизмдегі нирвана, христиандық ілімдегі монахтық пен исихазм, исламдағы сопылық т.б. ағымдарға жалғасып, осы бағытты ұстанушылардың өзі – оның теоретиктері мен практиктері болып бөлінді деуге болады. Яғни, материалдық игіліктер мен тәндік құмарлықтардан бас тарта отырып, тек рухани жетілумен арнайы шұғылдануды өмірлік мақсат етіп алатындар – практиктері.

Сондай-ақ, этикадағы перфекционизм, утилитаризм, персонализм, гедонизм т.б. бағыттар да таза практикалық, өйткені, осы бағыттардың теориясын негізге алып өмір сүруге болады және солай болып та жатыр. Мәселен, перфекционизм адамның өзін-өзі үнемі жетілдіруі және персонализм осы жетілдіруге де негіз бола алатын ұстаным. Өйткені, персонализмнің діни идеологиялық қызметін алып тастасақ, бұл ағым бойынша тұлға басты құндылыққа айналады.

Саясаттағы модельдер қазіргі таңда саяси философия аясында қарастырылады. Оның бастаулары: қоғам және оның түрлері мен басқарудың формалары туралы (демократия, аристократия, тирания т.б.) түсініктерден туындаған. Бұл жаңа замандағы саясат философиясы, оның ішінде, қоғамдық келісім теориясында (Т. Гоббс, Жан-Жак Руссо, Дж. Локк) қайтадан қозғала бастады. Көріп отырғанымыздай, қоғамның даму туралы ұсынылған көзқарастар – жалпыадамзаттық болса, оның модельдерін, шындығында, жеке адамға қатысты да қолдануға болады. Келісім тек қана саяси, қоғамдық сипат қана алмайды, қарым-қатынас философиясының да басты мәселелерінің бірінен саналады.

Құқық философиясының модельдері: табиғи құқық теориясы, құқықтық позитивизм, сыни құқықтық зерттеулер т.б. құқық философиясын негіздеуді негізгі мақсат етпейді, олар сол құқықтық нормативтердің қоғамдық өмірдегі қолданысының тетктеріне назар аударады. Өйткені, құқықтық сана – қоғамдық сананың формасы ретінде танылады. Бұл модельдердің екі

жақтылығы өздігінен жүзеге асады: мемлекет заңдарды қабылдау мен оларды нақтылауда үнемі философиялық мәселелерге кезігеді, өйткені, ол қоғамдық өмір шындығы және мемлекеттегі әрбір азаматқа қатысты.

Практикалық рационалдық модельдер: рационалды таңдау теориясы, әрекет теориясы (М. Вебер), диалогтық этика (Ю. Хабермас), бір өлшемді адам теориясы (Маркузе) т.б. Бұл бағыттарда негізінен күнделікті-тұрмыстық мәселелерге философиялық тұрғыдан келу, таза абстракциялық емес, практикалық философия тұрғысынан келу басты назарға алынады және күнделікті тұрмыс философиясын ұйымдастыруда оларға әдіснамалық бағдарлар бере алады. Мәселен, Ю. Хабермас адамзаттың және жеке адамдардың өмірінде қарым-қатынас басты роль атқаратындығын және оның қалай құрылым-данатындығына тоқталады.

Экзистенциализм мен постмодернизмдегі өмір практикасының модельдері. Философиядағы өкілдері: А. Камю, Ж.П. Сартр, М. Хайдеггер т.б. болып табылатын адам туралы бағыттардың бірі экзистенциализмде – ғұмыр кешу басты мәнге айналады, нақты адамдардың өмірі мен ондағы еркіндік пен жауапкершілік, өлім мен өмір сияқты құбылыстар. Кейіннен, осы экзистенциализмді, психоанализді, феноменологияны т.б. ағымдарды тұтастандыра отырып, В. Франкл логотерапия ілімін ұсынды. Бұл бағыт қазіргі таңда да қолданылатын практикалық мәні бар және тұғырлы философияны негізге алатын бағыт ғана емес, кей жағдайда адамдардың өмірмәнділік ұстанымдарына да айналған.

XX ғасырдың соңына таман пайда болған постмодернизм постмодернистік мәдениетті түсіндіретін бағыт ғана емес, тіпті адамзаттың стереотиптерін түзетуді де негізгі мақсат етпейді, адамдарға, ғылымға, өнерге, саясатқа т.б. ой еркіндігін ұсынады.

Бұл ағымның бір ерекшелігі философиядағы гносеология, онтология, космология, теология т.б. салаларымен шғылдандуды мақсат етпейді, олар таза өмір шындығымен шғылданып, оның терең ақиқатын ашуға бет түзейді. Мәселен, Ж. Бодриердың гиперсыншылдығы мен симулякрлар әлемі, Ж. Дерриданьң логоцентризмі, Р. Барттың мифологиялық, Лиотардың капиталистік қоғам стереотиптерін саралауы т.б. ғылым ғана

емес, тұтас адамзаттың тарихындағы қалыптасып қалған дүниетанымдар мен қазіргі қоғамдағы адасуларды да көрсетеді.

Модельдерді бағалау мен қайта бағалау

Жалпы философияда мәселелерді шешу бойынша екі бағыт бар, біріншісі, практикалық-теориялық – шынайы өмірдің барлық мәселелерін шешуге ықпалдасатын, екіншісі, теориялық-практикалық – практиканың жалпы ақиқатын іздеуге ұмтылдырады. Оны деңгейлер бойынша: жалпыадамзаттық, ұлттық, жеке адамдық деп ажыратуға болады. Мәселен, ғаламдық мәселелер философиясы жалпыадамзаттық қатерлерді шешуге бағытталса, аданың өмірдегі орны мен өмір сүруінің бағдары жеке адамдық болып саналады. Практикалық философияда ең бастысы прагматизм бағытында атап көрсетілгендей, нәтиже болып саналады. Осындай бағдарлар практикалық философияның модельдерін бағалауға, қайта бағалуға мүмкіндік беретін шарттар болып саналады.

Практикалық философиядағы модельдерді бағалау мен қайта бағалау қойылып отырған мәселені екі жақты қарастыруды ұсынады: ұтымды тұстары мен ұтымсыз жақтары. Бірақ бұл үстемдік ететіндей монополиялық ережелер болып табылмайды және және абсолютті емес. Өйткені, белгілі бір жағдайлар мен кезеңдерге, сәттерге т.б. байланысты өзгеріп отыруы ықтимал. Мәселен, аскеттік этикадағы материалдылықтан бас тарту, жалпы концептуалды тұрғыдан оңды болғанмен, қазіргі қоғамдық өмір үшін белгілі бір санаулы адамдардың тобына тән ғұмыр кешу мәнері болып табылады немесе аса утилитарлық пен пайда құмарлықты тежеудің құралына айналады.

Тұлғаның өзін-өзі шексіз жетілдіруін негізге алатын перфекционистік бағыт ресми түрде өмір сүрудегі мақсаттар, мінез-құлықтар, дәстүрлер болғанмен, ол да әмбебаптанған емес, кейде сыни көзқарастарға да ұшырайды. Мәселен, күнделікті өмірімізде тұлғаны жетілдіру мен оның мүмкіндіктеріне оптимистік тұрғыдан қарау, қазіргі таңда ұрпақ тәрбиелеуде оның мүмкіндіктерін ашуға бет бұрумен жалғасып отыр. Ата-аналар да балаларын бірнеше тілді меңгеруге, өнерге баулуға,

мектеп бағдарламасын жетік білуге ғана емес, арнайы курстар арқылы одан сайын кемелдендіруге қарай бет бұратын беталыстар бар. Ал сыни тұрғыдан келгенде, шектен тыс перфекционизм баланың мүмкіндіктерін ескеруді, бала болмысына маңыз беруді, оның ойын кеңістігіне белгілі бір уақыт қалдыру қажеттілігін т.б. атап өтеді.

Нарықтық қоғамның идеологиясына сай прагматистік-утилитаристік бағыт қазіргі таңда материалдық құндылықтарға маңыз береді: бай-бақуатты болу өмірлік құндылықтарға айналғандай немесе оған шектен тыс басымдылық беру де кездеседі. Ол сыни тұрғыдан келгенде, адамның рухани-мәдени, психологиялық-моральдік келбетінің ығыстырылып қалуы үнемі назарда болуы тиіс екендігі айталады.

Сондай-ақ, қазіргі таңда Ю. Хабермастың философиясын негізге алған: қарым-қатынас психологиясы, қарым-қатынас синтаксисі т.б. салалар қарқынды дамып келеді. Қазіргі қоғам қарым-қатынастар мен түсіністіктің құндылыққа айналған кезеңі болып саналады. Дегенмен, аналитикалық тұрғыдан қарағанда оның өзіндік тетіктері де күрделі.

Ал құқық философиясы қазіргі адамзат қоғамы мен күнделікті тұрмыста айрықша мәнге ие болған. Бірақ ең бастысы құқықтық ережелердің ноуменалды құндылықтары емс, оның сақталуы мен орындалуына маңыз беру керектігі басты орынға қойылып отыр. Бұл біздің Қазақстан мемлекеті үшін де аса маңызды түйткілді мәселердің біріне айналған.

Кері байланыс.

1. Практикалық философиядағы шешімдерді қабылдау бойынша Сіз көп жағдайда қандай бағытты таңдар едіңіз және оны түсіндіріп өтіңіз.

2. Ю. Хабермастың, В. Франклдың т.б. идеяларын қоғамдық өмірде адамдардың пайдаланған сәттерді талдап беріңіз.

3. Марксизм идеологиясының қолданылуындағы кемшін тұстар мен игілікті жақтарын ашып беріңіз.

Пайдаланатын әдебиеттер

1. Маслов В.М. Практическая философия: современные основы и необходимость//Известия Саратовского университета.

Новая серия. Серия: Философия. Психология. Педагогика. 2023. Т. 23, вып. 1. С. 25-29. <https://doi.org/10.18500/1819-7671-2023-23-1-25-29>, EDN: SNZER

2. Осипов Ю.М. Философия на миру: абстракции и практика // Философия хозяйства. 2014. № 3. С. 9-14.

3. Society for Applied Philosophy. URL: <https://www.appliedphil.org> (дата обращения: 15.12.2022).

4. Савкин Н.С. Прикладная философия: предмет, структура, функции // Гуманитарий: актуальная проблемы гуманитарной науки и образования. 2010. № 1. С. 2-8

5. Миронов В.В. О роли философии в обществе: уроки К. Маркса // Вестник Московского университета. Сер. 7. Философия. 2018. № 5. С. 12-19.

6. Briggles A. A Field Philosopher's Guide to Fracking: How One Texas Town Stood Up to Big Oil and Gas. New York: Liveright Publishing Corp, W. W. Norton & Company, 2015. -352 p.

7. Хилгартнер С., Боск Ч.Л. Рост и упадок социальных проблем: концепция публичных арен // Социальная реальность. 2008. № 2.- С. 73-94.

8-ДӘРІС.

ДИЗАЙН-ОЙЛАУ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІ

1. Дизайн-ойлау тұжырымдамасы
2. Білім берудегі дизайнды ойлау тәсілдері
3. Дизайн-ойлаудың сын-қатерлері

Дизайн-ойлау тұжырымдамасы

Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесі жаһандануға, технологиялық революцияға және еңбек нарығындағы өзгерістерге байланысты жаңа сын-қатерлерді басынан кешіруде. Жоғарғы білім саласындағы үздіксіз реформалар оқыту форматының өзгертуіне әкелді. Тұрақты өзгерістер жағдайында түлектерден өзінің кәсіби саласын терең білу ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау, шығармашылық және күрделі мәселелерді шешу дағдылары талап етіледі. Оқу процесінің бір бөлігі студенттердің тапсырмаларды орындау қабілетін көрсете алуы болып табылады, бұл олардың есептерді шешу қабілетін жанама түрде көрсетеді. Мәселені шешу дағдыларын дамыту үшін студенттерге негізгі идеяларды және келесі қадамдарды дамыту бойынша нұсқаулық қажет, түпкі нәтиже олардың шығармашылық деңгейін көрсетеді. Бұл тұрғыда дизайн ойлау дағдылары өте маңызды болуы мүмкін, өйткені олар қадамдардың икемді тізбегін және итерация циклін қамтиды. Осылайша, дизайн-ойлау 21 ғасыр дағдыларын дамыту үшін оқу мен оқытуда қолдануға болатын тамаша құрал деп санауға болады.

Дизайн-ойлау – бұл дизайнерлердің кәсіби тәжірибесінен бастау алатын проблемаларды шешу әдістемесі. Бұл тәсілдің негізгі қағидасы – пайдаланушылардың қажеттіліктеріне назар аудару және эмпатия, бұл күрделі мәселелердің стандартты емес шешімдерін табуға мүмкіндік береді. Дизайн-ойлау бұл түпкілікті пайдаланушының мүдделеріне бағытталған мәселелерді шешудің жүйелік тәсілі. Дизайн-ойлаудың әдеттегі аналитикалық ойлаудан айырмашылығы сыни талдау емес, шығармашылық көзқарас болып табылмай.

Дизайн-ойлау ойлау стилі немесе кейіннен дизайн-ойлауға негізделген әрекеттерде көрінетін когнитивтік процестерді зерттеу ретінде сипатталады. Бұл тәсіл нақты объектілерді жасаудан гөрі дизайнерлер қолданатын танымдық процесс ретінде қарастырылады. Дизайн-ойлау сонымен қатар студенттерге пәнаралық ортада жұмыс істеуге және оң өзгерістерге ықпал етуге мүмкіндік беретін когнитивтік оқыту және дизайн формаларын қамтитын тұтас тұжырымдама болып табылады.

Проблеманы шешу тәсілі ретінде дизайн-ойлау «қиын мәселелер» деп аталатын шешуі және анықтауы қиын күнделікті өмірдің күрделі әлеуметтік мәселелеріне қолданылды. Осылайша, дизайндық ойлау күрделі, анық емес және дұрыс анықталмаған мәселелердің нақты шешімдерін ұсынады. Ол нақты пайдаланушы топтары үшін жаңа тәсілдерді ұсына отырып, идеяларды генерациялауға және ұқсас мәселелердің шешімдерін (өнімдер, қызметтер, жүйелер) табуға бағытталған.

Дизайн-ойлауды пәнаралық тұжырымдама ретінде қарастыруға болады, ол пәндер бойынша шығармашылық жұмыстың құнды әдістемесін қамтамасыз етеді, өйткені ол монопәндік ойлауды толықтырады. Тар техникалық мәселелерді шешуге бағытталған ғылымдағы аналитикалық ойлаудан айырмашылығы, дизайн-ойлауды оқыту стратегиялары көптеген пәндер мен перспективаларды тартуға бағытталған.

Шығармашылық жұмыс креативтілікті қажет етеді, бұл студенттер үшін 21 ғасырдағы негізгі дағды. Зерттеушілер шығармашылықтың мұғалімдер үшін де маңызды екенін айтады, бірақ мұғалімдер кездесетін қиындықтарға байланысты ол көбінесе сыныптағы екінші дәрежелі әрекет ретінде қабылданады. Көптеген адамдар үшін шығармашылық қалаулы, бірақ қорқынышты дағды болып қала береді.

Шығармашылық ойлаумен немесе мәселені шешумен бетпе-бет келгенде, көптеген адамдар өзін «креативті» деп санаудан аулақ болады немесе интеллектуалдық тәуекелге барудан және ашық көзқарасты қабылдаудан ыңғайсыз сезінеді. Шығармашылық пен ашықтық күш-жігерді қажет ететіндіктен, студенттерге олардың шығармашылық қабілеттерін бағыттауға

және «тұйықтықтарды саналы түрде жеңуге» көмектесетін икемді құрылым қажет.

Дизайн-ойлау оқытушыларға практикалық мәселелерді шешуде шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектесетін икемді және қолжетімді құрылымдарды қамтамасыз етуі керек. Робинсон және Пендлтон-Джуллиан және Браун дизайндағы ойлау дағдылары 21 ғасыр шығармашылығының кілті екенін айтады. Дизайн-ойлау көбінесе бизнесте және өнім мен қызмет көрсетуде қолданылғанымен, ол білім беруде де қарастырылады. Оқу жоспары мен педагогикалық тәсілдерді жақсарту үшін жобалау ойлауының әлеуетін көптеген білім беру саласындағы ғалымдар мен зерттеушілер қолданады.

Білім берудегі дизайнды ойлау тәсілдері

Дизайн-ойлау – мәселенің шешімін ұсынатын жобалау процесіне жақындау әдісі. Бұл тәсіл шешім қабылдау процесіне айтарлықтай әсер етеді, бұл өз кезегінде білім беру саласында жаңа және инновациялық идеяларды жасауға әкеледі. Бұл бөлімде педагогикалық тәсілдерге назар аудара отырып, білім берудегі ойлауды жобалау тәсілдері талқыланады және әзірленеді.

1) Білім берудегі дизайнды ойлау. Дизайн-ойлау көбінесе ақпараттық технологиялар, бизнес, зерттеулер, инновациялар және білім беруді қоса алғанда, көптеген кәсіптер мен салаларда мәселелерді шешудің жаңа парадигмасы ретінде аталды. Бұл тәсілді ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту үшін оқыту мен оқытуда қолданылатын қуатты құрал ретінде қарастыруға болады. Ол ақпаратты іздеу және өңдеу, нақты әлемді, адамдардың тәжірибесі мен кері байланысын ескере отырып, шығармашылықты, сыни ойлауды және коммуникацияны қолдану арқылы мәселелерді шешу үшін ынтымақтастықты қамтиды.

Кейбір зерттеулер жобалық ойлауды «жобалау негізіндегі оқыту» деп атайды. Ол «шығармашылықты, тұрақтылықты, белсенділікті және инновацияны арттырудың үлгісі» ретінде қабылданады. Педагогикадағы жобалық ойлаудың пайдасы «оқушыларға пәнаралық командаларда табысты жұмыс істеуге

және әлемде дизайнға негізделген оң өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді». Басқаша айтқанда, дизайн-ойлау тәсілін күнделікті мәселелерді шешуге бағытталған мәселені шешу әдісі ретінде қарастыруға болады.

2) Білім берудегі ойлауды педагогикалық тәсілдер арқылы жобалау. Дизайн-ойлау қабілетін мектептегі әртүрлі іс-әрекеттер арқылы, әсіресе топтық жұмыс және жобалар арқылы дамытуға болады, өйткені дизайн-ойлаудың негізгі алғышарттарының бірі топтық жұмыс және ашық қарым-қатынас болып табылады .

Рәй шағын топтарда немесе «ынтымақтастықта» жұмыс істегенде қолданудың алты қадамын ұсынады:

- Мүмкіндіктерді анықтау.
- Дизайн әзірлеу.
- Прототиптерді жасау.
- Кері байланыс алыңыз.
- Масштабтау және тарату.
- Таныстыру.

Ол білімалушыларды бір-бірінің идеяларымен келіскен кезде «иә» деп, келіспесе «иә, бірақ...» деп айтуды ұсынды. Бұл басқа студенттердің өз пікірлерін білдіруіне және прототиптерді жасау үшін қажет балама идеяларды іздеуге кедергі келтірмеу үшін жасалады. Бұл идея кейде тіпті кішігірім өзгерістер нәтижелерде үлкен айырмашылықты тудыруы мүмкін екенін көрсетеді.

Дәріс білім алушыларға шешуге ұсынылатын есеппен басталады. Әрекет жоғарыда сипатталғандай алты қадамды қамтиды.

1-қадам: Мүмкіндікті анықтау

Бұл кезеңді сыныптағы фронтальды әрекет немесе топтық жұмыс ретінде өткізуге болады. Бұл кезеңде студенттер мәселені шешудің қажеттілігін, сондай-ақ ұсынылған шешімнен пайда алатындарды анықтауы керек. Содан кейін студенттерге өз тәжірибесімен бөлісу үшін мәселеге жеке әсер ететін сырттан біреуді таңдау ұсынылады. Студенттер бұл адамнан сұхбат алуы керек. Мұны сабақтан тыс іс-шара ұйымдастыру арқылы немесе осы адамдарды студенттер сұрақтар қоя алатын сессияға қатысуға шақыру арқылы жасауға болады. Сонымен қатар, сұхбаттарды онлайн платформалар арқылы ұйымдастыруға болады.

2-қадам: Даму процесі

Бұл кезеңде оқушылар естіген әңгімелерін талдап, шешу жолдарын табады. Мұны істеудің бір жолы - студенттерге өз идеяларын жазу үшін жабысқақ қағаздар мен қаламдар беру. Оқушылар идеяларды құрастырып болғаннан кейін негізгі тақырыптарды анықтау керек. Бұл кезде студенттер өздерінің бастапқы идеяларын одан әрі зерттеу үшін шағын топтарға бөліне алады.

3-қадам: Прототип

Келесі қадам - ұсынылған идеяларды қарап шығу және бір прототипті таңдау. Бұл прототип мәселенің бір аспектісін шешуі керек. Бұл кезеңде студенттер ұсынылған мәселенің белгілі бір аспектісін шешуге назар аударады. Одан кейін студенттер мәселенің келесі аспектісін таңдап, оны шешуге дәл осылай қарайды. Ойлау процесін визуализациялау үшін процесті анық көрсететін миға шабуыл картасын жасау ұсынылады. Картаны стикерлер мен қағаз арқылы жасауға болады. Бұл карта әрекеттің келесі кезеңі үшін пайдалы болады.

4-қадам: Кері байланыс

Бұл кезеңде топтар кері байланыс үшін сыртқы сарапшыларға өз шешімдерін ұсынады. Өртүрлі мүдделі топтардан кем дегенде екі сарапшыны тарту ұсынылады. Мысалы, студенттер жазғы демалыс кезінде жастарды жұмыспен қамту мәселесін талқыласа, бір сарапшы жастардың жазғы жұмысын қолдайтын тәрбиешілерді немесе ата-аналарды, ал екіншісі жастарды жұмысқа алуға құлықсыз жұмыс берушілерді ұсынуы мүмкін.

5-қадам: Масштабтау және тарату

Бұл кезеңде оқушылар алдыңғы кезеңде алынған кері байланыс негізінде оңтайлы шешім табу үшін топпен жұмысты жалғастырады. Бұл үдеріс студенттердің идеяларына жетекшілік ететін мұғалімнің көмегін қажет етеді. Егер топ сарапшылардан көптеген ескертулер алған болса, оны әрқайсысы бір мәселе бойынша жұмыс істейтін бірнеше кіші топтарға бөлуге болады. Содан кейін кіші топтар презентацияға арналған ортақ ұсынысты келісу үшін жиналады.

6-қадам: Таныстыру

Топтар мәселені шешу жолдарын ұсынады. Студенттер үшін процесті неғұрлым мағыналы ету үшін бірінші кезеңде студенттер сұхбаттасатын адамдарды шақыруға болады.

Бұл әрекеттер студенттерге нақты өмірлік мәселені шешуге және оны қажет ететін адамдарға шешуге мүмкіндік береді. Жаман немесе дұрыс емес шешімдер жоқ, өйткені дизайн-ойлау теориясына сәйкес бір мәселені әртүрлі тәсілдермен шешуге болады. Оқытушы үшін басты қиындық – бұл әрекеттің көп уақытты қажет ететіндігі және оны бір сабақта немесе лекцияда аяқтауға болмайды. Кез келген жобалық іс-әрекет сияқты, ол ұзақ кезеңге таралады, сондықтан мұғалім тапсырманың әрбір бөлігін орындаудың нақты кестесін белгілей отырып, процесті басқара алады. Оқытушылар бар материалдарды өздерінің оқу қажеттіліктеріне және мақсатты топтарына бейімдей алады және студенттерді оқуға ынталандыру үшін өздерінің оқу материалдарын жасау үшін дизайн-ойлау принциптерін қоса алады.

Дизайн-ойлаудың сын-қатерлері

Дизайн-ойлау оқу мен оқыту процесінің маңызды бөлігіне айналды. Дегенмен, оны жүзеге асыру жолында көптеген қиындықтар мен кедергілер бар. Оқытушылар мен студенттерге білім беруде дизайн-ойлауды қолданудың негізгі мәселелері төменде талқыланады.

1) Оқытушыларға қойылатын сын-қатерлер. Дизайн-ойлау – бұл шығармашылықты дамытатын, дағдыларды қалыптастыратын, студенттерге шеңберден тыс ойлауға көмектесетін, оларды жобалау әрекеттеріне тартатын және олардың дарындылығын көрсететін жоғары тиімді оқу процесі. Дегенмен, білім беру жүйелері дизайн-ойлауды қолдана отырып, жаһандық стандарттарға қол жеткізуге тырысқанда кездесетін елеулі қиындықтар бар.

Жүйелі және тиімді оқыту үшін оқу материалдарын сапалы дайындау қажет. Ценг және басқалары жүргізген зерттеуде, болашақ ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің веб-конференция контекстінде технологиялық білімді, педагогикалық тәсілдер мен мазмұнды (ТРАСК) қалай енгізетінін қарастырды. Ғалымдар онлайн оқытуда қолданылатын дизайн-ойлау материалдары дыбыс сапасының нашарлығы сияқты техникалық мәселелерге

тап болатынын анықтады, бұл студенттердің сабақ кезінде оқытушының сөйлегенін естуін қиындатады.

Мектептерде оқытуға дизайн-ойлауды қолдануда мұғалімдердің тәжірибесінің болмауы – бұл дизайн-ойлау әдістері туралы ең өзекті және өзекті ақпаратты беруге тырысқанда мұғалімдердің тағы бір қиындығы. Бұл оқытушы оқу үдерісінде күтілетін көмекті көрсете алмаған кезде студенттер арасында түсініспеушілік тудыруы мүмкін.

Сонымен қатар, дизайн-ойлауды сыныптағы оқытуға бейімдеу студенттерге оның негіздерін түсіну үшін көп уақытты қажет етеді. Дегенмен, мұғалімдердің бос жұмыс кестесіне байланысты бөлінген уақыт жиі жеткіліксіз болады, бұл сыныпта дизайн-ойлауды жаттықтыруға уақыттың жетіспеушілігіне әкеледі.

Сондай-ақ білім беруде дизайн-ойлауға дайындықтың жоқтығы мұғалімдердің шығармашылық және инновациялық ойлауын дамытуды қиындатады. Бұл оқушылардың жобалық ойлау әдістерін қолдану арқылы оқуға деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Тренингтің болмауы мектептегі мұғалімдер арасындағы байланысты шектейді, бұл оқушыларға да, олардың нәтижелеріне де теріс әсер етеді.

Кесте – 1.

Сын-қатерлер сипаттамасы

Оқытушылар үшін сын-қатерлер	Білімалушылар үшін сын-қатерлер
Ресурстардың жетіспеушілігі.	Шатасу және көңілсіздік.
Тәжірибенің болмауы.	Шығармашылықтың болмауы.
Шектеулі уақыт.	Жақсы идеялардың болмауы.
Дайындықтың болмауы	Топтық жұмыстың қиындықтары.

2) Білім алушыларға арналған сын-қатерлер. Студенттер дизайн-ойлауды алғаш рет үйрене бастағанда, олар өздерінің жеке ойлау стиліне негізделген тәсілді түсінуге және меңгеруге тырысқанда, әсіресе жобаларды орындау кезінде шатасу мен

көңілсіздікке ұшырауы мүмкін (Panke, 2020). Зерттеушілер студенттер дизайнер-ойлауды меңгеру үшін қажет әртүрлі перспективаларды түсіну арқылы мүмкіндіктер жасауға ұмтылуы керек деп санайды.

Сонымен қатар, студенттер шығармашылықтың болмауына байланысты дизайн-ойлауды меңгеруде қиындықтарға тап болуы мүмкін, әсіресе мәселелерді шешу кезінде. Олар көбінесе проблеманы шығармашылық үшін мүмкіндік ретінде қабылдамайды, бұл мәселені шешуді қиындатады. Сондықтан шығармашылық білім беруде дизайн-ойлауды қолданудың маңызды негізі болып табылады.

Студенттер үшін тағы бір қиындық – жақсы дизайн идеяларының жоқтығы, бұл көбінесе мотивацияның болмауына және мұғалімдер берген тапсырмаларды орындауға құлықсыздыққа әкеледі. Дегенмен, жақсы идеяларды тудыру оқушылардың оқу іс-әрекетіне деген белсенділігі мен қызығушылығын айтарлықтай арттыруы мүмкін.

Сонымен қатар, студенттер жобалық ойлау жобаларын орындау кезінде топтық жұмыс қиындықтарына тап болуы мүмкін. Бұған команда ішіндегі қақтығыстар немесе қиындықтар, соның ішінде келіспеушіліктер мен ынтымақтастықтың болмауы себеп болуы мүмкін. Қарым-қатынастағы түсінбеушілік командалық жұмыстың бұзылуына әкелуі мүмкін. Топтық жұмыс дизайн-ойлауда өте маңызды, өйткені тапсырманы сәтті орындау үшін әртүрлі пікірлер қажет.

Қорыта айтқанда, білімалушылардың белгілі бір салаларда дағдылары немесе білімдері болуын талап ететін дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, жобалау ойлауы студенттер мен мұғалімдерді білімнің көптеген нысандарын, соның ішінде әлеуметтік, технологиялық және басқа да дағдыларды қолдануға шақырады. Дизайн-ойлаудың көптеген аспектілері қазірдің өзінде қолданылуда, бірақ олар проблеманы шешудің дәстүрлі әдістерінен тыс дизайн арқылы ойлау тәсілін ішінара ғана қамтиды.

Әрине, білім беруде дизайн-ойлауды қолдануда мұғалімдер мен студенттерге арналған қиындықтар сияқты кедергілер бар. Оқытушылар кездесетін қиындықтарға ресурстардың жетіспеушілігі, тәжірибенің жетіспеушілігі, уақыттың

шектеулілігі және дайындықтың болмауы жатады. Студенттер үшін қиындықтарға шатасу мен көңілсіздік, шығармашылықтың болмауы, жақсы идеялардың болмауы және топтық жұмыста қиындықтар жатады.

Осы қиындықтарды шешу үшін оқытушылар оқытудың жаңа және заманауи әдістерін қабылдауға дайын болуы керек, осылайша жобалау ойлауға негізделген оқыту сияқты жаңа әдістерді қабылдауға қысым жасамау керек. Сонымен қатар, жобалық ойлау мұғалімдердің кәсіби дамуына айтарлықтай әсер етеді. Дизайн-ойлау мәдениеті мектептердегі оқу мен оқытудың оң тәжірибесіне, сонымен қатар 21 ғасырдағы оқытудың ажырамас бөлігі болып табылатын мұғалімдердің кәсіби өсуіне және оқушылардың дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Кері байланыс

1. Дизайн-ойлау дегеніміз не?
2. Дизайн-ойлауды оқу үдерісіне енгізуде мұғалімдер мен студенттер қандай негізгі қиындықтарға тап болады және оларды жеңудің қандай жолдары бар?
3. Дизайн-ойлау мен дәстүрлі оқыту әдістерінің негізгі айырмашылығы неде?
4. Дизайн-ойлау процесі қандай қадамдарды қамтиды және олар білім беру ортасындағы шынайы мәселелерді шешуге қалай ықпал етеді?

Пайдаланған әдебиеттер

1 Thoring, K., & Müller, R. M. (2011). Understanding Design Thinking: A Process Model Based on Method Engineering. In Proceedings of E & PDE 2011, the 13th International Conference on Engineering and Product Design Education (pp. 1-7).

2 Ray, B. (2020). Design Thinking: Lessons for the Classroom. Edutopia. <http://www.edutopia.org/blog/design-thinking-betty-ray>

3 Panke, S. (2020). Design Thinking in Education: Perspectives, Opportunities and Challenges. Open Education Studies, 1, 281-306. <https://doi.org/10.1515/edu-2019-0022>

4 Watson, A. D. (2015). Design Thinking for Life. Art Education, 68, 12-18.

5 <https://doi.org/10.1080/00043125.2015.11519317>

6 Brown, T. (2009). *Change by Design: How Design Thinking Creates New Alternatives for Business and Society*. Harper Business.

7 Kelley, T., & Kelley, D. (2013). *Creative Confidence: Unleashing the Creative Potential Within Us All*. Crown Business.

8 Liedtka, J., & Ogilvie, T. (2011). *Designing for Growth: A Design Thinking Tool Kit for Managers*. Columbia University Press.

9 Cross, N. (2011). *Design Thinking: Understanding How Designers Think and Work*. Berg.

10 Plattner, H., Meinel, C., & Leifer, L. (2011). *Design Thinking: Understand – Improve – Apply*. Springer.

11 Stanford d.school. (n.d.). *Design Thinking Bootcamp Bootleg*. Retrieved from <https://dschool.stanford.edu/resources>

12 IDEO.org. (2015). *The Field Guide to Human-Centered Design*. IDEO.org.

13 Aalto University. (n.d.). *Design Thinking in Education*. Retrieved from <https://www.aalto.fi>

9-ДӘРІС. ДИЗАЙН-ОЙЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

1. Дизайн-ойлау эпистемологиясы
2. Дизайн-ойлау кезеңдері

Дизайн-ойлау тұжырымдамасы

Дәстүрлі ЖОО-ны жүйесінің шектеулері білім беруді қазіргі кездегі және болашақта туындауы мүмкін қиындықтарды шешуде қалай пайдалану керектігін қайта қарауға бағытталған маңызды әрекеттерді шабыттандырды. ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға қазіргі уақытта ерекше назар аударылуы да осы білім беру тәжірибелерін өзгертудегі ұмтылысты көрсетеді. Өзгерістерге деген қозғалыс, сонымен қатар, жоғары мотивацияға ие, өз бетімен әрекет ететін оқушылардың технологиялық мүмкіндіктерді еркін пайдалануынан туындап отыр, бұл жаңа оқу тәжірибелерінің көкжиегін кеңейтті. Бұл бастамалардың көбісі әлі де дамып жатқан және жетілдірілу үстінде болғандықтан, олардың барлық қырлары мен бағыттарын нақты сипаттау мүмкін емес. Дегенмен, білім беру реформасы туралы қазіргі пікірталастарда бұл жаңа оқыту бастамаларының бірнеше маңызды қырлары белгілі бір дәрежеде басымдылыққа ие бола бастағаны байқалады.

Қазіргі кезде дәстүрлі эпистемологиядан гөрі дизайн-ойлауға ерекше назар аудару байқалады (Cross, 2007). Дәстүрлі эпистемология білімді расталған шындық ретінде қарастырады. Сыныптағы дискурсқа қатысты білімнің эпистемологиялық критерийі оның «шындық» мәнін белгілеуге және оқу бағдарламалары авторларының бұл білімнің болашақта белгілі бір мамандықтарға дайындау және біліктілік беру тұрғысынан пайдалы болуын бағалауға негізделеді. Ал дизайн эпистемологиясы нақты өмірдегі мәселелерді шешу үшін пайдалы, практикалық идеяларды жасауға бағытталған. Дизайн контекстінде идеялар білімалушылардың еркін құруы мен ұсынуына негізделеді және дискурс қауымдастығының

әлеуметтік-тарихи контекстінде бағаланады. Rowland дизайн-ойлауды былай деп сипаттайды:

«Шешімдер дұрыс немесе бұрыс деп анық бағаланбайтын жағдайда, дизайнерлер бағалауды үйреніп, оның салдарлары арқылы өз шешімдерінің ақылдылығын түсінеді. Бағалау – бұл тек рационалды шешім қабылдау немесе түйсік емес. Бұл – тәжірибе мен рефлексия арқылы түсінікке қол жеткізіп, оны күрделі, анықталмаған және қайшылықты жағдайларға қолдану қабілеті» (Rowland, 2004).

Эпистемология – бұл философияның таным мәселелерін зерттейтін бөлімі, яғни білімнің табиғатын, негіздерін, шектерін және әдістерін зерттейтін ғылым. Эпистемологияның негізгі сұрақтары: Білім дегеніміз не? Білім мен сенімнің айырмашылығы қандай? Білім қалай алынады және оның шынайылығы қалай тексеріледі? Білімнің шегі бар ма?

Эпистемология грек тіліндегі ἐπιστήμη (epistēmē) — «білім» және λόγος (logos) — «оқу», «ғылым» деген сөздерден шыққан. Ол, әсіресе, мынадай аспектілерді зерттейді:

➤ Білімнің шынайылығы (ақиқат пен жалғандықты қалай ажыратуға болады).

➤ Қалай және қандай әдістер арқылы білім алуға болады.

➤ Білім мен сенімнің арақатынасы.

Білім беру контекстінде эпистемология білімалушыларға қалай ойлануға, үйренуге және білімді қолдануға үйретудің негізін құрайды. Сонымен қатар, эпистемология білімнің теориясы ретінде ғылым, өнер, философия және технология сияқты салалардағы зерттеулердің маңызды негізі болып табылады.

Дизайнды ойлау эпистемологиясы білімді алу кезеңдері мен жолдарын сипаттайды. Дизайн эпистемологиясын (Rowland, 2004; Tsai et al., 2013) немесе дизайнерлік таным тәсілдерін (Cross, 2007) енгізу білім беру кеңістігін кеңейтіп, жаңа білім беру ландшафтына байытылған көкжиек береді. Дизайн эпистемологиясы ғылыммен байланысты дәстүрлі эпистемологияны жоққа шығармайды. Resnick (2010) XXI ғасыр дағдылары мықты сауаттылық пен есептеу негіздеріне сүйенетін білімге негізделген ойлауды қажет етеді деп атап көрсетеді.

Anderman, Sinatra және Gray (2012) жылдам дамып жатқан білімнің бейімделгіш ойлауды және ғылым мазмұнын терең түсінетін студенттерді талап ететінін көрсетеді. Дәстүрлі білім беру, негізінен, инновацияға немесе шығармашылық қызметке қарсы емес. Бірақ ол студенттерге жеткілікті білім алып, мықты негіздер қалыптастыруды талап етуде тым сақтық танытады, содан кейін ғана білім жасау процесіне кірісуді ұсынады. Қазіргі контексте бұл «алдымен үйрену, кейін құру» тәсілі жалғыз немесе ең тиімді жол болмауы мүмкін. Дегенмен, дизайн-ойлаудың өзіндік кезеңдері бар, оларды дұрыс ұйымдастыра білгенде үлкен жетістікке жете алатынымыз анық.

Дизайн-ойлау кезеңдері

Дизайн-ойлау (Design Thinking) – жаңа құрылымның пайда болуына және ескі құндылықтарды қайта бағалауға жауап ретінде мыңжылдықтардың тоғысында қалыптасқан дүниетанымдық және әдістемелік қағидаттардың кешені.

Шығармашылық тәсіл, командалық жұмыс, адамдарға бағытталу, қызығушылық және оптимизм – дизайн-ойлаудың негізгі құрамдас бөліктері. Бұл әдістеме бар проблемаларға жаңа шешімдер іздеуде жиі қолданылады. Бірақ дизайн-ойлау процесі неде және оны қалай қолдануға болады?

«Дизайн» сөзі көбінесе бізде белгілі бір объект немесе нақты нәтиже ретінде қабылданады, бірақ бұл оның жалғыз мағынасы емес. 1996 жылы Герберт Саймон өзінің «Sciences of the Artificial» кітабында дизайнды бар жағдайды қалаулы жағдайға айналдыру процесі деп анықтады. Осылайша, дизайн-ойлау – әрдайым жақсы болашақ жасауға және әртүрлі салалардағы күрделі мәселелерге жаңа шешімдер табуға бағытталған процесс.

Дизайн-ойлаудың басты ерекшелігі – аналитикалық ойлаудан айырмашылығы, бұл жерде бастысы сын тұрғысынан талдау емес, шығармашылық процесс. Мұнда кейде күтпеген идеялар мәселенің ең жақсы шешіміне әкелуі мүмкін.

Герберт Саймонның зерттеуі бойынша, дизайн-ойлау процесінде **7 кезең** бар, олар: эмпатия, мәселені анықтау және

зерттеу, талдау, идея қалыптастыру, прототиптеу, тестілеу, итерация.

Эмпатия дегеніміз не?

Эмпатия – адамға бағытталған дизайнның негізі. Эмпатия кезеңінде сіз:

- Бақылайсыз. Пайдаланушыларды, олардың әрекеттерін және күнделікті өмірін зерттеңіз.

- Қатысасыз. Пайдаланушылармен бетпе-бет кездесіп, олармен сөйлесіңіз.

- Сезінесіз. Пайдаланушылардың қандай жағдайдан өтіп жатқанын және қандай тәжірибе алатынын түсінуге тырысыңыз.

Эмпатия кезеңі не үшін қажет?

Сіз дизайн жасап жатқан адамдарды түсінуіңіз керек. Сіз жұмыс істеп жатқан мәселелер сирек өзіңізге қатысты болады — бұл пайдаланушылардың мәселелері. Сондықтан, шешімді табу үшін сіз олардың құндылықтары мен сезімдерін түсініп, эмпатия көрсетуіңіз қажет.

Адамдардың не істеп жатқанын және қоршаған ортамен қалай әрекеттесетінін бақылай отырып, сіз олардың ойлары мен сезімдерін түсіне аласыз. Бұл түсінік олардың қажеттіліктерін анықтауға көмектеседі. Пайдаланушыларды бақылай отырып, олардың шынайы өмірі қандай екенін көресіз, олардың тәжірибесін терең деңгейде талдайсыз және маңызды инсайттар таба аласыз.

Алайда, бақылауды және инсайттарды анықтауды үйрену оңай емес. Неліктен? Себебі біздің миымыз ақпараттың көп бөлігін автоматты түрде сүзгіден өткізеді, біз оны байқамаймыз да. Сондықтан барлығын жаңа көзқараспен қарауды үйрену маңызды.

Эмпатия әдістері: «Жаңадан келген (новичок)» әдісі, «Не? Қалай? Неге?» әдісі, «Камера арқылы өмірі» әдісі, «Тарихпен (оқиғамен) алмасу» әдісі.

1) **«Жаңадан келген (новичок)» әдісі не үшін керек?** Бәрімізде өзіміздің жеке тәжірибеміз бен көзқарасымыз бар. Бұл багаж жұмыс барысында маңызды, бірақ оны дұрыс уақытта және дұрыс жерде қолдану қажет. Сіздің болжамдарыңыз қате немесе стереотипті болуы мүмкін, ал бұл эмпатияны толық сезінуге кедергі келтіреді. Сондықтан, барлығын жаңа көзқараспен көруге

тырысыңыз, өз біліміңізді уақытша шетке қойып, тапсырмаға таза, жаңадан келген адамның көзімен қараңыз.

«Жаңадан келген (новичок)» әдісін қолдану жолдары:

➤ **Баға бермеңіз.** Пайдаланушыларды бақылап, олармен әрекеттескен кезде олардың іс-әрекеттеріне, жағдайларына, шешімдеріне немесе мәселелеріне баға бермеңіз.

➤ **Барлығына күмәнмен қараңыз.** Сізге белгілі болып көрінген нәрселерге де күмән келтіріңіз және оларды тексеріңіз. Пайдаланушының әлемді қалай қабылдайтынын жақсырақ түсіну үшін сұрақтар қойыңыз.

➤ **Бала сияқты ойлаңыз.** Үнемі «Неге?» деп сұраңыз. Бірінші сұраққа жауап алған соң, тағы да «Неге?» деп сұраңыз. Бұл тәсіл мәселені тереңірек зерттеуге көмектеседі.

➤ **Шынайы қызығушылық танытыңыз.** Әлемді таңғажайыпқа және ғажайыптарға толы деп қабылдаңыз, әсіресе сізге таныс немесе жағымсыз көрінетін жағдайларда.

➤ **Үлгілерді іздеңіз.** Пайдаланушылармен өзара әрекеттесу кезінде қайталанып отыратын тақырыптар мен оқиғаларды іздеңіз. Бұл маңызды үрдістерді анықтауға көмектеседі.

➤ **Тыңдаңыз.** Шын мәнінде тыңдаңыз. Өз ойларыңыздан арылып, қолданушылардың не айтып жатқанын және оны қалай айтып жатқанын қабылдаңыз. Пайдаланушыға не айту керектігін ойлаудың орнына, оның сөздеріне және эмоцияларына назар аударыңыз.

2) «Не? Қалай? Неге?» әдісі – бұл далалық зерттеулер мен тақырыпты тереңірек зерттеуге арналған құрал. Кескінге жалпы қараудан бас тартып, бір нақты жағдайға, оның мотивтері мен эмоцияларына назар аударыңыз. Бұл әдіс әсіресе дала зерттеулері кезіндегі фотосуреттерді талдау үшін пайдалы. Ол пайдаланушылардың қажеттіліктері мен олардың іс-әрекеттерінің себептерін анықтауға көмектеседі.

«Не? Қалай? Неге?» әдісін қалай қолдануға болады?

➤ Дайындық. Қағазды үш бөлікке бөліңіз: «Не?», «Қалай?», «Неге?».

➤ Бақылаудан бастаңыз (Не?). Суреттегі адам не істеп жатыр? Детальдарды жазыңыз. Барлық ұсақ-түйектерді жазып алыңыз, бірақ болжамдар жасамаңыз.

➤ Түсінуге көшіңіз (Қалай?). Суреттегі адам мұны қалай істеп жатыр? Оған қиын ба? Ауырсыну сезінеді ме? Ол асығып жатыр ма? Контекст оның көңіл-күйіне әсер ете ме? Бақылауларыңызды үстеу мен сын есімдерді пайдаланып жазыңыз.

➤ Интерпретациядан аулақ болыңыз (Неге?). Неге суреттегі адам мұны істеп жатыр? Неге дәл осылай істейді? Оның мотивтері мен сезімдері туралы болжам жасаңыз. Осы әрекеттің шынайы, ойдан шығарылмаған себептерін анықтауға тырысыңыз. Оның мінез-құлқы туралы гипотеза жасаңыз, кейін оны пайдаланушылармен бірге тексеріп, адамның дәл осылай әрекет етуінің себебін түсініңіз.

3) **«Камера арқылы өмір» әдісі** – пайдаланушыларды жақсырақ түсіну үшін олардың қалай өмір сүретінін және күнделікті міндеттерін білу қажет. Бұл әдіс сізді пайдаланушы әлеміне тереңірек ендіруге көмектеседі.

«Камера арқылы өмір» әдісін қолдану жолдары:

➤ Нақты зерттеу мақсатын анықтаңыз. Сіз пайдаланушы туралы не білгіңіз келетініне шешім қабылдаңыз.

➤ Зерттеудің мәнін түсіндіріңіз және рұқсат алыңыз. Пайдаланушыларға зерттеудің мақсатын түсіндіріп, олардың күнделікті өмірін суретке түсіруге келісімін алыңыз. Фотосуреттерді қолдануға рұқсат сұраңыз.

➤ Пайдаланушыны камерамен және нұсқаулармен қамтамасыз етіңіз. Камера беріп, нақты тапсырмалар жүктеңіз. Мысалы: «Біз сіздің күніңіз қалай өтетінін білгіміз келеді. Кез келген күнді таңдаңыз және сол күні камераны әрдайым өзіңізбен алып жүріп, сіз үшін маңызды сәттерді түсіріңіз». Немесе: «Таңғы жаттығуыңызды қалай жасайтыныңызды түсіріңіз». Немесе: «Сіз үшін маңызды ас үй заттарын камераға түсіріңіз». Зерттеу үшін қажеттіден көбірек ақпарат түсіруді сұраңыз. Көбірек мәлімет жинау контексті жақсы түсінуге және қызықты инсайттарды табуға көмектеседі.

➤ Фотосуреттерді жинағаннан кейін сұхбат жүргізіңіз. Пайдаланушыдан осы суреттерді не үшін түсіргенін және олар үшін нені білдіретінін сұраңыз. Ашық болыңыз, пайдаланушыдан осы суреттердің оның құндылықтары мен өміріндегі маңызын түсінуге тырысыңыз.

4) «Тарихпен (оқиғамен) алмасу» әдісіне бүкіл команда қатысуы керек, себебі бұл үш негізгі себеп бойынша маңызды:

а) бірлескен түсінік: әңгіме алмасу команда мүшелеріне бір-бірінің бақылаулары мен естігендерін жылдам түсінуге көмектеседі. Тіпті барлық команда мүшелері бір жерде болғанның өзінде, әр қатысушының жеке көзқарасын есту пайдалы болады.

б) талдау мен толықтыру: әңгімелерді тыңдап және жетекші сұрақтар қоя отырып, команда мүшелері жағдайды басқа қырынан көріп, жұмыстың қосымша детальдарын табуы мүмкін. Бұл жиналған ақпаратты синтездеудің тамаша бастамасы болады.

с) ортақ қатысу: әрбір қызықты детальді белгілеу арқылы бүкіл команда жұмыс кеңістігін толтыру процесіне қатысады.

«Тарихпен (оқиғамен) алмасу» әдісіне қалай жүзеге асады?

➤ Барлық бақылауларыңыз бен есте қалған әңгімелеріңізді бөлісіңіз. Әрбір команда мүшесі пайдаланушылар туралы әңгімелерді айтып, өз бақылауларын оқуы керек.

➤ Әңгімедегі маңызды сәттерге назар аударыңыз. Тыңдаушылар әрбір әңгіменің ерекше тұстарын байқауға тырысуы қажет. Барлық қызықты детальдарды белгілеңіз және оларды стикерлерге жазыңыз.

➤ Стикерлерді қолдану: Әр стикерге тек бір деталь немесе бақылау жазыңыз. Барлық бақылаулар мен инсайттар стикерлерге жазылғаннан кейін, олар команданың жұмыс кеңістігінің бөлігіне айналады. Стикерлерді тақырыптарға, үлгілерге (паттерндерге) топтастыруға немесе матрицалармен жұмыс істеу үшін қолдануға болады.

Мәселені анықтау және зерттеу дегеніміз не?

Мәселені анықтау – дизайнды ойлаудың ең маңызды кезеңі. Себебі, егер сіз мәселені дұрыс анықтамасаңыз, онда процесс барысында тапқан шешіміңіз қажетті мәселені емес, басқа проблеманы шешуі мүмкін. ***Зерттеу*** – мәселенің тарихын шолудан басталады. Бұрын біреу осы мәселемен бетпе-бет келді ме? Бұл мәселені қалай шешуге тырысты? Бұл шешімдер табысты болды ма, әлде сәтсіз бе? Неге? деген сұрақтарға жауап береді. Мәселенің тарихын зерттеу сізді бұрын жасалған қателіктерден сақтап, «велосипед ойлап табудан» құтқарады.

Мәселені анықтау және зерттеу әдістері: «толтыру және топтастыру» әдісі, «жинақталған бейне» әдісі, «матрица» әдісі, «тексеру тізімі» әдісі.

➤ **Толтыру және топтастыру әдісі** – жұмыс кеңістігін ұйымдастырып, оны тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Команда мүшелері өздерінің бақылауларын, ойларын және инсайттарын стикерлерге жазып, жұмыс кеңістігін толтырғанда, бұл кеңістік шығармашылық шабыт береді және ақпаратқа жылдам қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Стикерлерді тақырыптар мен үлгілер (паттерндер) бойынша топтастыру пайдаланушылардың инсайттары мен қажеттіліктерін анықтауға көмектеседі.

➤ **«Жинақталған персонаж» әдісі** – бұл команданың назарын пайдаланушы ретінде қабылданатын нақты адамды сипаттауға бағыттайтын әдіс. Бұл әдіс әртүрлі немесе бір-біріне қайшы келетін сипаттамаларды бір портретке біріктірмеуге мүмкіндік береді, оның орнына шынайы және өзекті пайдаланушының бейнесін қалыптастырады.

➤ **«Матрица» әдісі** – пайдаланушы туралы ақпаратты және шешілетін мәселені талдау мен синтездеуге, сонымен қатар заттар мен адамдар арасындағы өзара байланысты табуға көмектеседі. Бұл әдіс ақпаратты екі өлшемді матрицаға орналастыру арқылы жаңа инсайттар мен тереңірек зерттеуді қажет ететін салаларды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, матрица әдісі объектілер арасындағы байланысты айқынырақ көрсету үшін тиімді. Әдістің мақсаты - зерттелетін объектілердің арасындағы байланысты анықтау. Жаңа инсайттар мен мүмкіндіктерді табу. Жобаны жақсарту үшін ақпаратты құрылымдап, визуализациялау.

➤ **«Тексеру тізімі» әдісі** – POV (Point-of-View) сапасын, бірегейлігін және тиімділігін бағалау үшін қолданыңыз. Бұл әдіс сіздің POV-тың қызықты, шынайы, нақты және ынталандыратын болуын қамтамасыз етеді. Бұл әдіс әлсіз POV-ты түзетпейді, бірақ оның қаншалықты жұмыс істейтінін бағалауға көмектеседі. «Тексеру тізімі» әдісін алғаш рет Дэвид Лараби Стэнфорд білім беру мектебінде әзірлеген және кейін дизайнды ойлау процесіндегі POV-ты бағалауға бейімделген.

«Тексеру тізімі» әдісі қалай қолдану үшін келесі сұрақтарды қою керек:

а) Мәні неде? Сіздің командаңыз қандай көзқарастан шығып отыр? Жарияланған POV-тың шекарасы қандай? Ол пайдаланушыдан, оның қажеттіліктерінен немесе сіздің инсайтыңыздан бастау ала ма?

б) Мұны кім айтты? Сіздің POV қаншалықты дәлелденген? POV-тағы тұжырымдар зерттеу нәтижелерімен расталған ба? Сіздің бақылауларыңыз тексерілген бе? Олар сұхбаттан тыс жағдайларда қолданылуы мүмкін бе?

с) Не жаңалық? Сіздің POV қандай жаңа құндылық береді? Зерттеу нәтижелерін жаңаша тұжырымдай алдыңыз ба? Табылған деректер пайдаланушының контекстіне сәйкес келе ме? Егер сіздің POV-ыңыз жаңа болып көрінбесе, мәселені тереңірек қарастырыңыз.

д) Кімге қажет? Сіздің POV қаншалықты маңызды? Команда мүшелері оны қызықты деп табуы керек! Осы POV үшін уақыт жұмсауға тұра ма? Егер жоқ болса, неге? POV-ты қажетті деңгейге жеткенше қайта пысықтаңыз.

Идеялар қалыптастыру дегеніміз не?

Бұл кезеңде сіз бар барлық ақпаратты жинақтап, пайдаланушылардың қажеттіліктерін түсінуіңіз керек. Осыдан кейін ең қызықты процесс басталады – миға жабуыл (идеяларды генерациялау процесі). Миға шабуылдың негізгі мақсаты – мәселені шешуге арналған мүмкіндігінше көп идеяларды ойлап табу. Бір идеяға тоқталып қалмаңыз, тіпті ол сізге өте ұнап, ең лайықты шешім болып көрінсе де. Мәселені әртүрлі көзқарастар тұрғысынан қарастыруға тырысыңыз, бұл күтпеген әрі қызықты идеяларға алып келуі мүмкін.

Идеялар кезеңі мәселені шешудің шаблоннан тыс және инновациялық жолдарын іздеуге мүмкіндік береді. Бұл процесте икемділік пен креативтілікті сақтау маңызды. Идеяларды екі кезеңде талдау процесі олардың тиімділігін арттырады.

Идеялар қалыптастырудың әдістері: миға шабуыл, «бодисторминг» әдісі, шектеу әдісі.

Бодисторминг (немесе «бодишторминг») әдісі – бұл эмпатияны, идеяларды генерациялауды және прототип жасауды біріктіретін ерекше әдіс. Ол нақты жағдайды өз басыңыздан

өткізіп, жаңа шешімдер табуға көмектеседі. Бодисторминг кезінде кеңістікті өзгерту міндетті. Бұл әдісті қолдану үшін жағдайды қажетті объектілер мен адамдар арқылы қайта жасау және оны өзіңіз сезіну қажет. Әдіс кеңістікпен қалай әрекеттесетінін және шешімдерді қалай қабылдайтыныңызға назар аударуға мүмкіндік береді.

Бодисторминг – нақты жағдайларды түсініп, пайдаланушының орнына өзіңізді қою арқылы шығармашылық шешімдер табуға көмектесетін қуатты әдіс. Бұл әдіс жаңа инсайттарды ашып, прототиптерді тиімдірек тестілеуге мүмкіндік береді.

Арнайы қойылған **шектеулер** шығармашылықты ынталандыруы мүмкін. Мысалы, сізден 10 секунд ішінде барлық ақ түсті заттарды атауды сұраса, сіз аз ойлап табуыңыз мүмкін. Бірақ, егер сізден тек **ас үйдегі ақ түсті заттарды** атау сұралса, бұл сіздің жауабыңызды нақтылап, көп идея табуға көмектеседі. Жобамен жұмыс кезінде шектеулерді орнату процеске көмектесетін сәттер болады. Дегенмен, қандай шектеулерді және қашан қолдану керегін мұқият бақылау маңызды.

Шектеулердің қолданылатын негізгі салалары: миға шабуыл, уақыт.

Миға шабуыл кезінде шектеулерді қосыңыз. Мысалы: «Бұл таңертең жасалса, не болар еді?» немесе «Мұны Макдональдс қалай жасар еді?» деген сұрақтар қойыңыз. Шектеулерге тек қажеттілік болғанда ғана жүгініңіз. Бұл алдын ала келісілген шарт ретінде қабылдануы керек және идеяларды шектеу емес.

Жұмысқа уақыт шектеуін қойыңыз. Мысалы: бір сағат ішінде екі прототип жасаңыз. Миға жабуылды 20 минут ішінде өткізіңіз. Апта соңына дейін пайдаланушылармен үш сағат жұмыс істеңіз. Бір сағат ішінде POV-тың бастапқы нұсқасын жасаңыз.

Шектеулер әдісі шығармашылық процесті бағыттап, нақты нәтижелерге жетуге көмектеседі. Олар уақытты, ресурстарды үнемдей отырып, инновациялық шешімдер табуға мүмкіндік береді. Бұл тәсілді идеяларды генерациялауда, прототип жасауда және уақытты басқаруда тиімді қолдануға болады.

Прототиптеу кезеңі дегеніміз не?

Прототиптеу – бұл идеяларды немесе шешімдерді тәжірибе арқылы тексеру үшін олардың қарапайым және алғашқы үлгісін жасау процесі. Бұл әдіс дизайн-ойлау процесінің маңызды

кезеңдерінің бірі болып табылады және нақты шешімнің қалай жұмыс істейтінін көруге, оны пайдаланушылармен сынап көруге және кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Прототиптеу кезеңінде сіздің идеяларыңыз нақты әлемде іске асырылады. Прототип кез келген нәрсе болуы мүмкін: стикерлермен жабылған қабырға, ойын сахнасы, кеңістік, объект, интерфейс немесе мінез-құлық сценарийі. Прототиптің әзірлеу деңгейі жұмыстың барысына сай болуы тиіс. Алғашқы прототиптер қарапайым және егжей-тегжейлі болмауы мүмкін, өйткені оларды жылдам тестілеу және кері байланыс алу маңызды.

Прототиптеу процесінің артықшылықтары: креативтілікті дамыту: шешімдерді жасау барысында жаңа идеяларды табу; пайдаланушыларды түсіну: прототипті сынақтан өткізу кезінде пайдаланушылардың қажеттіліктерін тереңірек түсіну; шешімдерді жетілдіру: кері байланыс арқылы идеяларды жақсартып, нақтылауға мүмкіндік беру; шығындарды азайту: соңғы өнімді шығармастан бұрын қателерді анықтап, оларды тез түзету.

Тестілеу кезеңі дегеніміз не?

Тестілеу – бұл мәселенің шешімін жетілдіруге арналған маңызды мүмкіндік. Бұл кезеңде прототиптер бірнеше рет, итеративті түрде және нақты жағдайларда тексеріледі.

Тестілеу қағидасы: прототипті жасағанда, өзіңіздің дұрыс екеніңізге сеніңіз. Тестілеу кезінде, өзіңізді қателесуіңіз мүмкін деп ойлаңыз.

Тестілеу бірнеше маңызды мақсаттарға қызмет етеді:

➤ Прототипті және шешімді жетілдіру: естілеу арқылы шешімдерді қалай жақсартуға болатынын анықтауға болады. Кейде бұл процесс прототипті қайта жасау немесе бәрін басынан бастау қажеттілігін көрсетеді.

➤ Пайдаланушыларды жақсырақ түсіну: тестілеу пайдаланушыларды бақылап, олармен әрекеттесу арқылы жаңа инсайттар алуға мүмкіндік береді. Бұл пайдаланушылардың нақты қажеттіліктерін тереңірек түсінуге жағдай жасайды.

➤ POV-ты (Point-of-View) тексеру және жақсарту: кейде тестілеу барысында мәселенің шешімі ғана емес, оның

анықтамасы да қате болғаны анықталады. Бұл POV-ты қайта қарауға және оны нақтылауға көмектеседі.

Тестілеу – шешімдер мен прототиптерді жетілдіруге, пайдаланушылар туралы қосымша ақпарат алуға және мәселені шешудің тиімді жолын табуға көмектесетін дизайн-ойлаудың шешуші кезеңі. Бұл процесс арқылы команда нақты, қолдануға жарамды және тиімді шешімдерге қол жеткізеді.

Итерация кезеңі дегеніміз не?

Итерация дегеніміз – бұл белгілі бір процесті немесе әрекетті қайталау арқылы жетілдіру. Әрбір қайталану кезеңінде бастапқы шешімдер немесе идеялар жетілдіріледі, толықтырылады немесе өзгертіледі.

Итерацияның негізгі мәні: қателіктерді анықтап, оларды түзету. Процестің нәтижесін біртіндеп жақсартып, тиімді шешімге қол жеткізу. Әр қайталауда жаңа мәліметтер мен кері байланысты ескеру.

Итерацияның артықшылықтары: қателерді ертерек анықтап, оларды түзетуге мүмкіндік береді. Қарастырылып отырған мәселені тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Жұмыстың икемділігі мен бейімделуін арттырады.

Қысқаша айтқанда, итерация – бұл «қайталау арқылы жақсарту» процесі. Ол жетілдіруге бағытталған және жаңа мәліметтерді ескере отырып, үздік нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Нәтижелерді бағалау немесе өнімді жасау және енгізу дизайнды ойлау процесінің соңғы кезеңі емес. Нәтижені бағалау және қажет болған жағдайда өнімді жетілдіру немесе өзгерту өте маңызды. Нәтижелерді бағалау – бұл өнімді пайдаланушының қажеттіліктеріне сай студия және оның сапасын арттырудың маңызды кезеңі. Пайдаланушылармен белсенді қарым-қатынас жасап, кері байланыс негізінде өнімді жетілдіру – дизайн-ойлау процесінің табысты аяқталуына кепілдік береді.

Дизайн-ойлаудың артықшылығы. Дизайн-ойлау және оның шығармашылық тәсілі тек жақсы нәтиже алуға ғана емес, сонымен қатар бастапқы күткендерден әлдеқайда асып түсетін нәтиже жасауға мүмкіндік береді.

Кері байланыс

1. Дизайн-ойлау эпистемологиясының мәні неде?
2. Дизайн-ойлаудың қанша кезеңі бар және олардың міндеті қандай?
3. Мәселені тереңірек түсіну және нәтижеге қол жеткізу үшін қандай әдістер қажет?

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Cross, N. (2007). *Designrly ways of knowing*. Boston, MA: Birkhauser.
- 2 Rowland, G. (2004). Shall we dance? A design epistemology for organizational learning and performance. *Educational Technology Research and Development*, 52(1), 33–48.
- 3 Tsai, C.-C., Chai, C. S., Wong, B., Hong, H.-Y., & Tan, S. C. (2013). Positioning design epistemology and its applications in education technology. *Educational Technology and Society*, 16(2), 81–90.
- 4 Resnick, L. B. (2010). Nested learning systems for the thinking curriculum. *Educational Researcher*, 39, 183–197.
- 5 Anderman, E. M., Sinatra, G. M., & Gray, D. L. (2012). The challenges of teaching and learning about science in the twenty-first century: Exploring the abilities and constraints of adolescent learners. *Studies in Science Education*, 48(1), 89–177.
- 6 Simon, H. (1996). *The Sciences of the Artificial*. The MIT

10-ДӘРІС.

БІЛІМ ФИЛОСОФИЯСЫ ХАҒЫНДАҒЫ ИНТЕГРАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ

- 1.Интегралды білім беру түсінігі
- 2.Интегралды білім беру: концепциясы мен философиялық негіздері
- 3.Интегралды білім беру модельдері және қағидаттары

Интегралды білім беру түсінігі

Интегралды білім беру — бұл Кен Уилбер әзірлеген интегралды теорияға негізделген, білім беру үдерісін тұтас қамтуды көздейтін инновациялық тәсіл. Бұл теория білім берудің дәстүрлі және альтернативті әдістерінің артықшылықтарын біріктіруді мақсат етеді, осылайша білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Интегралды білім беру – бұл қазіргі заман талабына сай жеке тұлғаны дамытуға бағытталған ерекше білім беру түрі. Оның негізгі мәні – білім беру жүйесінің «бір рет және өмір бойы» қағидатынан «өмір бойы үздіксіз білім алуға» көшуі. Бұл өзгеріс білім берудегі маңызды «өтпелі кезеңді» білдіреді, оның нәтижесінде адамның үздіксіз дамуы мен білім алуы жүзеге асады. Үздіксіз білім беру тақырыбына педагогтар, психологтар, әлеуметтік қызмет мамандары, социологтар, философтар және мәдениеттанушылар ерекше назар аударуда. Олар бұл концепцияны әртүрлі қырынан зерттеп, оны дамыту қажеттілігін негіздейді. Мұндай зерттеулер үздіксіз білім берудің мәнін, логикасын және оның методологиясын айқындауға көмектеседі.

Интегралды білім беру адамның өмір бойы дамуына ықпал етіп, оны тек кәсіби тұрғыда ғана емес, жеке тұлға ретінде де жетілдіруге бағытталған. Бұл тәсіл жеке тұлғаның физикалық, интеллектуалдық, рухани және әлеуметтік аспектілерін үйлесімді түрде дамытуға көмектеседі.

Интегралды білім беру – бұл жеке тұлғаның өмір бойы дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал. Ол білім беру

саласындағы қазіргі заманның негізгі тенденцияларын көрсетеді және әр адамның толыққанды дамуына жағдай жасайды.

Интегралды білім берудің негізінде білім беру жүйесінің өзгеру қажеттілігі жатыр. Бұл өзгерістер қазіргі замандағы техникалық, технологиялық және ақпараттық кеңістіктің қарқынды дамуымен байланысты.

Білім беру қажеттілігінің себептері: техникалық және технологиялық өзгерістер, яғни, қазіргі адамға жаңа технологиялар мен бағдарламаларды үнемі меңгеру қажет. Ақпараттық кеңістіктің дамуы, яғни, ақпараттық кеңістік үнемі жаңарып отырады, бұл жаңа білімдерді игеруді талап етеді.

Қазіргі кездегі білім берудегі интегралдылықтың төрт қырын жіктеуге болады: кеңістіктік, коммуникативтік, тұлғалық және дүниетанымдық.

Интегралды білім берудің кеңістікті қыры білім берудің физикалық және ақпараттық өлшемдерінде көрініс табады. Физикалық тұрғыдан алғанда, білім беру кеңістігі тек оқу мекемелерінің қабырғасымен шектелмейді. Ол үйде, қосымша білім беру орталықтарында, қоғамдық орындарда және көлікте, мысалы, метро, автобус, пойыз сияқты жерлерде жүзеге асырылады. Мұны интернеттің кең таралуы қолдап отыр, бұл оқушыларға қажетті ақпарат пен білім беру ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ақпараттық тұрғыдан алғанда, интернет білімнің үздіксіздігін қамтамасыз етеді, өйткені ол әлемнің кез келген нүктесінен ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол адамдарды ортақ когнитивтік-коммуникативтік және білім беру жүйесіне біріктіреді.

Коммуникативтік қыры білім беру үрдісінде барлық қатысушылардың тең құқылы болуын қамтамасыз етеді және авторитарлық басқару стилінен бас тартуды қолдайды. Жеке тұлғалық қыры адамның өзіндік дамуына мүмкіндік береді және оның әлеуметтік рөлдерден тәуелсіздігін сақтауға жағдай жасайды. Дүниетанымдық қыры білім беру үрдісінің субъектілік сипатын сақтауға бағытталған. Онтологиялық қыры білімді күнделікті өмірде қолдану мен қоғамның үйлесімді дамуына ықпал етуді көздейді.

Осылайша, интегралды білім беру жеке тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған жүйе болып табылады. Ол білімнің

үздіксіздігі мен кеңістіктік интеграциясын қамти отырып, қазіргі заман талаптарына толық сәйкес келеді және адамзат қоғамының алға ілгерілеуіне ықпал етеді.

Интегралды білім беру: концепциясы мен философиялық негіздері

Интегралды білім беру (португалша: Educação Integral) – бұл бразилиялық интегрализм аясында жасалған білім беру концепциясы. Ол физикалық, интеллектуалдық, азаматтық және рухани тұрғыда адамның жан-жақты дамуын мақсат еткен интегралистік оқыту тәсіліне негізделді. Бұл әдіс адамның өмірінің барлық қырларын өзара байланысты деп қарастыратын тұтас тәрбиенің қажеттілігін атап көрсетеді.

Интегралды білім беру концепциясы консервативті саясат пен философиялық идеализмнің ықпалымен қалыптасты. Ол материалистік құндылықтарға қарсы бағытталған «интегралистік революцияның» негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылды. Дегенмен, интегралистер жеке педагогикалық мектеп құруды көздемеді; олар үшін интегралды білім беру қозғалыстың идеологиясын табиғи түрде жалғастыру болды.

Интегралды білім беру консервативті және функционалистік қағидаттарға негізделді. Бұл білім беру тәсілі құрбандықты, тәртіпті және бағынуды тәрбиелеуге бағытталды, бұл моралистік және идеалистік көзқарастарға сәйкес келді. Ең басты басымдық – рухани және патриоттық тәрбиеде болды, бірақ халықтың мәдени деңгейін көтеруге де ерекше мән берілді. Интегралистер әрбір азаматты «лайықты тұлға» ретінде қалыптастырып, оны ұлтқа қызмет етуге дайын етіп тәрбиелеуге тырысты.

Интегралды білім берудің философиялық негіздері интегралистік қозғалыстың көшбасшысы Плинио Сальгадоның «Тұтас адам» идеясына негізделді. Сальгадоның пікірінше, қазіргі қоғам адамның өмірін рухани, саяси және әлеуметтік сияқты жеке-жеке бөліктерге бөліп, оның үйлесімділігін бұзады. Бұл бөліну индивидуализмді арттырып, рухани құндылықтардың жоғалуына әкеледі.

Интегралистік қозғалыстың мақсаты – «Жаңа адамды» құру болды. Бұл адам терең рухани құндылықтармен ерекшеленіп, діни және патриоттық сенімдерді үйлестіре білетін тұлға болуы тиіс еді. Мұндай трансформация әр адамның өз бойында «ішкі революция» жасауын талап етті. Бұл революция, өз кезегінде, елді ұлттық қайта жаңғыруға алып келетін алдыңғы қатарлы элитаны қалыптастырады деп есептелді. XX ғасырдың басындағы көптеген бразилиялық интеллектуалдық қозғалыстар сияқты, интегралистер де елдегі сауатсыздық деңгейінің жоғары болуына қатты алаңдады. Олар білімнің жетіспеушілігін елдің дамуына үлкен кедергі деп санады.

Интегралды білім берудің теориялық тәсілі «өркениеттіру және тәрбиелеу процесін» жүзеге асыруға бағытталды. Бұл процесс білімсіз және тәртіпсіз халықты өнімді және тәртіпті азаматтарға айналдыруды көздеді. Сонымен қатар, интегралистер үшін білім беру «рухани революцияның» маңызды элементі болды. Бұл революция либералдық және индивидуалистік құндылықтарға қарсы бағытталған еді.

Интегралды білім беру бразилиялық интегрализмнің идеологиясының маңызды бөлігіне айналды. Бұл қозғалыс жаңа әлеуметтік тәртіпті құруға ұмтылды. Интегралды білім беру жеке педагогикалық мектепке айналмаса да, оның идеялары Бразилиядағы білім беру тәсілдеріне айтарлықтай ықпал етті. «Тұтас адам» концепциясы бүгінгі күнге дейін тұлғаның үйлесімді дамуы мен ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған заманауи білім беру бастамаларын шабыттандырып келеді.

Қазіргі заманғы мектептердің көбісі білім берудің баламалы тәсілдеріне негізделген бағдарламалар Рудольф Штайнер, Альфред Норт Уайтхед, Джидду Кришнамурти және Шри Ауробиндо сынды философтардың ілімдерінен бастау алады. Бастауыш мектептен бастап жоғарғы білім беруге дейін баламалы білім беру бағдарламаларының саны өсіп келеді. Бұл тәсілдер көбінесе «тұтастық (holistic)» білім беру ретінде сипатталып, Джон Дьюи және Мария Монтессори сияқты педагогтармен байланыстырылады. Сонымен қатар, «трансформациялық оқыту» бағдарламалары да бар, олар Джек Мезиrowтың (Jack Mezirow) зерттеулеріне негізделген.

«Баламалы», «тұтастық» және «трансформациялық» бағдарламалар жеке адамның (эмоционалды, моральдық, тұлғааралық және рухани) және мәдени (экология, ғаламдық) аспектілерін қамтиды. Осы себептен олар көбінесе «мейнстрим» немесе дәстүрлі білім беру түрлерімен қайшылыққа түседі. Дәстүрлі тәсілдер көбінесе білімді меңгеруге, когнитивтік дағдыларды дамытуға және жеке жетістіктерге назар аударады. Бұл білім беру тәсілдерінің бөлінісі ұзақ уақыт бойы қалыптасқан және терең тарихи негізге ие. Бұл айырмашылық балаларды дамыту туралы екі негізгі көзқарастың арасындағы пікірталастардан бастау алады. Бір көзқарас XVII ғасырда өмір сүрген ағылшын философы Джон Локкке (John Locke) тиесілі болса, екінші көзқарас XVIII ғасырдағы француз ойшылы Жан-Жак Руссомен (Jean-Jacques Rousseau) байланысты.

Білім беру саласы дәстүрлі, заманауи және постзаманауи перспективалар арасындағы дисциплинарлық қақтығыстармен сипатталады. Интегралды теория осы қақтығыстарға жауап ретінде ұсынылған модель болып табылады. Бұл модель 30 жылдан астам уақыт бойы кросс-мәдени және пәнаралық зерттеулердің нәтижесінде қалыптасқан. Интегралды теория кез келген дисциплинарлық шектеулердің ішінде, арасында және сыртында қолданылуы мүмкін, сондықтан ол өнер, мәдениет, экология, медицина, діни зерттеулер, саясат, білім беру және басқа салалардағы мамандар арасында кең тараған.

Интегралды теорияның негізгі фразасы «барлық деңгейлер, барлық квадранттар» (AQAL) болып табылады. Бұл тұжырым реальдылықтың көптеген аспектілерін қамтиды. AQAL моделі – Кен Уилбер әзірлеген интегралды теорияның негізгі құрылымдық моделі. Ол шынайылықты жан-жақты түсінуге және зерттеуге бағытталған кешенді әдіс болып табылады. Бұл модель реальдылықтың барлық маңызды аспектілерін қамтитын әмбебап карта ретінде әрекет етеді. AQAL моделі бес негізгі элементтен тұрады: квадранттар, деңгейлер, сызықтар, күйлер және типтер. Осы элементтердің барлығын қамту зерттеудің толықтығын және шынайылыққа жақындығын қамтамасыз етеді. Егер қандай да бір элемент ескерілмесе, зерттеу толық болмайды. Бұл тәсіл арқылы интегралды теория шынайылықтың барлық аспектілерін қамтуға мүмкіндік береді және оны қолдану арқылы

білім беру жүйесінде дәстүрлі және баламалы тәсілдердің үздік жақтарын біріктіруге болады.

Сонымен, интегралды білім беру – бұл тек білім беру әдісі ғана емес, сонымен қатар рухани, мәдени және әлеуметтік дамуды біріктіретін философиялық негіз. Бұл тәсіл жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға және ұлтты нығайтуға бағытталған.

Интегралды білім беру модельдері

Интегралды білім беру модельдері – бұл оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі аспектілерін үйлестіре отырып, білім берудің жаңа тәсілдерін құруға бағытталған кешенді жүйелер. Олар адамның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін Кен Уилбер әзірлеген интегралды теорияның негізіне сүйенеді.

Негізгі интегралды модельдер:

AQAL моделі (Барлық квадранттар, барлық деңгейлер). AQAL моделі интегралды білім берудің негізгі құрылымы болып табылады. Ол шынайылықты төрт негізгі квадрант арқылы қарастырады:

- Субъективті (ішкі-дара): жеке тұлғаның ішкі тәжірибесі (сезімдері, ойлары).
- Объективті (сыртқы-дара): адамның физикалық әрекеттері мен мінез-құлқы.
- Интерсубъективті (ішкі-ұжымдық): мәдениет, қоғамның құндылықтары мен нормалары.
- Интеробъективті (сыртқы-ұжымдық): әлеуметтік жүйелер мен құрылымдар.

Бұл модель адамның физикалық, эмоционалды, интеллектуалды және рухани дамуын қамтамасыз етеді.

Тұтас педагогика (Holistic Education) – бұл модель оқушылардың интеллектуалдық, эмоционалды, әлеуметтік және рухани аспектілерін теңдестіріп дамытуға бағытталған. Тұтас педагогика адамды табиғатпен, қоғаммен және өзімен үйлесімді байланыста қарастырады.

Трансформациялық білім беру – бұл модель білім беру процесін адамның өзін-өзі тануымен және трансформациясымен

байланыстырады. Джек Мезировтың концепциясына негізделген бұл тәсіл жеке тұлғаның құндылықтарын, сенімдерін және көзқарастарын қайта қарастыруды мақсат етеді.

Интердисциплинарлық және көпөлшемді модель – бұл тәсіл түрлі пәндер мен дағдыларды интеграциялау арқылы білім беру процесін ұйымдастырады. Ол студенттердің шынайылықты жан-жақты түсінуіне мүмкіндік береді.

Интегралды білім беру модельдерінің ерекшеліктері:

- Білім беру кеңістігінің кеңдігі, яғни, білім беру тек сыныпта ғана емес, сонымен қатар онлайн платформаларда, табиғатта және қоғамдық ортада жүзеге асырылады.

- Үздіксіздік: білім беру процесі адамның бүкіл өмірін камтиды және оның әрбір кезеңіне бейімделеді.

- Когнитивті және эмоционалды даму - интеллектуалдық қабілеттер мен эмоционалды интеллектті қатар дамытуға басымдық беріледі.

- Рухани және мәдени аспектілер. Білім беру адамның рухани әлемі мен мәдени құндылықтарын тәрбиелеуді де камтиды.

Интегралды модельдердің артықшылықтары

- Көпқырлы даму, яғни, білімалушының барлық қабілеттері мен әлеуетін ашуға жағдай жасайды.

- Өртүрлі тәсілдерді біріктіру – дәстүрлі және заманауи білім беру әдістерінің артықшылықтарын біріктіреді.

- Тұлғаға бағытталған тәсіл – әр білімалушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескереді.

- Дүниетанымдық көзқарас – жаһандық мәселелерді түсінуге және оларға жауап табуға үйретеді.

Қорыта айтқанда, интегралды білім беру модельдері – адамның жан-жақты дамуына бағытталған инновациялық әдістер. Олар білім беру жүйесін тек білімді жеткізу процесі ретінде ғана емес, адам мен қоғамды өзгертуге және дамытуға арналған кешенді жүйе ретінде қарастырады. Бұл модельдер қазіргі заманауи қоғамның күрделі талаптарына жауап береді және білім берудің болашағы үшін негіз қалыптастырады.

Интегралды білім берудің жеті қағидасы

Интегралды теория білім беру саласында кең көлемді оқыту кеңістігін құруға мүмкіндік береді, бұл шынайылықтың негізгі қырларын тереңірек түсінуге, білім мен болмыстың әртүрлі түрлерін біріктіруге ықпал етеді. Интегралды білім беру моделі AQAL теориясына негізделіп отырып, келесі жеті қағиданы қамтиды:

1) Классикалық және альтернативті тәсілдердің бірігуі. Интегралды білім беру жүйесі дәстүрлі және баламалы тәсілдердің үздік жақтарын біріктіріп, кең ауқымды және трансформацияға бейім білім беру кеңістігін құруға бағытталған. Бұл модель оқыту бағдарламалары, педагогика, бағалау және зерттеу әдістерінің интеграциясын қамтамасыз етеді. AQAL моделі осы міндетті орындауда әмбебап жүйе болып табылады.

2) Трансформациялық және трансляциялық үдерістер. Оқытушы, студент және білім беру кеңістігі әртүрлі тәжірибелер, өзара әрекеттестік және ұйымдастыру арқылы трансформациялық үдерістерге қатысады. Бұл ретте оқытушының өзін-өзі дамытуға бағытталған әдістерді, мысалы, медитацияны және психологиялық көлеңкемен жұмысты қолдануы маңызды.

3) Білімнің төрт өлшемі. Білім беру кеңістігі төрт негізгі өлшемді қамтиды: субъективті тәжірибе, объективті әрекет, интерсубъективті мәдениет және интеробъективті жүйелер. Әрбір өлшем білім беру процесінде тең дәрежеде ескерілуі тиіс.

4) Даму деңгейлері мен күрделілігі. Әрбір өлшем уақыт өте келе дамып, күрделене түседі. Интегралды оқытушылар өздерінің оқыту материалдары мен әдістемелері студенттердің даму деңгейіне сәйкес келетінін үнемі қадағалап отыруы қажет.

5) Сананың әртүрлі күйлері. Оқытушылар өздерінің және студенттердің санасының табиғи және өзгермелі күйлерін түсініп, олармен жұмыс жасауы тиіс. Бұл студенттердің өз жағдайларын икемді түрде басқаруына мүмкіндік береді.

6) Түрлі типологияларды түсіну. Білім беру көп қырлы болғандықтан, педагогтар оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін кеңістікті қамтамасыз ету үшін әртүрлі типологияларды ескеруі қажет. Мұндай типологияларға адамның бес сезімі,

гендерлік ерекшеліктер, тұлға типі және оқытудағы әңгімелеу стилі (мысалы, бірінші, екінші немесе үшінші жақ) кіреді.

7) Когнитивті-коммуникативтік және жаһандық жүйелерді қолдау. Интегралды білім беру әртүрлі көзқарастарды үйлесімді қабылдай отырып, оқыту үдерісін жаһандық деңгейде қолдауға және дамытуға бағытталған. Бұл қағидат білім алушылардың әлемдік жүйелердегі орнықты дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Интегралды білім беру моделі осы қағидаларға негізделі отырып, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысын нығайтуға, олардың білім беру үдерісіндегі рөлін тереңірек түсінуге және тұтас оқыту кеңістігін құруға ықпал етеді.

Кері байланыс

1.Интергалды білім беру дегеніміз не? Интегралды білім берудің философиялық тұжырымдамалары.

2.Интегралды білім берудің қандай модельдері бар?

3.Интегралды білім берудің қағидаттары қандай?

Пайдаланған әдебиеттер

1 Bertolin J. Higher education and development in the knowledge society: from integral education to substantial positive externalities // Higher Education for the Future. – 2018. – V. 5 (2). – P. 122–141.

2 3. Esbjörn-Hargens S. Integral teacher, integral students, integral classroom: applying integral theory to education. URL: <http://nextstepintegral.org/wp-content/uploads/2011/04/Integral-Education-Esbjorn-Hargens.pdf> (дата обращения 14.05.2019).

3 Абу-Талеб Д. В. Значимые аспекты интегрального образования //Обмен научными знаниями в условиях глобализации. – 2021. – С. 95-98.

4 Киримлеева Н. С. Успешные примеры практического воплощения концепции интегрального образования //Наука и образование: сохраняя прошлое, создаём будущее. – 2016. – С. 270-272.

5 Непомнящий А. В. Интегральное образование: методологические основания, концепция, принципы и пути реализации на примере создания и организации деятельности

автономной некоммерческой организации» Южно-Российский интегральный институт». – 2016.

6 Эсбьерн-Харгенс Ш. Интегральный преподаватель, интегральные студенты, интегральный класс //Применение интегральной теории в высшем образовании. URL: <https://ipraktik.ru/library/SeanEsbjornHargens-IntegralEducation.pdf>. – 1962.

11-ДӘРІС.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ДЕМОКРАТИЯ – ИНТЕГРАЛДЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ КІЛТІ РЕТІНДЕ

1. Демократияның білім беру жүйесіндегі интегралды білім берудің маңыздылығы.
2. Білім беру жүйесіндегі демократияның негізгі өлшемдері.
3. Интегралды білім берудің демократиялық жолдары мен тәжірибелері.

Демократияның білім беру жүйесіндегі интегралды білім берудің маңыздылығы

Білім беру саласында демократия ұғымы әртүрлі мағынада қолданылады. Демократияның интегралды білім беру жүйесіндегі орны маңызды, өйткені ол жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Интегралды білім беру жүйесі демократиялық құндылықтарды, теңдік пен әділеттілікті насихаттай отырып, оқыту процесінде әрбір адамның мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Бұл жүйе білім беру саласында демократиялық принциптерді жүзеге асыру арқылы тек академиялық білім беріп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және азаматтық дағдыларды дамытады.

Джон Дьюи «Демократиялық білім беру тұжырымдамасы» еңбегінде демократия мен білім берудің өзара байланысы терең зерттеледі. Ол білім берудің демократиялық қоғамды қалыптастырудағы негізгі рөлін талдай отырып, білім беру жүйесінде интегралды, яғни тұтасқан білім берудің маңыздылығын атап өтті. Дьюи демократияны тек басқару формасы ретінде емес, адамдардың өзара түсіністік пен әртүрлі құрмет негізінде ұйымдасқан өмір сүру тәсілі ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру демократияны нығайтудың негізгі құралы болып табылады. Дьюидің басты идеяларының бірі – интегралды білім беру қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды фактор екендігінде. Білім беру жеке пәндерге бөлініп, тар мамандандырылған сипатта болмауы тиіс. Ол әртүрлі салалар арасындағы байланыстарды біріктіріп,

алынған білімді өмірде қолдануға мүмкіндік беруі қажет. Мұндай тәсіл білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, күрделі әлеуметтік процестерді терең түсінуіне жол ашады. Дьюи білім беру арқылы азаматтық қасиеттерді қалыптастырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Оның пікірінше, білім беру жүйесі адамдарға қоғамдағы рөлін түсінуге және ұжымдық әрекеттерге қатысу дағдыларын дамытуға көмектесуі керек. Демократиялық қоғам үшін білім беру жолында азаматтардың белсенділігі мен саналы түрде барлық процесстерге қатысуы өте маңызды болғандықтан, оқу процесінде білім алушылар, оқытушылар және қоғам арасындағы өзара әрекеттестікке ерекше көңіл бөлінуі қажет. Бұл жауапкершілік пен өзара тәуелділік сезімін дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ Дьюи оқу үдерісін демократиялық тәжірибенің бір бөлігі ретінде қарастырады. Ол білім беру үдерісін білім алушыларды тек ақпаратты пассивті қабылдаушы ретінде емес, белсенді қатысушы ретінде қарастыруға шақырады. Білім алушылар пікірталастарға қатысып, жобалар жасап, шешім қабылдау процестеріне араласуы тиіс. Демократиялық білім беру әрбір оқушының мүддесін, қабілеті мен қажеттіліктерін ескеруді талап етеді. Бұл олардың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

Интегралды білім берудің маңыздылығы тек оқу материалының мазмұнымен ғана шектелмейді. Ол теория мен практиканы байланыстырып, білім алушыларды жылдам өзгеріп жатқан қоғамда өмір сүруге дайындауы тиіс. Мысалы, философия пәнін тек философиялық тұжырымдамалар мен теорияларды жаттау арқылы емес, оны күнделікті өмірге, экономика, саясат, мәдениет және этикамен байланыстыра отырып оқыту керек. Мұндай тәсіл білімді тереңірек меңгеруге және қоғамдағы өзара байланысты түсінуге ықпал етеді. Интегралды білім беру демократиялық қоғамның негізін құрайды. Ол білім алушылардың сыни ойлау, азаматтық жауапкершілік және басқалармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл қасиеттер әділ және тұрақты қоғам құру үшін аса қажет.

Білім беру жүйесіндегі демократияның негізгі өлшемдері

Білім беру жүйесіндегі демократия – әр адамның білім алуға тең қолжетімділігін, оқыту және тәрбиелеу үдерісінде адам

құқықтары мен еркіндіктерінің сақталуын қамтамасыз ететін қағидаттар жүйесі. Демократиялық білім беру жүйесі білім алушылардың, оқытушылардың қоғамның қажеттіліктеріне жауап беруге бағытталған. Бұл ұғым қазіргі білім беру саласында ерекше маңызға ие, себебі ол адамның тұлғалық және кәсіби дамуы үшін жағдай жасайды. Білім беру жүйесіндегі демократияның негізгі өлшемдеріне білім алуға тең қолжетімділік жатады. Демократиялық қоғамда әрбір азамат, жынысына, ұлтына, дініне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, білім алу құқығына ие. Бұл құқық тек заң жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қамтамасыз етілуі керек.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Білім туралы» Заңы әрбір азаматтың тегін және міндетті орта білім алу құқығын бекітеді. Бұл мемлекет тарапынан мектептер мен оқу орындарының инфрақұрылымын дамыту, ауылдық жерлерде білім беру қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы іске асырылады.

Сонымен қатар оқыту мен тәрбиеде академиялық еркіндік болуы керек. Академиялық еркіндік дегеніміз – оқытушылардың, білім алушылардың және ата-аналардың білім беру үдерісіне белсенді қатысуы. Бұл олардың оқыту әдістерін, оқу материалдарын және тәрбиелеу тәсілдерін таңдаудағы еркіндігін білдіреді. Оқытушылар білім беру мазмұнын білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік алуы тиіс.

Сонымен қатар, білім алушылардың жеке қызығушылықтары мен пікірлерін ескеру, оларды ашық диалогқа тарту – демократиялық оқыту қағидаттарының негізі.

Білім беру жүйесіндегі демократияның негізгі өлшемдерінің тағы бірі ол білім алудағы тең құқықтық пен тең дәрежеде шешім қабылдау мүмкіндігі.

Демократиялық білім беру жүйесі барлық мүдделі тараптардың (білім алушылар, оқытушылар, ата-аналар және қоғам) шешім қабылдау үдерісіне тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз етеді. Мектеп, ЖОО деңгейінде бұл өзін-өзі басқару ұйымдары, ата-аналар кеңестері немесе оқушылар мен студенттер парламенті арқылы жүзеге асады.

Мысалы, Финляндияның білім беру жүйесінде мектептер мен мұғалімдер оқу бағдарламаларын өз бетінше реттей алады.

Бұл тәжірибе шешім қабылдаудағы демократиялық принциптерді нығайтады.

- Кәсіби құзыреттер, яғни белгілі бір проблеманы, міндеттерді қою, оны шешу жолдарын анықтау, жопарларды жасау және оларды педагогикалық әрекеттің әр түрлі салаларында орындай алу мүмкіндіктері.

Ерекше балалар туралы зерттеген және ғылыми жариялымдар жасаған ғалымдар қатары көп. Барлық бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдар зерттеуші ғалымдардың жариялымдарына сүйене отырып жасылынады. Осы тұрғыда бірнеше ғалымдардың ой-тұжырымдарына тоқталып өтсек:

- ✓ А.Н.Леонтьев: Суда «қалай жүзу керектігін білетін», бірақ өзі жүзе алмайтын құтқарушы бола алмайды;

- ✓ П.Шуман: Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, Соғырлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек;

- ✓ Я.Коменский: Балалар әрқашан бір нәрсе жасауға дайын. Олардың бұл дағдылары өте пайдалы сондықтан олардың өз ойлағандарын істеуге кедергі келтірмей әрқашан қолдау көрсету шараларын қабылдау керек;

✓ Жан Ванье: Біз адамдардың бұл бөлігін қоғамнан алып тастадық, оларды дереу қайтару керек, өйткені олар бізге бірдеңе үйрете алуы мүмкін;

✓ Игнасио Эстрада: Егер бала біздің үйреткеніміздей оқи алмаса, онда біз оған қалай ыңғайлы болса солай оқытуымыз керек;

✓ Ш.А.Амонашвили: Егер сіз балалардың бойына ақыл-ойдың батылдығын, байсалдылыққа деген қызығушылықты сіңіргіңіз келсе, онда олардың дербестігін сақтайтын интеллектуалды жұмыс беріп, оларға қуаныш сыйлайтын тұлға ретінде бірлескен жұмыс істеңіз, содан соң олардың ой ұшқынын еркін білдіруге жағдай жасаңыз, сөз жоқ, олар «ұшқын ойлар» әлемін құрады және өздерін сол ойдың қожасы екенін түсінеді де өзін «билеуші» ретінде сезінеді;

✓ Н.Ә.Назарбаев: «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз!»

Философиялық толеранттылық

Әлемнің түрленіп, құбылу сәттері жиілеген сайын толеранттылық ұғымына деген тартылыс та қарқынды өсуде. Толеранттылық ұғымын зерттеуге және оның қолданыс аясын философия, саясаттану, мәдениеттану, психология, педагогика, медицина сынды бірқатар ғылымдар арқылы тарқату кең етек алуда. Сонау ежелгі Үнді, Қытай, антика дәуірінен бастау алған бұл ұғымның траекториялық зерттеу аймағы кең, ғылыми айналымдағы рөлі жоғары көпмағыналы ұғым.

Гераклит, Антифон, Аристотель, Сенека және т.б. ойшылардың пікірлерінен бастау алған толеранттылық түсінігі ең алғашқы ойлар, басқа діндер мен сенімдерді түсіну, қабылдау ретінде пайда болды. Сократ индивидті космостан бөліп алуға ең алғаш талпынады, ол тұлғааралық қатынасты табиғаттан тыс күштердің болжауы ретінде емес, тұлғаның ерік-жігері мен мінезіне байланысты қарастырады. Сократ, алғаш индивидтің әлеуметтік мінез-құлқының феноменін, оның мінез-құлқын

анықтайтын мотивтерін түсіндіреді. Платон мектептеріндегі шығармаларда еңбектегі шыдамдылық жақсылық үшін, қайғыдағы шыдамдылық жақсылық үшін деп «төзімділік» түсінігін сипаттайды. Бұл жерде қайғырушылық айтып тұрған жоқ, керісінде сабырлық, өзін ұстай білу, рухтың күшін баяндап тұр. Жалпы, Платонның көзқарасы бойынша, толеранттылық – ақыл-ойдың өзін-өзі қорғауы» деген. Қоғамның табысты дамуы үшін төзімділік міндетті екенін айтып өткен. Аристотель бұл көзқарасты ары қарай дамытып, құндылық аспектісін бөліп көрсетеді: шыдамдылық – тәжірибелік мінез-құлық қасиеті ретінде және дағдыдан пайда болған этикалық қайырымдылық. Аристотельдің «Никомах этикасы» атты еңбегінде: «өзіне мейірімділік көрсеткен адамға түсіністікпен қарайтын адамды жақсы деп есептеуге болмайды», «жақсы адам» өзгеге сондай қарым-қатынас көрсеткен адам, ал бұл қиын іс» – деп жазған.

Цицерон Марк Тулий «tolerantia» сөзін адамзаттың істеріне төзімділікпен қарайтын, данышпанның рухына қатысты қолданылды. Толеранттылықтың мазмұнды жағын Сократ пен софистер қарастырды. Стоиктер мен эпикурейцтер үшін «шыдамдылықты» азапқа шыдаумен байланыстырады, яғни, қатыгездік пен әділетсіздік қайырымдылық жасауға мүмкіндік береді және ерлік пен төзімділікке тәрбиелейді. Кейін Сенека, Эпиктет, Марк Аврелий сынды стоиктер ерте кезде стоиктер мен эпикурейцтердің айтылған негіздемесін біріктіруге талпыныс жасады, «шыдам» түсінігін ерлік үшін негіздеме деп түсіндірді.

Рим императоры Марк Аврелий Антонионың «К самому себе» немесе «Наедине с собой» деген шығармаларында әңгімелесушіге толеранттылық қарымқатынасты сипаттайтын жазбалар бар: «Адамдарды сендіруге тырыс. Егер олар көнбесе өзің әділет заңына қарсы келме», «Оларға шын мейірім мен пайданы көрсет, бірақ тітіркенбей, сілкінбей», «Өзіңе айтылған нәрсені мұқиятты дауға дағдылан және өзіңмен сөйлесіп отырған адамның ойын толық қабылдауға ұмтыл. Адамдардың басшылыққа алатын әдет-ғұрпы мен күшін түсіну үшін мінез-құлқы мен әдеттерін жақсы білу керек». Марк Аврелий шыдамдылықтың адамгершілік құндылықтары: «әділеттілік, ақиқат, ақылдылық пен ерлік» болып табылатынын мойындады.

Толеранттылық негіздері ретінде әртүрлі мәдени принциптер болды. Грек-рим өркениеті үшін негіз болған діни сенімділік болды. Н.В. Круглованың «Толерантность: генезис и типология» өзінің еңбегінде тарихта толеранттылық белгілерінің болуына байланысты зерттеу жүргізді.

Толеранттылық - қазіргі таңдағы заманауи адамның бір келбеті және оның өмір сүру салтының бір бөлігіне айналып барады. Ұғым әлемге латын тіліндегі нұсқамен еңсе де оның талдамалық түсінгенде айырмашылықтар бар. Қазақ қоғамында толеранттылық бейбітшілік пен татулыққа, ынтымақтастық пен бірлікке жеткізетін жол немесе құрал ретінде қарастырылса, еуропалық қоғамда адам дұрыс емес деп санайтын, бірақ оған төзу қажеттілігін түсінетін сенімдер, әрекеттер мен тәжірибелерді шартты түрде қабылдау немесе оларға араласпау, оған қоса, тыйым салмау немесе шектемеу деп түсіндіріледі. Бір қарағанда бір мағынадағы түсіндірмелер секілді көрінеді, алайда қазақ қоғамындағы түсінік адамгершілікті негіздейтін нұсқада болса, еуропалық нұсқа жеке адамның шекарасына өтпеу деген мағынаға көбірек келеді. Қазақ қоғамындағы толеранттылық түсіндірмесі жалпылама және аса ауқымды болып келеді. Толеранттылықтың ата-ана мен бала, ене мен келін, оқушы мен мұғалім, басшы мен жұмысшы, билік пен халық сынды ара қатынастардың арасындағы орны мен рөлі мүлдем қарастырылмайды. Бұл ара қатынастарда кім-кімге, қалай және не үшін төзу қажеттілігі талқыланбайды. Демек, толеранттылықтың жалпы тұжырымдамасы мен нақтырақ тұжырымдамаларын ажырату қажет. Егер бұл ара-жік ажыратылмаса онда «төзімділік» «немқұрайлыққа» немесе «көнбістік пен ынжықтыққа» айналып кетуі мүмкін. Толеранттылық қате түсікке ие болып, сәйкесінше, теріс әрекеттерге апармас үшін оның компоненттерін анықтап алған жөн.

Біріншіден, төзімділік – ол қарсылық емес және ол қорку немесе көнбістік те емес, ол салауатты тұрғыда түсіністікпен қарау, яғни терең ойлану, жағдаятты саналы түрде бағамдай отырып оң жаққа шешілуі мүмкіндігі мол әрекет жасау, асығыс шешім не болмаса әбестік қылық жасамау, қазақы болмысқа салғанда, кісі көңіліне қарау.

Екіншіден, толерантты парадокс, яғни дұрыс емес нәрселерге жол бермеу де дұрыс емес. Нақтырақ айтқанда, осы кезге дейін халық тәжірибесімен қабылданбаған немесе қоғамда теріс деп танылатын наным-сенімдер, қандайда бір тұрмыстық тәжірибелер болуы мүмкін. Ол сол қоғамда терістелгенмен екінші бір қоғамда тіпті мән аударатын дүние емес болуы мүмкін немесе қандайда бір дұрыс емес дүние, адам төзгісіз теріс болмауы мүмкін. Белгілі бір кездердегі аса ұят болған дүние қазір қалыпты болуы мүмкін. Мұндай жағдаяттар парадоксты тудырады.

Үшіншіден, төзімділік шектерін нақтылау, беліглеу немесе анықтау. Белгілі бір төзімсіздіктің себебі неде, ол қаншалықты расымен де адам төзгісіз жайт. Мұндай жағдаятта төзімділікті қабылдау керек пе, жоқ па? Адам қаншалықты және неге қатысты төзімді бола алады. Белгілі бір жақтың төзімділігін екінші жақ әлсіздік деп қабылдауы да мүмкін. Оны қалай білдіруге болады? осы аталған және аталмаған сұрақтардың жауабы немесе шешімі ретінде төзімділіктің шекарасы анықталып бекітілуі тиіс.

Кері байланыс

4. Қоғамымыздағы ерекше балалардың өзін қалыпты сезінуі, қолайлы өмір сүруі үшін қоғам не істеу қажет деп ойлайсы?

5. Өз отбасыңызда немесе жақын, тіпті таныстарыңыздың ішіндегі ерекше адамдаммен сөйлесіп, не болмаса бақылау жасап көріңіз, олардың қалауы не, біз оларды түсініп жүрміз ба?

6. Өзіңізді толеранттымын деп есептейсіз бе? Жауап «иә» немесе «жоқ» болса да оған үш аргумент келтіріңіз!

Пайдаланылған әдебиеттер

7. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. - Астана: БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. - 13 б.

8. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.-Астана: БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. - 32 б.

9. Инклюзивті білім берудің даму ерекшеліктері: халықаралық тәжірибе және отандық практика: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары; Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017. - 343 б.

10. Кемешова А.М. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін педагогтарға арналған «Инклюзивті білім берудегі аксиологиялық тәсіл негіздері». Бағдарлама.- Алматы, 2023.

11. Lakkala, S., Beaton, M. C., & Kokko, K. (2024). A conceptual analysis of inclusive education in terms of participation and agency. *Support for Learning*, 39(3), 125-136. <https://doi.org/10.1111/1467-9604.12477>

12. Оракбаева М.К. Толеранттылық терминінің шығу тарихы // Қазақстан-Американдық Еркін Университетінің Хабаршысы. Ғылыми журнал. 1 шығарылым: педагогика және психология. – Өскемен, 2017. – 222 б. Мақала – 139-145 бб.

13. Вагабова Н.М. Этническая толерантность в поликультурном обществе: автореф. дис... кан. фил. наук. – М., 1987.

14. Головатая Л.В. Толерантность как проблема философии образования: автореф. дис... фил. наук. - М., 2006.

15. Третьякова А.Н. Формирование толерантности у студентов, специализирующихся в сфере сервиса и туризма, как профессионально значимого качества личности. дис. псих. наук.- М., 2009.

16. Toleration. Stanford Encyclopedia of Philosophy. <https://plato.stanford.edu/entries/toleration/>

15-ДӘРІС.
ФИЛОСОФ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУ
ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ПРАКТИКАСЫ

1. Философ педагогикасы және педагог философиясы
2. Оқыту философиясы немесе педагогиканың философиялық негіздемесі

Философ педагогикасы және педагогика философиясы

Даналықты сүйетін, дүниетанымдық сұрақтарды пайымдай алатын, кез-келген сұхбаттасушымен кез-келген деңгейде және кез-келген тақырыпта әңгіме өрбіте алатын, адамның дүниетанымын және идеялар жүйесін, әлем туралы көзқарастарын және ондағы адамның орны мен рөлін, сонымен қатар, адамның әлемге танымдық, әлеуметтік-саяси, құндылық, этикалық қатынасын зерттейтін ғалымды «философ» деп атаймыз. Университеттерде қызмет етіп жүрген әрбір философ, шын мәнінде философия пәнінің оқытушысы, демек, әрбір философия пәнінің оқытушысы – педагог. Осы тұрғыда «педагогика және философия», «философ педагогикасы» және «педагог философиясы» деген ұғымдар қатар шығады. Бір қарағанда ұғымдар бір мағынада сияқты көрінгенімен, шын мәнінде олар абсолютті бөлек ұғымдар. Философия елімізде академиялық пән ретінде барлық білім беру бағдарламаларына енген міндетті пән. Философияның мұндай маңыздылыққа ие болуының себебі, оның студенттерді жан-жақты және үйлесімді дамыған адам ретінде қалыптасуына ықпал ету. Ішкі болмысында серпіліс бар ізгілікке ұмтылушы адам ешқашан өзіне және өзін қоршаған адамдарға еш зияндылығын әкелмейді. «Бірінші жақсы адам бол, екінші жақсы маман бол!» деген принципке жұмыс істеу үшін философияның культы әрдайым жоғары болғаны абзал. Философия пәні типтік бағдарламаға негізделген жұмыс бағдарламасына сай жүргізіледі. Жұмыс бағдарламасы дәрістер, семинар сабақтары мен студенттің өзіндік жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Аудиторияға философия пәнін беру

үшін кірген әрбір оқытушы ең алдымен философ емес, педагог. Сонымен қатар, философия пәні көп салалы, соның бір саласы педагогикамен етене жақын, яғни білім беру философиясы деп аталады.

Ежелгі дәуірден бастап-ақ білім және білім беру процессі әрқашан философиялық рефлексияның объектісі болды. Бірақ тек XX ғасырдың ортасына қарай, «білім беру философиясы» атты арнайы бағыт пайда болды және ол күш-жігерді білімнің ерекшелігін зерттеуге шоғырландырады, адам қызметінің түрлері, оның мақсаттары мен құндылықтары, құрылымы, даму және қызмет ету заңдылықтарын қарастырды. Ең алдымен, білім берудің адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығының өзгеруіне байланысты өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі анықтауға ұмтылатын жеке тұлғаны дамыту тәсілі болады. Білім үздіксіз, адаммен бірге жүреді деп түсініледі, себебі оның бүкіл өмірі ізденіспен танымнан тұрады. Әрине ізденіс пен таным, жаңаны игеру мен жаңалыққа құмарлық деңгейлері әрқилы болып келеді. Өйткені қазіргі динамикалық әлемде кәсіби ғана емес, өмірлік тәжірибені үнемі толықтырып, жаңартып отыру қажет. Демократиялық қоғамдарда әлеуметтік теңсіздік сақталғандықтан, білім беру қоғамдағы беделді жағдайды, әл-ауқаттың жоғары деңгейін, билікке қол жеткізуді қамтамасыз ете алатын әлеуметтік ұтқырлықтың маңызды факторы болып табылады. Бұл ауқымды өзгерістер философияда да, педагогикада да, білім берумен байланысты басқа пәндерде де жаңа тәсілдерді әзірлеуді талап етті.

Философия және педагогика – философия адам өмірінің мәні мен мазмұнын зерттейтін болса, педагогика философияға таным құралдарын бере алады, ал екеуі біріге келе, адамды тәрбие пәніне айналдырып, философия мен педагогиканың рухани диалогындағы басты объектіге айналады. Әрбір педагог мәселенің философиялық терең тұсына бойламай дұрыс шешім қабылдауы екіталай.

Философ педагогикасы – философия сынды даналық пен ізгілікке негізделген қордаланған ойлар мен идеялар жүйесін реттілікпен білім алушыға ұсыну, оны бірізділендіру және берілген білімнің практикалық өнімділігін көруге бағыттау. Философ философиялық білімнің қайнар көзі бола тұра оны білім

аушыға беру техникасы мен технологиясын игере алмаса онда ол тұйықталған білімге айналады.

Педагог философиясы – әрбір педагог білім алушылар бойына жаңа жүріс-тұрыс пен мінез-құлық үлгілерін сіңіре алады, алайда ол «ізгілікті жаңа» болуы тиіс. Білім алушылардың табиғи ыңғайларына философиялық талдама жасай отырып жаңа үлгілерді енгізу ең дұрыс қабылданған шешімдердің бірі, себебі әрбір енгізілген жаңа үрдіс, белгілі бір уақыттан кейін үйреншікті қалыпқа айналады, мұндай жайт олардың өмір сүру формасының ажырамас бөлігі ретінде қабылданады.

Техникалық, медициналық, жаратылыстану, гуманитарлық, жалпы қандай білім болмасын оның педагогикалық тұрғыдан білім алушыға беретін техникасы мен технологиясы жеткіліксіз болса, онда ол толық білім бола алмайды. Екі жағалауды бір-біріне қатыстыратын өткел секілді білім берушінің әртүрлі білім алу көздерінен әртүрлі кезеңдерде өз бойына жинаған білімін білім алушыға беру процесі тек педагогика арқылы ғана жүзеге асырылады. Егер педагог қолында практикалық өнімнің нәтижелілігін көрсете алатын нақты өлшем болатын болса, онда ол өзі бөліскен оқу-мәдени тәжірибесін білім алушының қаншалықты сіңіргенін немесе жақсы түсінгенін жеткілікті түрде бағалай алады. Демек, педагогиканың ғылым ретінде дамып білім беруші мен білім алушы ортасында құрал қызметін атқаруы аса маңызды.

Оқыту философиясы немесе педагогиканың философиялық негіздемесі

Философияда оқу және оқыту процестерін «білім беру философиясы» деп атайды және ол философияның арнайы бір бөлімі болып жүйеленген. Білім беру философиясы - педагогикалық қызмет пен білімнің негіздерін, оның мақсат-мұраттарын, педагогикалық білімнің әдіснамасын, жаңа білім беру институттары мен жүйелерін жобалау және құру әдістерін талдайтын философияның зерттеу саласы немесе институт-тандырылған формасы.

Философияның ерекше зерттеу саласы ретінде білім беру философиясын қалыптастырудың негізгі себептеріне:

1) білім беруді қоғам өмірінің автономды саласына бөлуі;

2) білім беру институттарын әртараптандыруы;

3) педагогикалық білімнің көп парадигмалылығы ретінде белгіленетін білім берудің мақсаттары мен идеалдарын түсіндірудегі қайшылықтары;

4) индустриялықтан постиндустриалдыға өтуге байланысты білім беру жүйесіне қойылатын жаңа талаптары жатады.

Қазіргі таңдағы философиялық және әдіснамалық аспектілер білім берудің негізгі функцияларын талдау және жаңасын жасау қажеттілігімен байланысты білім беру парадигмасы болып табылады. Мұндай парадигма адамның өзгерістерге орай ойлануы, өтіп жатқан процестерге деген өз аналитикалық көзқарас бұрышының болуына алып келеді де ол қазіргі білім беру процесінің болашағын айқындайды. Бағдары айқын білім беру процесі тек стратегиялық ресурс ретінде ғана емес елдің әлеуметтік немесе экономикалық дамуы, бірақ сондай-ақ динамикалық болашақтың шарты ретінде болашақтың толыққанды дамуы бола алады. Білім беру - бұл өзімен және басқа адамдармен бейбітшілік, үшін оның өмір сүруін және жалғасуын қамтамасыз ететін адамзат баласының өмірі, қалыптасу процесі және адамның өмір сүру қабілетін дамытуы. Білім - адамның ішкі жан дүниесін байытады, оны әлемдік мұралы мәдениетпен таныстырады, дұрыс бағалауға мүмкіндік береді және өз бетінше саяси, экономикалық және моральдық орта құрып, айналасындағы әлемді түсіне алады.

Адамзат тарихындағы алғашқы адамның пайда болуы қаншалықты ғылыми, діни пікірлерді тудырып, көптүрлі нұсқаларға ие болса, адаммен бірге пайда болған тәрбиенің де шығу тегі талас тудырады. Алғашқы адамдардың ру, тайпа құрып бірігіп тіршілік етуге ынталануы, оған қолайлы белгілі бір территорияны мекендеуі, қажеттіліктерді өтеуі сынды табиғи тұрғыда орындалған бірқатар әрекеттер тәрбие практикасының алғышарттары ретінде орын алды. Уақыт өте адам өміріндегі тәртіп, реттілік маңызды рөлге ие болды да, бұл маңыздылық тәрбие идеяларының туындауына ықпал етті.

Тәрбие идеялары діни, философиялық идеялармен қоса дами келе өз алдына жеке тәрбие тәжірибесіне, жүйесіне айналып оқу мен білімге негізделген, жас балаларды дұрыс өмір сүруге дайындайтын арнайы оқу-тәрбие мекемелері пайда болды. Оған даналық пен ғылымның алғаш мекен еткен жері ежелгі Грециядағы қабілет қарымы жоғары, іріктеуден өткен жас балаларды ғылым білімге, ел басқаруға, эстетикалық талғамдарын өсіріп, дүниетанымдарын кеңейтуге бағытталған «пайдея» ұғымы дәлел бола алады. Гректер «пайдеяны», яғни баланы тәрбиелеу оқыту, білім беру, өмірге лайықтау - деп ұғындырады. Олар оқуды, грамматиканы, музыканы, эстетиканы, 12 жастан бастап мемлекет көлеміндегі істерге қатыстыруды реттей білді. Демек, тәрбие мен табиғатты, білім мен саясатты байланыстырған тамыр өте көне заманда жатыр.

В.Йегердің айтуынша «Ежелгі Грециядағы пайдея мәдениет ұғымымен бара бар семантикалық ұғым». Пайдея ұғымын айта отырып, гректің «фюсис», яғни «табиғат» деген сөзіне тоқталмасқа болмайды. Екі ұғымды біріктіре келе, тәрбие дегеніміз әрбір адамға жаратылысынан берілген табиғи кепілдік. Сондықтанда ол тек адамдарға ғана емес, барлық тіршілік атаулыға да тән. Адамдар арасында дарындылық, тектіліктің өзіндік бір тұқымқуалаушылық қасиеті бар, сол табиғи қасиетке тәрбие араласпаса ол мүлдем жойылып кетеді. Сол түпнегізді тәрбие арқылы дамытып, жарыққа шығаруға болады. Дәл осы сынды асыл тұқымды жануарлар күтімі қарапайым жануардан гөрі көп талап пен тәртіпті, ынта мен ықыласты, жалпы алғанда тәрбиені талап етеді.

Антикалық пайдеядан екі бағытты аңғаруға болады және бұл бағыттар қазақтың ұлттық тәрбиесіне де жақын. Біріншісі – белгілі бір полистің немесе азаматтық ұжымның болмысы және әкелер рухы аясында тәрбиелеу. Оның түбінде адамды емес, алдымен афиндықты, сосын барып гректі тәрбиелеу жатыр. Қазақ тәрбиесінде де баланы бабалар жолымен тәрбиелеу, бойына ұлттық салт-дәстүр, жөн-жоралғы, әдет-ғұрып т.б. сіңіру жолы жақсы дамыған, түпкі мақсаты текті ұрпақ, жақсы қазақты мәңгі ету. Екіншісі – құдіретпен, ерекше тылсым күшпен байланысқан тәрбие. Гректер данышпандарды, саясаткерлерді, спортшылар мен ақындарды құдіретті деп санап, қарапайым адамдардан

жоғары қойған. Қазақ тәрбиесі де дінмен, рухани байлықпен астасып жатыр. Біздің тәрбиеде танымал тұлғаларға жас баланың тұсауын кестіру, аузына түкірту сынды ырымдар мен солар секілді болуын қалау, әулие әмбилерді пір тұту, өз балаларының денсаулығы мен өмірін сеніп тапсыру үрдісі орын алған.

Грециядағы ғалымдар көшіндегі ерекше орынға ие Демокрит те дамудың басты қозғаушы күші ретінде қажеттілікті атап, әрбір адам өз қажеттілігін барынша тез қанағаттандырғысы келеді. Осы үрдіс оны даму мен жетілуге алып келеді дей отырып, балалар тәрбиесіне жіті назар аударады. Демокрит пікірінше, жақсы адам болу табиғат ықпалынан гөрі тәрбиеге көбірек тәуелді. Демокрит адамның қалыптасуы оның табиғатына және тәрбиесіне байланысты деп ой қорыта отырып, егер де оқымаса, ешкім өнерді де, даналықты да меңгермеген болар еді деп білімнің адамды құлшындырар басты тетік екендігіне баса назар аударады. Бұл пікірді халық педагогикасы да құптады. Осы құптаған іске тағы бір қосымша ретінде ата-ананың бала тәрбиесіндегі орны мен рөлін атап өтуге болады. Халық педагогикасында «Әке балаға сыншы», «Әке сөзі оқ», «Әке көрген оқ жонар» деп отбасындағы әкенің, ер адамның рөлін биіктетеді. Демокриттің «Әкенің жағымды ойы балаларға ең жақсы өсиет» деген сөзі аталмыш қазақ мақалдарымен астасып жатыр.

Әлем халықтары тарихының дәл осы тұсынан артқа шегіне отырып, Ежелгі Үнді, Қытай, Египет, Жапон және Еуразия құрылығындағы Сақ, Ғұн сынды елдер дамуындағы тәрбие тәжірибесіне тоқтала кеткен жөн. Аталмыш елдердегі алғашқы білім ошақтары мен діни қауымдастықтардың пайда болуы адамдарды жаңалықтар ашу, тылсымды игеру, сонымен қатар, реттілік пен тәртіпке бағынуға тәрбиеледі. Осы кездерде әр елдің әскери күшінің басымдылығы ол елдің қуаттығын білдіретін негізгі критерий ретінде қалыптасқан болатын. Сондықтанда олар жас жеткіншектерді жауынгерлік дағдыларға, мемелкеттік басқаруға, жалпыға бірдей міндеттерді мүлтіксіз орындауға қалыптастыра бастады. Бұл кезеңдердегі тәрбие үрдісінде жеке тұлғаны дамыту маңызды деп есептелмеді.

Мәселен, жапондық самурайларды қалыптастыру кезеңі. Самурайлар негізінен VII ғ. пайда болған. Олар аңшылар мен

кашып жүрген шаруалардан құралған. Самурайлар тек қана жауынгерлер емес, олар императордың қорғаушысы. IX ғ. басы Жапонияда соғыстың жанданып тұрған кезі еді. Жапонияның көптеген аймағында тонаушылықтар мен қақтығыстар болып тұрған. Даймёлар өздерін қорғау үшін самурайларға жүгінген. Самурайлар императордың тандаулы әскері. Нағыз самурай қарудың бүкіл қыр-сырын біледі. Ал ниндзя-синоби - тығылу, жасырыну, шыдау, төзімді болу деген мағынаны береді. Аңыздарға сүйенсек, ниндзялар жастайынан дайындалған, қиыншылықты көрген, қайратты, батыл адамдар. Ниндзя керекті ақпаратты қалайда табуы керек және кез-келген нәрсені қару ретінде пайдаланған. Медицинаны, адам анатомиясын, ине терапиясын, судың астында ұзақ болуды жетік меңгерген. Тауға жорғалау, қабырғаға өрмелеп шығу ешқандай қиындық туғызбаған. Адамды білдіртпей өлтірудің шеберлері де осы ниндзялар. Аталмыш ұғымдардың барлығы топтық стильде дамыған.

Л.Н.Гумилев, А.Бахти сынды тарихшы ғалымдардың топшылауынша, шумерлер Еуразия даласына біздің дәуірімізден бұрынғы X ғасырда келген. Олар көшпелі тайпалармен араласып, жергілікті халықтың ықпалына түсіп, қатаң климаттық жағдайларды, тайпааралық соғыстарды бастарынан өткізген жауынгерлер. Көшпелі тайпа – сақтарға сіңіп кеткен. Сақтар болса, Еуразия Ұлы даласында Дунайдан Енисейге дейінгі аралықта б.з.д. VII-III ғ.ғ. байлыққа кенелген күшті мемлекет құрды. Бейіттерден табылған түрлі қарулар: қола шоқпар, балталар мен қылыштар, садақ пен жебелер темірден жасалынған арба дөңгелектері, т.б. көлөнердің белгілі дәрежеде дамығандығы және оған балалардың үйретілгендігі туралы деректер береді.

Жеке стиль, яғни, тәрбие үрдісіндегі жеке тұлға қалыптастыру идеялары Сократ, Платон, Аристотель сынды әлемдік ұстаз-ғалымдарға тиесілі. Жалпы ежелгі Греция мен Рим мәдениеті әлемдік педагогиканың қалыптасуы мен дамуына тікелей ықпалын тигізді. Афина мектебі балаларды өнерге баулыды. Спартада құлдарды қатал қанауға негізделген, мұнда үстем таптың балаларына әскери-жауынгерлік тәрбие берді, оларды 7-18 жасқа дейін мемлекеттік мекемелерде тәрбиеледі. Балалардың денесін шынықтыру, аштыққа, суыққа, шыдамды

етіп үйрету, әндер айту, найзаласу, жүгіру, секіру ойындары жүргізілді. Афинада жеті жасқа толған балалар мектепке алынды. Олар грамматист (жазу, сызу), кифарист (музыка), полестра (күрес) мектептерінде оқыды. Грек философы Платон өзінің пікірінде Афина мектебінен Спарта мектебін ұштастыру керек деді. Ол тәрбие мемлекет тарапында болсын дей отырып, құлдардың балаларын оқытуға қарсы болды. Аристотель мемлекеттің мақсаты барлық адамға тәрбие беру керек деп ұсынды. Ол алғаш рет балалардың жас ерекшеліктерін даму кезеңдерге бөлді. Ежелгі Рим мемлекетінде элементарлық және жоғарырақ грамматикалық болып екіге бөлінді. Элементарлықта жазуға, санауға үйретті. Грамматикалық мектептерде үстем таптың балалары барды. Олар латын тілі, грек тілі, риториканы оқыды.

Сократтың өзін-өзі тану философиясы мен майевтика, ирония әдістері жеке тұлғаларды ерекшелеуге бағытталған. Онда әрбір адамның жеке тұлға ретінде маңыздылығы, ең бастысы оны өзінің түсінуі ерекше орынға ие болды. Қазіргі білім мен ғылым дамыған кезеңде көшбасшылықтың алға шығуы, ежелгі тәрбие бастауларының қайта жаңғыруы болып табылады. Платон Сократтың тікелей шәкірті болса да, оның бірқатар идеяларына кереғар пікірлер білдірді. Платонның тәрбиені мемлекет ұйымдастыруы қажет, өзінің мақсаты, мазмұны, әдістемесі бойынша үстем таптың мүддесіне толықтай сәйкес келуі керек деген ойы бүгінгі күнге дейін өз деңгейінде орындалып келеді. Барлық мектептер алдын-ала дайындалған және мақұлданған бағдарлама бойынша оқиды. Онда мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан саясат міндетті түрде кіріктіріледі. Әрбір оқушы мемлекет саясатының бір бөлшегі және мемлекеттің азаматы, сондықтанда оның ой-өрісі мемлекет мүддесімен сәйкес келуі керек.

Платон пікірінше, тәрбие дегеніміз үлкендердің кішілерге ықпал етуі, балалар бойындағы адамгершілікті, қайырымдылықты қалыптастыруы. «Мемлекет» атты еңбегінде Платон жас кезінен бастап балаларға қоғамдық тәрбие беру идеясын ұсынды және оны ұйымдастырудың белгілі жүйесін қарастырды. Платон ұсынған жас ерекшелікке байланысты тәрбие:

- 3 жастан 6 жасқа дейін барлық балаларды мемлекеттің тағайындаған тәрбиешілердің басшылығымен алаңдарда ойын ұйымдастыруға ерекше мән берді. Кішкентай балаларды тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде ойынның ролін жоғары бағалады;

- 7 жастан 12 жасқа дейін балалар мемлекеттік мектепке барады, онда оқуға, жазуға, санауға, саз өнеріне және ән-күйге үйренеді;

- 12 жастан 16 жасқа дейін дене тәрбиесімен жан-жақты айналысатын мектепке – полестраға қатысады. Онда гимнастикалық жаттығулармен айналысады;

- 16 жастан бастап ғылым негіздерін арифметиканы, геометрияны, астрономияны, практикалық мақсатта оқып-үйренеді;

- 18 жастан 20 жасқа дейін эфебияда арнулы әскери-дене даярлығын алады;

- 20 жастан бастап, ақыл-ой сабақтарына ешқандай қабілеттілік аңғартпаған жастар әскер қатарына алынады;

- 30 жасқа дейінгі жастардың аз ғана бөлігі білім берудің жоғары үшінші сатысына өтеді, онда философияны, арифметиканы, геометрияны, астрономияны және саз теориясын философиялық-теориялық негізде оқып-үйренеді. Олар мемлекеттік қызметке даярланады. Ерекше дарындылық аңғартқан кейбіреулері философиялық білімін тағы да 5 жылға, яғни 35 жасқа дейін жалғастырады;

- 35 тен 50 жасқа дейін мемлекет басқару ісімен айналысады.

Платонның тәрбие жүйесі дене тәрбиесіне деген жеккөрушілікке негізделеді, құлдардың балаларына білім алуға тыйым салынады. Бірақ, Платон мектепке дейінгі тәрбие туралы, тәрбиенің бірізді мемлекеттік жүйесі туралы, жағымды үлгі-өнеге арқылы тәрбиелеу талаптарын және т.б. ұсынды.

Платон Сократтың, Аристотель Платонның шәкірті, ол да өз ұстазының жолын қуып, Платонның біршама көзқарастарымен келіспеді. Аристотель пікірінше тәрбиенің 3 түрі бар: дене, адамгершілік және ақыл тәрбиесі. Тәрбиенің мақсаты табиғатпен тығыз байланысты жанның барлық жақтарын үйлесімді дамыту.

Аристотель баланың табиғатына сәйкес дене, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесін ұйымдастыру, сонымен қатар, балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп атқаруды ұсынды. Аристотель ұсынған жас ерекшелікке байланысты тәрбие:

- туғаннан бастап, 7 жасқа дейінгі кезең. Бұл кезеңде бала өз отбасында тәрбиеленуі тиіс және ол тәрбие процесі табиғат процесімен міндетті түрде үйлесуі керек;

- 7 жастан 14 жасқа дейінгі кезең. Бұл кезеңде бала мемлекет қарамағына өтеді, яғни мектепке барып, барлығы бірдей білім алады. Бірақ барлығы бірдей деген сөз қыз балаларға қатысты емес. Балалар мектепте санауға, оқуға, жазуға, сурет салуға, ән айтуға үйренеді. Жас балалардың қабілет-қарымын, үйрену шапшаңдығын негізге алу керек.

- 14 жастан 28 жасқа дейінгі кезең. Бұл кезеңде білім алушылар әдебиетті, тарихты, философия мен астрономияны меңгеруге кіріседі. Басты назар этикалық, эстетикалық тәрбиеге бұрылады. Аталмыш тәрбиені қалыптастыру үшін қажетті әрекеттер жиі қайталанылады. Бұл тәрбие жүйесіне ата-аналар міндетті түрде тартылады.

Грек классиктерінің жоғарыда келтірген оқушының жас ерекшеліктеріне қарай білім мен тәрбие беру жүйесінің кейбір элементтері күні бүгінге дейін өз қызметін атқарып келеді. Бұл жүйе әлемдегі білім беру процесіне өз ықпалын тигізіп, білім берудің негізіне айналғаны анық.

Орта ғасырлар дәуірінде шіркеу ықпалы қатайып, тәрбиені толығымен діни арнаға бұрды. Еуропада 12 ғасыр бойы үстемдік еткен діни догматикалық басқару білім мен ғылымның дамуына жол бермеді. Қайта өрлеу заманында философияның азаттығымен қатар, тәрбие, білім, мәдениет, өнер т.б. еркіндікке ие болып гуманизмге негізделген педагогика өмірге келді, ары қарай дами келе XVII ғасырда философиядан ажырап дербес ғылым лауазымына ие болды. Педагогиканың бұл лауазымға ие болуына тікелей мұрындық болған чех педагогы Ян Амос Коменский болатын. Оның «Ұлы дидактика» атты кітабы алғашқы ғылыми-педагогикалық еңбек ретінде педагогика тарихында мәңгіге қалды. Ондағы айтылған идеялардың көпшілігі осы күнге дейін өзінің көкейкестілігін және ғылыми

маңызын жоғалтқан емес. Я.А.Коменский ұсынған табиғи сәйкестік принципі, сынып-сабақтық оқу жүйесі және оқытудың автопсия (өз бетті бақылау), автопраксия (практикалық әрекет), автохрессия (меңгерілген білім мен іскерлікті қолдану), автолексия (өз еңбегінің нәтижесін әңгімелеу, жариялау іскерлігі) сынды кезеңдері басқа да оқу принциптері, әдістері, формалары педагогикалық теорияның алтын қорынан орын алды.

Я.А. Коменскийдің философиялық-педагогикалық ілімдері, оның ішіндегі адам проблемасы да маңызды орынға ие. Ол жалпыға бірдей бастапқы оқыту идеясын алға тарта отырып дұрыс тәрбие барлық жағынан да табиғатпен үйлесімділікте, сәйкестікте болуы керек екендігін негіздейді. Оқушылардың жас мөлшерлік кезеңін қарастыру барысында ғалым мектептік жүйе мен кейбір дидактикалық принциптер және ережелерге баса назар аудара отырып, балалардың жас айырмашылығы мен түр келбегіндегі табиғи өзгерістерге көңіл бөлу керектігін айтады. Осылайша Коменский ұрпақ өмірін 4 кезеңге бөледі, әр бөлікке жас мөлшерін қояды:

- Туғаннан 6 жас аралығына дейінгі балалық кезең. Бұл кезеңде физикалық өсу қарқыны мен сезім мүшелерінің дамуы еселенеді. Сондықтанда бұл кезеңде «аналар мектебі» жұмыс істейді, яғни мектепке дейінгі аналар жетекшілігіндегі тәрбие;

- 6 жастан 12 жас аралығына дейінгі жеткіншек кезең. Бұл кезеңде тіл және қол сынды орындаушы мүшелердің белсенділігі арқылы жады мен елестету қабілетінің артуы белең алады. Сондықтанда бұл кезеңде жеткіншектерге арналған алты жылдық мектеп қажет. Ол мектепте әрбір оқушы өзінің туған тілі мен өлкесі туралы білім алады;

- 12 жастан 18 жас аралығына дейінгі жас өспірімдік кезең. Бұл кезең түсіну және талдау тұрасындағы ойлаудың жоғарғы деңгейімен сипатталады. Осы сипатқа ие жас өспірімдер үшін әрбір қалада латын мектебі немесе гимназия қажет;

- 18 жастан 24 жас аралығына дейінгі ересек кезең. Бұл кезеңде ерік пен үйлесімділікті сақтау қабілеті дамиды. Сондықтанда осы кезеңнің жастары үшін әрбір мемлекетте академиялар болуы керек. Осы соңғы кезеңнен басқасының бәріне Коменский оқыту бағдарламасын жасады.

Философиялық ой-тұжырымдардың педагогика тарихына ықпал етуіне себепші боып, тәрбие теориясы турасында еңбектер жазып, жаңа көзқарастар қалыптастырған бірқатар ағылшын зиялылары болды. Олар жаңа заманның жаңа ұрпағын тәрбиелеу ісіне ден қойды. Олар үшін білімді, іскер, этикалық нормаларды қатаң сақтайтын, эстетикалық құндылықтармен сусындаған, маңғаз да кербез, нағыз джентельмен тәрбиелеу қажеттігін алға тартты. Жалпы ағылшын халқының болмысына тәкәппарлық пен тәртіпсүйгіштік тән. Белгілі бір қасиеттердің бүтін бір халықтың болмыстық сипатына ие болуы жүздеген жылдарды қамтиды және оған жалпыға бірдей қойылатын талаптар ықпал етеді.

Англиядағы ірі әлеуметтік тарихшылардың бірі, «моральдық экономика» терминін ғылыми айналымға ендіруші, Оксфордта туылып, Кембриджде оқыған, 18 жасынан бастап ағылшындық коммунистік партия мүшелігінде және жұмысшылар қозғалысы тарихымен тікелей айналысқан тарихшы-марксистер тобында болған ағылшындық Э.П.Томпсон өзінің көптеген еңбектерін XVIII және XIX ғасырлардағы ағылшын тарихы тақырыптарына арнады. Томпсон термин аттас «Моральды экономика» атты мақаласында XVIII ғасырда орын алған Англиядағы азық-түлікке байланысты өзгерістер, тұрмысы нашар халықтың жай-күйі, табан асты көтерілген қозғалыстың себептерін талдады. Ол «халық санасында сол заманнан, яғни базардан, диірменнен, наубайханадан заңды немесе заңсыз әрекеттер аражігін ажыратуға бағытталған сүзгі қалыптасты және ол ағылшын халқының әлеуметтік нормасы мен дәстүрлі түсінігінің негізіне айналды» деп жазады.

Осы жағдайлар қоғамның кейбір мүшелерінің өз борышы мен міндеті, жауапкершілігі мен қызметін толық түсінуіне алып келді. Осы сарынды түсініктер жиынтығына Томпсон «кедейшіліктің моральдық экономикасы» ағылшын тілінде «moral economy of the poor» деген ат берді. Себебі, көтерілістер мен дүмпулердің басты талабы «моральдық экономика» нормаларының қатаң сақталуы болатын. Тарқата айтсақ, астықты алып келу және сатудың дәстүрлі патерналистік үлгісі бірқатар қатаң ережелерден тұрды. Ереже бойынша астықты алып келу және сатуды үкімет жүргізді және қадағалады, жергілікті билік өкілдері оған бағынды. Базарда тұтынушылар астықты

өндірушіден, яғни фермерден қолма-қол алды. Ал фермерлер өз кезегінде бағаның көтерілгенін күтіп астықты қоймада сақтамай, алыпсатарларға бермей және таусылып қалмайтындай өте көп көлемде жергілікті базарға алып келді. Диірменшілерде базарға өз ұндарын алып келді. Астықты да, ұнды да бекітілген уақыттағы қоңырау соғылғанға дейін сатуға ешкімнің құқығы болмады. Ең бірінші кезекте астық пен ұнды кедейлер аз көлемде сатып алды. Сосын қоңырау екінші мәрте соғылды, ол кезде сатуға рұқсат қағазы бар саудагерлер алды, бірақ оларда өте көп шектеулер болды.

Ал алыпсатарлар халық санасында XVIII ғасырдың соңына дейін күдікті адам ретінде орын алды. Диірменшілер, әсіресе наубайханашылар өз күндерін көру үшін емес қоғам пайдасы үшін еңбек ететін құлдар болып есептелді. Олар таза, бекітілген сыйақыға ғана жұмыс істеді. Бұл дәстүрлі патерналистік ұстанымды үкімет ғасыр бойы пайдаланды, нәтижесінде тәртіпті сақтау, бұқаралық әлде бір әрекеттерге тыйым салу санасы халық бойында орнықты. Бүгінде ағылшындықтар тәртіпке бағынатын, заңды сыйлайтын, үнемшілікті қолдайтын өркениетті елдердің бірегейі.

XVIII ғасырда мектеп педагогикасы бойынша өз шығармаларымен танылған француз материалист-ағартушылары да біршама еңбек сіңіріп, аты айтып тұрғандай ағарту ісін дамытты, мұғалімдерге оқыту мен адамгершілік тәрбиесінің ізгілікті теориясын ұсынды. Бұл көштен неміс ғалымдары да қалмады, олар барша педагогикалық құбылыстарға тән тәрбиенің қозғаушы күштері мен қарама-қайшылықтарын зерттеді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына дейін Ресейде білім беру мен педагогика саласының ізденісі, қалыптасу кезеңдері орын алды. Орыс зиялылары таптық білім беруді қатаң сынға алып, жалпы бұқаралық сана мен халықтық тәрбиені түбегейлі өзгерту қажеттігін алға тартты. Әлемдік педагогикада өзінідік із қалдырған, тек орыс халқының емес, жалпы білім беру саласының дамуына үлкен ықпал тигізген К.Д.Ушинскийді педагог төңкерісші деп атауға да болады.

Жақсы мағынадағы атауға ие ғалым «тәрбие, егер ол адамға бақыт бағыштағысы келсе, оны бақыт үшін тәрбиелемей, өмірлік еңбекке баулуы тиіс. Ұдайы жетілуде болған тәрбие адамның

тән-дене, ақыл-парасат және ізгілік-инабаттық күштерінің ауқымын барынша кеңейту мүмкіндігіне ие болады» - дей отырып, «тәрбиедегі барлық істер тәрбиеші тұлғасына негізделуі тиіс, себебі тәрбие күші тұлғаның адамилық қадір-сапаларынан бастау алады». «Ешбір жарғы немесе бағдарлама, ешқандай жасанды мекеме организмі, қаншалықты айламен құрылса да, тәрбие жұмысындағы тұлға беделінің орнын баса алмайды» - деп үндеу тастады. К.Д.Ушинский бүкіл педагогиканы қайта қарастырып, жаңа ғылыми деректер негізінде білім беру жүйесін толығымен түбегейлі қайта құруды мақсат етіп «...теориядан алшақтаған педагогикалық практиканың бір өзі – медицинадағы тәуіпшілдікпен тең» - деп педагогика ғылымының болашағына деген өз алаңдаушылығын білдірген және осы бағытта келелі еңбектер атқарған.

Ғалымның идеяларын қолдаған және оны өз бетінше зерттеген, орыс педагогикасының дамуына нақты үлес қосқан тұлғалар саны көп. Оны кез-келеген педагогика тарихы немесе орыс педагогикасының тарихы кітаптарынан тауып алуға болады. Ең бастысы бұл зиялы қауымның ортақ идеясы мен ортақ мүддесінің үйлесімділігі, тәрбиенің басты нысаны болып табылатын баланың қабілет-қарымын, қызығушылығы мен дарынын ашуға және оны ары қарай жетілдіруге бағытталған педагогиканың дамуы болатын. Орыс педагогикасының аталмыш бағыттағы дамуына тарихи оқиғаларда өз ықпалын тигізбей қоймады.

Қазан төңкерісінен кейінгі кеңестік педагогика жаңа қоғамдағы жаңа адам тәрбиесі идеяларын өзіндік жолымен дамыта бастады. Кеңестік педагогиканың ең басты ерекшелігі сауатсыздықпен күрес болатын. Бұл мәселенің күрмеуін шешкен 1919 жылы 26 желтоқсанда қабылданған сауатсыздықты жою туралы декрет жариялымы болатын. Онда 50 жасқа дейінгі азаматтар орыс және ана тілінде сауатын ашуға міндетті болды. 1920 жылы Н.К.Крупскаяның басшылығымен сауатсыздықты жою мақсатында Жалпыресейлік төтенше комиссия құрылды. Одақтас республикаларда да сауатсыздықты жою пункттері мен шала сауаттыларға арналған мектептер ашылды, есебі жүргізілді. Латын алфавитіне көшуге байланысты араб жазуын білетін сауатты адамдар жалпы есепке алынбады. Ол жолды жасау және

қалыптастыру, барлық тәрбие көздерін бір мүддеге бағындыру жұмыстары да бірнеше кезенді, сәйкесінше уақытты алды.

Жаңа даңғыл жол жасау барысында өткен жол мен жан-жағындағыларыдың өсу жолына қарау керек болды. Осы кезеңде Американың білім саласында үлкен өзгерістер болып жатты, анығырақ айтқанда, 1919 жылы американдық философ әрі педагог Дж.Дьюи және оның шәкірті В.Х. Клипатриктің гуманистік идеяларға байланысты философия мен білім беру бағытындағы жобалау әдісі болатын. Бірақ жобалау әдісінің авторы ретінде американдық педагог Елена Паркхерст танымал. Бұл әдістің «Dalton plan» атты екінші атауы да бар. Себебі, ол Массачусетс штатына қарасты Дальтон қаласында жүзеге асқандықтан, ежелгі гректердің стиліне салынып жобаға қала атауы берілген. Осы танымал әдіс 20-сыншы жылдары Кеңес одағы кезіндегі білім беру жүйесіне «бригадалық-лабораториялық жүйе» деген атаумен енген, бірақ ұзаққа бармастан 1932 жылы ресми түрде тоқтатылды. Дегенмен, 1905 жылы «Сетлемент» жобасымен жетістікке жеткен С.Щацкийді айта аламыз, оның балалар шығармашылығы арқылы жетістікке жетелеу, дүниетанымдарын кеңейту әрекеті толығымен өз нәтижесін берді.

Орыс педагогикасының үлкен бір бөлігіне айналған кеңестік педагогика жаңа кеңес мектебін қалыптастыру, яғни балалардың жас мөлшерлерін есепке ала отырып құрылған ұйымдардың жұмыс бағдарламасы төңірегінде шоғырланды. Әр дәуірдің өз батырлары мен бас кейіпкерлері болары анық. Бұл кеңестік педагогиканың қайраткерлері ретінде Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, С.Т.Шацкий, П.П.Блонский, А.П.Пинкевич, Ш.А.Амонашвили, Л.С.Соловейчик, В.Ф.Шаталов, Н.П.Гузик, Н.Н.Палтышев, В.А.Караковский, М.А.Данилов, Л.В.Занков, С.Н.Лысынкова т.б. атаймыз.

Осы аталған ғалымдардың еңбектерімен сусындаған және біртұтас идеологияның бір бөлшегі болған Қазақстандық педагогиканың да бітім болмысы өзгеше. Қазақстандық педагогика өз бастауын, сонау қаймағы бұзылмаған халықтық санадан алады. Қазақ халқының байырғы тәлім-тәрбиелік жүйесі оның педагогикасының алтын дінгегі іспеттес. Қордаланған халықтық, ұлттық тәрбиеге ағартушылық, зиялылық қосылып

кеңестік педагогикаға дейінгі кезеңді бір қорытындылап алуға болады.

Халық педагогикасының түзілуі, қалыптасуы туралы мәлімет көздері жеткілікті, ең бастысы халық санасының жалпы тәрбиелік формасының біртұтастығы. Мұндай форманың түзілуіне қазақ халқының мекендеген жер климаты, ұстанған шаруашылығы, ислам дінінің келуі, араб әліпбиі мен жазуы, шығыс әдебиеті, түрлі тарихи оқиғаларда өз ықпалын тигізді. Халық педагогикасы насихат арқылы дамыды, оның нәтижесі халық ауыз әдебиеті ретінде орын алды.

Әр адамның тұрған үйі, киген киімі, жүрген жүрісі, тұрған тұрысы, сөйлеген сөзі оның психологиясы мен қарым-қатынас ортасынан хабар беретін болса, әр халықтың бұқаралық санасының көрнісі оның болмысын айшықтайды. Қазақ ағартушылары осы болмысты, тәлімдік тұтастықты бұзып алмай, оны жаңашылдықпен ары қарай жалғастырғысы келді. Мұндай әрекет тек қазақ халқының ғана емес, әр ұлттың тағдыры мен тарихынан орын алған оқиға. Қазақ ағартушылары да осы ұлы көштің қатарына қосылады. Бұл процесс қазақ халқының Қазақстан халқына айналуы кезінің бастапқы кезеңдерінде белең алды, яғни біздің Ресей құрамына қосылуымызға байланысты ұлттық мәселелердің ширығуы болатын.

Қазақ ағартушылары осы бір ауыспалы кезеңнің ауыртпашылығын халық пайдасына шешуге ат салысты. Бұл шешімнің ең басты жолы сауатсыздықты жою, білім мен ғылымға ден қою, толығымен отырықшылыққа ауысу, яғни өмір салтын әлем халықтары тәжірибеден өткізген, сыналған тұрмыстық жағдайға бейімдеу болатын. Қазақ ағартушылары үшін білім – тек игілікке ғана қол жеткізетін құрал емес, өзіндік рухани мақсатқа қол жеткізудің дара жолы болып есептелді. Осы мүддеге тоғысқан зиялылар білімнің адам жанымен арын, ұжданы мен ынсабын ағартуға, рухани мәдениетін байытуға бағытталғаны дұрыс деп есептеді. Олардың бұл ойы батыс ағартушыларының да этика мен эстетика, моральдық нормаларға бағынған адамның білімі қоғамға, ел дамуына үлес қоса алады деген келелі тұжырымдарымен астасып жатқан болатын. Бұл дұрыс таңдалынған жол өз нәтижесін берді. Сол қазақ

ағартушыларының осы бағыттағы еңбектері, педагогикалық мұрасы бүгінгі ұрпаққа рухани азық болып отыр.

Әлем тарихының басынан өткен ренессанс кезеңдері қазақ тарихында да өз жалғасын тапты. Ортадағы бір басқару жүйесіне бағынған, салт-сананы өзгерткен кеңестік уақыттан кейінгі тәуелсіздік, бұлтты күн артынан шыққан күндей болды. Бұл қазақ ренессансы. Қазіргі тәуелсіз елдің жаңа білім беру жүйесі, қайта жазылып, жаңаша сипатқа ие педагогика да осы ренессанс жемісі. Тарихи заңдылық бойынша ұзақ тоқтаудан кейінгі жылжу аса жылдамдықта, тез ырғақта болады. Қазіргі Қазақстандық білім жүйесі мен жазылып жатқан педагогика тарихындағы жылдамдық пен екпін де қарымды.

Салауатты бәсекелестікте өмір сүру шартын алға қойған жаңа Қазақстандық білім беру жүйесінің басты қайшылығы тез өсіп бара жатқан жаңа білімдер қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында болып отыр. Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда:

- білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;

- ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радиобайланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

- баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

- мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;

- қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық, педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдары төмендегіше сипатталады:

- есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;
- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;
- оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Жаңа мазмұндағы білім беру жүйесі қазіргі таңда ізденіс үстінде, еуропалық жатық үлгіге үңілу басымырақ, дегенмен алға жылжу бар. Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан үлкен қолдау мен қаржыландыруға ие. Қазіргі мектеп бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ордасы болуы қажет деген ұстанымда. Отанымыздың білім беру жүйесіндегі ізденістері мен бастамалары әлемдік білім кеңістігіндегі ықпалдастықты арттыру мен оның сапасын көтеруге бағытталған. Соған сәйкес білім сапасы мен елдің бәсекелестік мүмкіндігін жоғарғы деңгейге көтеру мақсатында жаңа формация мамандарын кәсіби тұрғыда жаңаша талаппен қалыптастыру тиісті.

Кері байланыс

1. Педагогика және философия, философ педагогикасы және педагогика философиясы ұғымдарына өз бетіңізше, өз түсінік пайымыңыз, алынған ақпараттарыңыз бойынша жеке жеке анықтықтама беріңіз!

2. Қазақ халқының қарапайым тіршілігіндегі педагогикалық аспектілерге не айтар едіңіз?

3. Әрбір адам есейген сайын өз бетінше ойланушы философ және біреулерге бірнәрселерді үйретуші педагог, алайда біз өзіміздің бұл рөлімізді аңғармаймыз. Өзіңіздің осы екі бағыттағы іс-әрекеттеріңізді еске түсіре отырып «Менің өмірдегі философ және педагог әрекеттерім» атты эссе жазыңыз. Эссе критерийлері: біріншіден, сіз қазір кімсіз, нешедесіз және бұл сұрақ туралы ойлану сізге не беруі мүмкін екендігін өзіңіз үшін

бекітіңіз. Екіншіден, ең алғаш өз-өзіңізге сұрақ қойып немесе оқыған, өзгелерден естіп өз бетіңізше терең ойланған сәтіңіз және сұрағыңыз не болғанын іздеп көріңіз, еске түсіріңіз. Үшіншіден, отбасылық статусыңыз қандай және ондағы сіздің үйренушілік және үйретушілік рөліңіз қандай, осы әрекеттерді жасау барысындағы дағдылар туралы жазыңыз. Төртіншіден, әрбір адам өмірде кәсіби емес философ және педагог деген тұжырыммен келісесіз бе? Өз ойыңызды аргументтермен шегелеңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Философия и методология науки: для аспирантов и магистрантов/ под ред. К.Х. Рахматуллина и др. - Алматы: Қазақ университеті, 1999. - 403

2. Таубаева Ш.Т., Булатбаева А.А. Методология и методы педагогического исследования: учебное пособие / Ш. Таубаева, А.А. Булатбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 214 с.

3. Таубаева Ш.Т. Философия и методология педагогики: научные школы стран СНГ и Республики Казахстан: хрестоматия. Под ред. д.филос.н., профессора А.Р. Масалимовой. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 402 с.

4. «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» курсы. <https://dis.kaznpu.kz/els/mod/lesson/view.php?id=9495>

5. Медведев Н.В. Философская педагогика Л.Витгенштейна // Манускрипт. - 2020. Том 13. Выпуск 4. - 87-92 стр. <https://doi.org/10.30853/manuscript.2020.4.17>

6. Баксанский О.Е. Философия, образоание и философия образоания // Педагогика и просвещение – 2012. №2(6). – 6-19 стр.

7. Сергейчик, Е.Ж. Философия образования и педагогика // философские науки. №8. -2009. -6-19 стр.

8. Розин, В.М. Философия образования: учеб. пособие для бакалавриата и магистратуры / В. М. Розин. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Издательство Юрайт, 2018. - 434 с. - (Серия: Авторский учебник).

9. Шеховская, Л.Н. Педагогика и философия: духовно-ментальный диалог // Научные ведомости. – 2010. №6 (77). – 33-38 стр.

10. Боталова О.Б. Философия науки как предпосылка формирования активной научной позиции будущих педагогов // В мире образования. – 2007. – № 4. – С. 16-22.

11. Kryanev Y., Pavlova T., Kvon D. Phenomenon of Education: Philosophical and Methodological Aspects of Research // Volume 10 - Issue 39: 102-116 / March, 2021. DOI: <https://doi.org/10.34069/AI/2021.39.03.10>

12. Нұрадин Г.Б, Қашқынбаева З.Қ. Педагогикалық жоғары оқу орындарының кәсіби практиканы ұйымдастыру технологиясы - Оқу құралы / Нұрадин Г.Б, Қашқынбаева З.Қ. – Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2021. – 311 б.

ГЛОССАРИЙ

-{Аа}-

Адам – аса күрделі ұғым. Адам өзін-өзі зерттейді. Адамның іші мен сырты екі түрлі, дамының табиғаты, адамның жаны тым құбылмалы, сондықтанда оған дөп келетін бірде-бір нақты анықтама жоқ, алайда адамды сипаттаған, оның ішкі болмысын түсінуге тырысқан, оны өзгелермен салыстырған ғұламалар көп. Адам толық зерттелмеген, оның ішкі күші қазіргі біз ойлаған, шамалаған болжамнан еселеп асып түсуі мүмкін. Адам адамға қамқор әрі қауіпті. Адамдар тек адамдардың арасында ғана сыйлы әрі құрметсіз.

Антропология – адам табиғаты, оның мәні мен дамуын зерттейтін ғылым. Ол адамның мәдени, биологиялық, әлеуметтік және тілдік ерекшеліктерін қарастырады. Антропология саласына археология, этнология, физикалық антропология және лингвистикалық антропология кіреді.

Аналитикалық әдіс – ұғымдар, дәлелдер және тілдік құрылымдарды логикалық талдауға негізделген тәсіл. Мақсаты – философиялық мәлімдемелердің мағынасын, құрылымын және олардың ақиқаттық немесе жалғандық критерийлерін айқындау. Бұл әдіс аналитикалық философияда кеңінен қолданылады.

Адам табиғаты – адамның биологиялық, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерінің жиынтығы. Бұл ұғым адамның түйсігі, санасы, ойлау қабілеті, ерік-жігері және мінез-құлқы арқылы көрініс табады.

Ақыл-ой рационалдылығы – ойлау мен шешім қабылдаудағы қисындылық пен дәлелділікті сақтау қағидасы. Рационалды ойлау логикаға, дәлелдерге және қисынды пайымдауларға негізделеді, ол адамның шешім қабылдау процесін тиімді етеді.

Ашық сұрақтар – оқу процесінде шығармашылық ойлауды және жаңа идеялардың пайда болуын ынталандыратын сұрақтар. Олар оқушылардың өз пікірлерін еркін білдіруіне, жаңа шешімдер ұсынуына және талқылауға белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

-{Бб}-

Білім беру философиясы - адамзаттың даму жолындағы орны мен рөлін, оның ұйымдастырған әлеуметтік институттарының мәнін, әртүрлі теориялық көзқарастардың, дәлелді және іргелі идеялардың жалпыланған жүйесін реттейтін және оның қоғам өміріндегі маңыздылығын және мәдени-тарихи процестің тұтас контекстіндегі білім беру қызметінің мазмұны мен мақсат-міндеттерін негіздейтін, негіздеп ғана қоймай, ұзақ мерзімді білім беру стратегиясының негізгі принциптерін дайындайтын білім беру теориясының бір бөлімі.

Білім теориясы (эпистемология) – білімнің табиғатын, шығу тегін, құрылымын және шектерін зерттейтін философиялық сала. Ол сенім, дәлел, ақиқат және танымдық әдістерді талдайды.

Білім беру технологиялары – оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен құралдарының жиынтығы. Қазіргі білім беру технологиялары ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, цифрлық платформаларды және интерактивті оқыту тәсілдерін қамтиды.

-{Гг}-

Герменевтикалық әдіс – мәтіндер мен құбылыстарды түсіндіру әдісі, олардың мағынасын тарихи, мәдени және тілдік контексте ашуға бағытталған. Бұл әдіс философияда, әдебиеттануда, дінтануда және құқықта қолданылады.

-{Дд}-

Дизайн-ойлау – бұл ойлау тәсілінің философиясы. Ол өнім беруші мен өнім алушы арасындағы түсіністік пен жайлылық ортасын құруға бағытталған. Ол интуицияны, экспериментті, проблеманы көпқырлы қарастыруды, қолданушы қажеттіліктеріне баса назар аударуды және инновациялық тәсілдерді біріктіреді.

Дизайн-эпистемология – бұл білімді абсолютті шындық ретінде емес, жобалау және шығармашылық процесінің нәтижесі ретінде қарастыратын танымға деген тәсіл. Дизайн-ойлау контекстінде білім тәжірибе, тәжірибелеу және нақты мәселелерді шешу арқылы қалыптасады. Бұл тәсіл білімді динамикалық және өзгермелі құрылым ретінде қарастырады, оның мәні контекстке және қолдану жағдайына байланысты анықталады.

Диалектикалық әдіс – Гегель әзірлеген тәсіл, қарама-қайшылықтарды анықтау және оларды қарама-қарсылықтардың синтезі арқылы шешуге негізделген. Идеялар мен үдерістердің дамуын талдау үшін қолданылады және материалистік диалектика, идеалистік диалектика сияқты әртүрлі бағыттарда қолданылады.

Дискурсивті этика – қазақша айтқанда қара қылды қақ жару, яғни қандайда бір этикалық белгісіздіктер мен аса күрделі екіұдайлы мәселелерді шешу.

Демократия – қоғамдағы басқару формасы, онда билік халықтың еркіне негізделеді. Демократияның негізгі принциптеріне теңдік, әділеттілік, сөз бостандығы, адам құқықтарын сақтау және сайлау құқығы жатады.

Деконструкция – Жак Деррида әзірлеген әдіс, мәтіндер мен философиялық тұжырымдардағы жасырын қарама-қайшылықтар мен анық емес мағыналарды ашуға бағытталған. Бұл әдіс семиотикада, әдебиет теориясында және философияда кеңінен қолданылады.

Дивергентті ойлау – бір мәселенің көптеген шешімдерін және мүмкіндіктерін шектеусіз туындату. Бұл ойлау түрі шығармашылық қабілетті дамытуға, мәселелерді дәстүрлі емес жолмен шешуге және инновациялық тәсілдер ұсынуға көмектеседі.

-{Жж}-

Жүйелік әдіс – философиялық мәселелерді тұтас жүйелер шеңберінде қарастыратын тәсіл, мысалы, Гегель

философиясында немесе жүйелік теорияда. Бұл әдіс күрделі жүйелердің өзара байланыстарын талдау үшін қолданылады.

-{Ии}-

Инклюзивті білім беру – әртүрлі жағдайдағы білім алушыларды құрметтеу, олардың еркін әрі жайлы білім алуына жағдай жасау арқылы оларға тең мүмкіндіктер туғызу процесі, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға тең білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған жүйе. Бұл жүйе физикалық, когнитивті, эмоционалды және әлеуметтік кедергілерді еңсеруге көмектесетін әдістерді қолданады.

Итеративті таным – білім қайталанатын тестілеу, кері байланыс және шешімдерді жақсарту арқылы дамиды. Бұл таным әдісі әсіресе дизайн-ойлау мен ғылыми зерттеулерде қолданылады, өйткені ол білімнің эмпирикалық тексеруден өтіп, үздіксіз жетілдірілуін қамтамасыз етеді.

Интегралды білім беру – білімнің әртүрлі салаларын біріктіруге негізделген оқыту жүйесі. Ол интердисциплинарлық және трансдисциплинарлық тәсілдерді қолдану арқылы білімді тұтас қабылдауды дамытуға бағытталған.

Интуитивтік әдіс – білім көзі ретінде интуицияны пайдалануға негізделген тәсіл, мысалы, Анри Бергсон философиясында немесе этикалық интуицияда. Бұл әдіс рационалды дәлелдеуге қиын, бірақ тәжірибеде маңызды рөл атқаратын білім түрлерін түсіндіруге тырысады.

Идеация – бұл дизайнды ойлау процесінің кезеңі, онда белгілі бір мәселені шешуге бағытталған көптеген идеялар туады. Бұл кезең сынсыз және шектеусіз шығармашылық ойлауды қолдайды, ал ұсынылған идеялар кейінірек конвергентті ойлау арқылы сұрыпталады.

Идеялар картасы – идеялар мен олардың өзара байланыстарын көрсететін графикалық әдіс, ол ойларды құрылымдауға және дамытуға көмектеседі. Бұл әдіс күрделі ақпаратты визуалды түрде түсінуге, идеяларды топтастыруға және шығармашылық шешімдерді ұсынуға ықпал етеді.

Инновациялық білім беру – дизайнды ойлауды қолдану арқылы студенттердің шығармашылық және сыни ойлауын дамытуға бағытталған тәсіл. Бұл модель білім беру процесіне жаңа технологияларды, цифрлық құралдарды және проблемалық оқыту әдістерін енгізуге мүмкіндік береді.

Итерация – кері байланыс негізінде прототиптерді жетілдірудің циклдік үдерісі. Бұл процесс барысында өнім немесе шешім бірнеше рет қайта қарастырылады, жақсартылады және соңғы нұсқасына дейін пысықталады.

-{Кк}-

Креативті ойлау – адамның ойлау қабілетіне байланысты, дағдылы, стереотипті білімдерді қайталау емес, жаңа, тың, төлтума ұтқыр идеяларды тудыру мен ұсыну, тікелей мағынасында «ойды жарату, идеяны» деген мағына білдіреді. Креатив қазіргі заманда тек ғылымда еес, күгделікті өмірде, тұрмыста, бизнесте, білім беруде, саясатта т.б. құндылық ретінде бағаланады. Бірақ кез-келген креативті ойдың туындысы алдымен ұсынылады, талқыланады, содан соң қолданысқа енеді. Креативті ойлаудың мағыналас түсініктері мен ұғымдары: шығармашылық ойлау, стандартты емес ойлау, эвристикалық ойлау, продуктивті ойлау т.б.

Когнитивті үдеріс – дизайн-ойлау процесіндегі қабылдау, ойлау және шешім қабылдау сияқты ойлау операциялары. Бұл адамның ақпаратты өңдеу, есте сақтау, проблема шешу және шешім қабылдау қабілеттерімен байланысты.

Конвергентті ойлау – ұсынылған нұсқалардың ішінен ең тиімді және шынайы идеяларды таңдау. Бұл ойлау түрі нақты шешім қабылдауда және мәселеге логикалық тұрғыдан қарауда маңызды рөл атқарады.

-{Кк}-

Қоғам – адамдардың тек адамдар арасында ғана мойындалуы не кемсітілуі, мадаққа ие болуы немесе қорлануы,

жетістікке жетуі не құрдымға кетуі, қысқаша айтқанда адамдардың әлеуметтік қарым-қатынастарының моделі. Қоғам - бұл әлеуметтік дифференциация мен еңбек бөлінісінің әртүрлі түрлерімен сипатталатын адамдардың жеке, топтық және институционалдық бірлестігі.

Құқық философиясы – құқықтың мәні, оның негіздері мен қоғамдағы рөлі туралы философиялық зерттеу саласы. Ол заңдардың әділеттілігі, құқық пен моральдың арақатынасы, заңдардың объективтілігі және олардың қоғамға әсері туралы мәселелерді қарастырады.

Құрылымдық әдіс – құбылыстардың негізінде жатқан структураларды талдауға қолданылатын әдіс, мысалы, тіл философиясында немесе мәдениет философиясында (Фердинанд де Соссюр, Клод Леви-Стросс). Бұл әдіс жүйелік қатынастарды және олардың өзара әрекеттесуін зерттеуге бағытталған.

- {Мм} -

Моральдық философия – адамгершілік нормалары мен этикалық құндылықтарды зерттейтін философия саласы. Ол жеке адамның моральдық таңдауы мен қоғамдағы моральдық нормалардың қалыптасуын талдайды.

Метатеория – белгілі бір ғылым немесе теория негіздерін зерттейтін теориялық деңгей. Ол теориялардың құрылымын, олардың өзара байланысын және ғылыми білімнің дамуын түсіндіруге көмектеседі.

Миға шабуыл – қатысушылар еркін түрде идеялар ұсынатын топтық сессия, содан кейін ең перспективалы нұсқалар таңдалады. Бұл әдіс топтық шығармашылықты дамытудың және инновациялық шешімдерді табудың тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады.

- {Нн} -

Нарратив әдісі – бұл әңгімелеу (нарратив) арқылы тәжірибелерді, оқиғаларды немесе тұжырымдарды ұйымдастыру

және түсіндіру әдісі. Бұл әдіс адамның өмірлік тәжірибесін, тарихи оқиғаларды немесе мәдени құбылыстарды әңгімелер арқылы талдауға мүмкіндік береді.

Нормативті әдіс – нормалар, принциптер немесе құндылықтарды анықтауға бағытталған тәсіл, мысалы, этикада, құқық философиясында немесе саяси философияда. Бұл әдіс мінез-құлық нормаларын анықтау және оларды негіздеу үшін қолданылады.

-{Oo}-

Оқыту философиясы – білім беру мен оқыту процесіне қатысты философиялық ұстанымдар мен тұжырымдамалар. Ол оқытудың мақсаттары, әдістері және білім алушылардың дамуына әсері туралы сұрақтарға жауап береді.

Ой эксперименті әдісі – философиялық идеяларды тексеру үшін гипотетикалық сценарийлерді қолдану, мысалы, этикада («вагонетка проблемасы») немесе сана философиясында («қытай бөлмесі») аргументі).

-{Пп}-

Педагогика және философия – педагогика ғылымы да басқа ғылымдар секілді өз бастауын философиядан алады, сондықтанда ол философиямен тығыз байланыста, ал философия өз алдына пән болып қалыптасқалы педагогикаға сүйеніп, оның әдіснамалық жүйелерін пайдаланады, сондықтанда ол пән ретінде өз байланысын педагогикадан үзіп әкете алмайды. Екеуінің тығыз байланысының нәтижесінде философияның «білім беру философиясы» деген саласы пайда болды, ол өз алдына академиялық бағыт ретінде аталған екі ғылым арасындағы қайшылықты, кереғар пікірлерді жойып, байланысты нығайта түсуге, екі ғылымның бір-біріне сүйене отырып өркендеуіне ат салысады.

Педагог философиясы – әр бала білім алуға, бақытты балалық шақты бастан өткеруге тиесілі. Әрбір педагог баланы

ынталандырушы білім беру ортасын құрушы. Баланың физикалық, психикалық, эмоционалды және әлеуметтік тұрғыдан қалыпты өсуі педагогтың басты философиялық бағыты болып табылады.

Педагогикалық практика – оқыту мен тәрбиелеудің нақты әдістері мен тәсілдері. Ол оқытушы мен білім алушының өзара әрекеттестігін, білім беру әдістерінің тиімділігін зерттейді.

Практикалық философия – адам әрекеті, моральдық таңдау, құқық және саясат мәселелерін зерттейтін философия саласы. Практикалық философия этика, қолданбалы философия, саяси және әлеуметтік философия сияқты бағыттарды қамтиды.

Прагматикалық әдіс – прагматизм шеңберінде әзірленген әдіс (Чарльз Пирс, Уильям Джеймс, Джон Дьюи), идеяларды олардың практикалық салдары мен пайдасы арқылы бағалауға бағытталған.

Прототиптеу – гипотезаларды тексеру үшін білім беру өнімдерінің немесе процестерінің тәжірибелік нұсқаларын жасау. Бұл үдеріс идеялардың тиімділігін бағалауға, оларды нақты қолдану жағдайында сынауға және қажетті жетілдірулер енгізуге мүмкіндік береді.

Постмодернизм – XX ғасырдың орта шенінде пайда болып, XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басында әлемдік мәдениетке кеңінен жайылған түсінік. Бірақ постмодернистік мәдениет пен постмодернистік философияны шатастырмау керек. Постмодернистік мәдениет қоғам дамуының көптеген рухани салаларын қамтитын модернизмнен кейінгі, метамодернизмнен бұрынғы кезеңді қамтиды. Негізгі белгілері: карнавалдандыру, театрландыру, субкультураландыру, бұқаралық мәдениеттің басымдылық алуы, фрагменттендіру-гибридтендіру т.б. Ал постмодернистік философия осы постмодернистік мәдениетті түсіндірумен ғана шұғылданбайды, ол алдымен, дәстүрлі классикалық философиялық ойлауды сынайды, бұрынғы философиялық парадигмалар мен аппараттарды мойындамайды, теріске шығарады. Әлемнің көптүрлілігін ұсынады мен абсолюттіліктердің, бір негізділіктің барлығын жоққа шығарады, салыстырмалылықты негіздейді.

-{Pp}-

Редукционистік әдіс – күрделі құбылыстарды қарапайым элементтерге қысқартуға бағытталған әдіс, мысалы, сана философиясында немесе ғылым философиясында. Бұл әдіс күрделі процестерді оңайлатуға және олардың негізгі құрылымдарын анықтауға көмектеседі.

-{Cc}-

Салыстырмалы әдіс – әртүрлі философиялық тұжырымдарды, мектептерді немесе дәстүрлерді талдау және салыстыру, олардың ортақ ерекшеліктері мен айырмашылықтарын анықтау. Бұл әдіс мәдениеттану, дінтану және этика салаларында кең қолданылады.

Сыни ойлау – күнделікті-тұрмыстық ойлауда кездесетін, кейінгі жылдары арнайы ғылыми пән мен ойлаудың бір бағдары ретінде қалыптасқан ілім. Оның ерекшелігі: қалыптасып қалған (стереотипті) ойлау машығына, кез-келген бұрынғы және кейінгі ұсынылған пікірлер мен көзқарастарға, тіпті, арнайы тұжырымдамаларға, ең тиімді, мүлтіксіз деп табылған идеялардың барлығына күдік келтіреді, кей сәттерде оларды ішінара немесе тұтасынан жоққа шығарады. Сыни ойлаудың негізі – кез-келген тұжырымның абсолютті мүлтіксіз емес екендігіне сүйенеді, бірақ, сын: объективті, рационалды, перспективті т.б. болуы тиіс. Қазіргі таңда сыни ойлау тек өз алдына пән ғана емес, «сыни ойлаушы тұлға» келбеті маңызды әлеуметтік үдеріс болып отыр. Сыни ойлау тек сыртқа бағытталмайды, адамның өзіне және өзінің пікіріне де бағытталады. Бірақ ғылыми таным мен кез-келген жаңалықтар өздігінен-ақ сынға алынады, сын ғылыми ойлаудың негізгі атрибуты деуге де болады. Сыни ойлаудың өзі кей жағдайда сынға ұшырайды: оның эпистемологиялық еместігі, яғни, жаңа білім бермейтіндігі, идеяны жоққа шығара отырып, орнына басқа идея ұсынылмайтындығы, сынға ұшырамайтын дін мен сенімге қатынасының күрделі ахуал екендігі т.б.

Сыни әдіс – Иммануил Кант әзірлеген әдіс, адамның танымының шектері мен мүмкіндіктерін талдауға, сондай-ақ метафизикалық мәлімдемелерді сынауға бағытталған. Бұл әдіс философиялық рефлексияны тереңдетуге және таным теориясын жетілдіруге көмектеседі.

Субстанция – көптүрлі материалдық және рухани әлемнің бастапқы бір негізі немесе бәрі бағындырылған орталығы, олардың бастаушысы бар деген түсініктен туындаған ұғым. Ол әлдеқандай бір заттар, идеяның өзі, абсолют, діни танымда құдай т.б. болуы мүмкін екендігін әр философ әрқилы деңгейде ұсынады. Ал бастапқы түсінігінде ол негізгі объект, материя, маңызды нәрсе деген мағыналарда қолданылған, қазіргі кезде де кей кезде осы мағыналарда қолданылады. Субстанция әлемде жалғыз болатын болса, оны монизм деп, екеу болатын болса, оны дуализм деп, ал көп болатын болса, онда плюрализм деп атайды. Бүгінгі таңда осы плюрализм бағыты қолау тауып келеді және ол қоғамдық өмірдің барлық саласында, заманауи ақпараттық технологияларда, ақпараттардың өзінде де қолданысқа ие. Позитивизм, постмодернизм ағымдарында субстанция ұғымы өзінің мағынасын жойған деп түсіндіреді.

Спекулятивті әдіс – эмпирикалық тәжірибеден тыс теоретикалық модельдер мен гипотезаларды құруға негізделген тәсіл. Көбінесе метафизикада, діни философияда және саяси утопияларда қолданылады.

SCAMPER – бар идеяларды ауыстыру, біріктіру, бейімдеу, өзгерту, ұлғайту, азайту және қайта орналастыру арқылы өзгертуге негізделген әдіс. Бұл тәсіл шығармашылық ойлауды дамытуға және бар идеяларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

-{Тт}-

Тарихи-философиялық әдіс – философиялық идеяларды олардың тарихи контекстінде зерттеу, ойдың дамуын және алдыңғы философтардың әсерін ескере отырып, олардың эволюциясын талдау.

Толеранттылық - латын тілінен аударғанда «шыдау», «бетпе-бет келу» немесе «азап шегу» деген сөздердің мағынасын

береді. Қазіргі таңда адамдар арасындағы түсіністік мағынасында кең таралған. Адамдардың әртүрлі жағдайда әртүрлі өмір сүру салтына байланысты әртүрлі әрекет ететіндігін түсінген адамдар дау-дамай мен жанжалдан аулақ болуы тиіс. Толерантты болу мәдениетті немесе зиялы болудан да тереңірек және толеранттылық адамның ең алдымен өзіне, ары қарай өзгелерге деген салауатты қарым-қатынасын түзеді.

Тестілеу – студенттердің кері байланысын алу және шешімдерді жақсарту мақсатында прототиптерді тексеру. Бұл процесс барысында оқыту әдістерінің тиімділігі бағаланады және қажет болған жағдайда өзгерістер енгізіледі.

-{Ұұ}-

Ұғымдық талдау – аналитикалық философияда қолданылатын әдіс, ұғымдардың мағынасын және қолданылуын нақтылауға бағытталған. Бұл әдіс логикалық құрылымдарды зерттеуге және мағыналарды дәл анықтауға мүмкіндік береді.

-{Фф}-

Фасилитация – студенттер арасындағы топтық жұмысты және байланысты қолдау, бірлескен оқудың тиімділігін арттыру. Фасилитатор топтың жұмысын ұйымдастырып, қатысушылардың белсенділігін ынталандырып, пікір алмасуды жеңілдетеді.

Философиялық этика – қарапайым тілмен айтқанда әр адамның істеп жатқан әрекетінің маңыздылығы туралы термин. Адам өмір сүріп жатқандықтан ол әркез белгілі бір айтулы немесе елеусіз оқиғаларды бастан кешіріп жатады, алайда олардың айтулы немесе елеусіз екендігі маңызды емес, маңыздысы оның қандай әрекетпен орындалатындығында. Демек, философиялық этикада кішкентай, қарапайым немесе маңызды емес деген әрекет жоқ. Әрбір өз кезегінде еленбеген әр

Философ педагогикасы – философ, философия пәнінің оқытушысы ретінде дамуға тиісіті, ол философияның күрделі

мәселелерін түсіндірудің тиімді жолдарын іздестіруі қажет. Философ педагогикасы оқыту философиясының бір құрамдас бөлігі. Философия сынды өмір туралы ғылымды педагогикалық жүйлер арқылы беру. Философияда мұны көбіне «білім беру философиясы» деп атайды және ол философияның үлкен бір саласы болып есептеледі.

Феноменологиялық әдіс – Эдмунд Гуссерль әзірлеген әдіс, субъективті тәжірибені теориялық болжамдарсыз сипаттауға және талдауға бағытталған. Бұл әдістің мақсаты – адамның санасындағы құбылыстардың мәнін тікелей қарастыру және олардың тәжірибедегі көріністерін ашу.

-{Шш}-

Шығармашылық ойлау – дәстүрлі ойлаудан тыс жаңа идеялар мен шешімдерді жасау қабілеті. Бұл қабілет интуиция, қиял, ассоциация құру және мәселелерді ерекше көзқараспен қарау арқылы дамытылады.

-{Ыы}-

Ынтымақтастық (коллаборациялық) білім беру – студенттердің бірлесіп жұмыс істеуіне және білім алмасуына негізделген оқу формасы. Бұл тәсіл студенттердің өзара әрекеттесуін, бірлескен шешім қабылдауды және командалық жұмыс дағдыларын дамытуды көздейді.

-{Іі}-

Ізгілік - адамның адамшылығын білдіретін іс-әрекеті мен еркін әрі әділетті ойлауы. Ізгілік ол дұрыс ойлайтын адамның жақылыққа негізделген үйреншікті әрекеттері. Ізгілік бір реттік, науқандық, көпшілік назарын аудартуға бағытталған жариялымдық іс-әрекетке жатпайды. Ізгілік зұлымдықты азайтушы және зұлымдықты көрген адамдарға үміт сыйлаушы.

Ізгілікті іс-әрекеттің бір жақты немесе тек бір адамға ғана бағытталғанынан гөрі көпшілікке, қоғамға, ұзақ мерзімге бағытталғаны абзал.

-{Әә}-

Этика – қандай да бір қоғамның қабылдақандай да бір қоғамның қабылдаған мінез-құлық пен жүріс-тұрыс қағидалары. Алайда адамның қоғамдағы дұрыс емес қағидаларға көндігуі немесе қарсы шығуы емес, сонымен қатар, этика заңда, дінде, ақиқатта, сезімде емес, ол ақпен қараны, жақсы мен жаманды ажырата алу қабілеті. Демек, барлық нәрсенің, аса күрделі дүниелердің де шешімі бар, бастысы оны талқылау, ізгілік қағидаларына сүйене отырып ортақ шешім қабылдауға тырысу.

Эмпатия – студенттердің қажеттіліктері мен тілектерін түсіну қабілеті, бұл тиімді білім беру шешімдерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Эмпатия – дизайнды ойлаудың негізгі қағидаларының бірі, себебі ол оқушылардың нақты қажеттіліктеріне бағытталған шешімдер жасауға көмектеседі.

Эмпирикалық әдіс – философиялық гипотезаларды тексеру үшін бақылаулар, тәжірибелер және деректерді пайдалану. Көбінесе ғылым философиясы, когнитивті философия және психологияда қолданылады.

Эпистемология – бұл адам білімінің табиғатын, көздерін, әдістерін және шектерін зерттейтін философия бөлімі. Ол білімнің не екенін, оның қалай қалыптасатынын, пікірден қалай ерекшеленетінін және ақпараттың сенімді болуы үшін қандай критерийлерге сәйкес келуі керектігін қарастырады. Сонымен қатар, эпистемология ғылыми білімнің құрылымын, объективтілігін және оның практикалық қолданылуын да зерттейді.

АННОТАЦИЯЛЫҚ ШОЛУЛАР

Т.Айраксинен мен В.Гаспарскийдің «Практикалық философия және әрекет теориясы» кітабына аннотациялық шолу

ГОСТ: Airaksinen T., Gasparski W. W. (ed.). Practical philosophy and action theory. – Transaction Publishers, 1993. – Т. 2.

АРА: Airaksinen, T., & Gasparski, W. W. (Eds.). (1993). Practical philosophy and action theory (Vol. 2). Transaction Publishers. (<https://books.google.kz/>)

Кіріспе. Тимо Айраксинен мен Войцех Гаспарски жазған «Практикалық философия және әрекет теориясы» практикалық философия мен әрекет теориясының өзара әрекеттесуін зерттеуге елеулі үлес қосады. 1993 жылы «Transaction Publishers» басып шығарған бұл философияның маңызды аспектілеріне арналған серияның екінші томының бөлігі. Бұл жұмыс іс-әрекетті, оның философиялық негіздерін және практикалық қолдануын түсінудің сан алуан тәсілдерін біріктіріп, оқырманға адам әрекетімен байланысты теориялық және қолданбалы аспектілерді терең талдауды ұсынады.

Кітаптың мақсаты – философиялық концепциялар мен жеке адамдардың, топтардың әртүрлі контексттерде жүзеге асыратын нақты әрекеттерінің арақатынасын зерттеу. Авторлар өмірдің әртүрлі салаларындағы жеке және ұжымдық әрекеттерді түсіну мен талдау үшін философияны қалай қолдануға болатынын көрсетуге тырысады. Кітап сонымен қатар адам мінез-құлқының моральдық, этикалық және әлеуметтік аспектілерін түсінуді кеңейте отырып, іс-әрекет теориясын практикалық философияның шеңберіне қалай енгізуге болатынын қарастыруға бағытталған.

Аталған кітапта авторлар келесі зерттеу сұрақтарына жауап іздейді:

1) Адамның іс-әрекетін талдау және түсіндіру үшін этика мен моральға қатысты философиялық ұғымдарды қалай қолдануға болады?

2) Іс-әрекет теориясы практикалық философиямен қалай әрекеттеседі және оны моральдық және әлеуметтік мәселелер туралы философиялық дискурсқа қалай біріктіруге болады?

3) Философия жеке адамдар мен қоғамдар қабылдайтын практикалық әрекеттер мен шешімдерге қаншалықты әсер ете алады?

4) Іс-әрекет теориясы мен практикалық философияның байланысын зерттеу үшін қандай әдіснамалық тәсілдер ең тиімді?

Нәтижесінде, практикалық философия мен әрекет теориясына келесі анықтаманы берді:

- практикалық философияны мораль, этика, құқық және саясат мәселелеріне және олардың шынайы өмірде қолданылуына бағытталған философия саласы ретінде анықтайды. Практикалық философия философиялық принциптер мен тұжырымдамаларды нақты өмірлік мәселелерді шешу және моральдық және этикалық стандарттарға сәйкес келетін шешімдер қабылдау үшін қалай пайдалануға болатынын зерттейді. Авторлар практикалық философияның тек теориялық рефлексиямен шектеліп қалмайтыны, жеке адамдар да, қоғамдар да жүзеге асыратын іс-әрекеттерді талдауға және бағыттауға белсене араласатынын атап көрсетеді.

- әрекет теориясы немесе белсенді теориялар, авторлардың пікірінше, адам әрекетінің әртүрлі аспектілерін, соның ішінде оның ниеттерін, мотивациясын, салдарын және контекстін зерттейді. Әрекет теориясы іс-әрекетті тек физикалық әрекеттер ретінде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір жағдайларда мәні мен мәні бар саналы, моральдық және әлеуметтік әрекеттер ретінде қарастырады. Кітапта Әрекет теориясы агент (іс-әрекет субъектісі), оның ниеті мен нәтижеге әсер ететін сыртқы жағдайлар арасындағы күрделі қатынастарды ескеруі керек екенін атап көрсетеді.

Сондай-ақ, авторлар әрекет теориясының практикалық философиямен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді, өйткені ол моральдық-этикалық принциптерді іс жүзінде қалай жүзеге асыруға болатынын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Әрекет теориясы адамдардың белгілі бір тәсілдермен қалай және неге әрекет ететінін және олардың әрекеттерін этикалық және

моральдық тұрғыдан қалай бағалауға болатынын талдауға арналған құралдарды ұсынады.

Кітап авторлары практикалық философия мен әрекет теориясы тығыз байланыста жұмыс істеуі керек деп санайды, өйткені философия этикалық нұсқаулар береді, ал іс-әрекет теориясы бұл нұсқауларды нақты өмірлік жағдайларда түсінуге және қолдануға көмектеседі. Практикалық философия дұрыс немесе бұрыс, әділ немесе әділетсіз деген сұрақтарды қояды, ал іс-әрекет теориясы бұл принциптерді нақты әрекеттерде қалай жүзеге асыруға болатынын талдайды.

Авторлар ерекше атап өткен маңызды мәселе - адам мінез-құлқын түсінуге біртұтас көзқарас жасау үшін осы екі өрісті біріктіру қажеттілігі. Бұл іс-әрекеттерді сипаттап, түсіндіруге ғана емес, моральдық-этикалық нормаларға сәйкес басшылыққа алуға мүмкіндік береді.

Сонымен, практикалық философия және іс-әрекет теориясы практикалық философияны нақты өмірге философиялық принциптерді қолдануға бағытталған пән ретінде анықтайды, ал іс-әрекет теориясы адамның ниеттерін, мотивтерін және контекстін ескере отырып, осы қолданбаларды талдау және түсіну құралы ретінде қарастырылады.

Кітап туралы тұжырым:

Кітаптың концептуалды негізі екі негізгі бағытқа құрылған: әрекет теориясы және практикалық философия. Әрекет теориясы іс-әрекеттің әртүрлі аспектілері мен түрлерін, соның ішінде қасақана, кездейсоқ, моральдық және әлеуметтік әрекеттерді зерттейді. Маңыздысы, кітап әрекеттердің мотивациясы мен ниеттерін ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік және этикалық контексттегі салдарын түсіну қажеттілігіне баса назар аударады.

Кітаптағы практикалық философия мораль, этика, құқық және саясат мәселелерін, сондай-ақ олардың нақты өмірлік жағдайларға қолданылуын зерттейтін сала ретінде түсініледі. Авторлар теорияны практикамен байланыстырудың маңыздылығына баса назар аудара отырып, философияның нақты әлемдегі іс-әрекетті қалай бағыттап алатынын қарастырады.

Кітаптың негізгі пікірі философияның тек абстрактылы пайымдаулармен шектеліп қалмай, өмірдің әртүрлі салаларында

жүзеге асырылатын нақты әрекеттермен белсенді әрекеттесуі керек. Авторлар әрекет теориясы адамның мінез-құлқын практикалық философия шеңберінде біріктірілгенде түсіну және жақсарту үшін қуатты құрал бола алады деп санайды. Олар философияның іс-әрекеттерді түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге оларға бағыт-бағдар беруге, этикалық нұсқаулар беруге және белгілі бір шешімдердің моральдық салдарын талдауға қабілетті екенін атап көрсетеді.

Қорытынды. Практикалық философия және әрекет теориясы оқырманға философия мен әрекет арасындағы байланысты жан-жақты зерттеуді ұсынады, екі сала бір-бірінен бөлек өмір сүре алмайтынын атап көрсетеді. Нәтижелер философияның жеке және қоғам деңгейінде шешім қабылдау үшін этикалық және моральдық негізді қамтамасыз ету арқылы әрекетке нұсқау бола алатынын және қызмет етуі керек екенін атап көрсетеді. Кітап авторлары адамның мінез-құлқы мен оның салдарын толық және тереңірек түсінуді қалыптастыру үшін іс-әрекет теориясын практикалық философияға біріктірудің маңыздылығын талап етеді.

Сонымен қатар, кітапта философиялық контексте іс-әрекеттерді түсіну философиялық және әлеуметтік, психологиялық және этикалық аспектілерді қамтитын пәнаралық көзқарасты қажет ететініне баса назар аударылады. Бұл практикалық философия мен әрекет теориясын философтар, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар және мораль, этика және әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне қызығушылық танытатын кез келген адам үшін маңызды ресурсқа айналдырады.

Марио Бунге "Practical Philosophy" еңбегіне аннотациялық шолу

ГОСТ: Bunge M. Practical Philosophy //Between Two Worlds: Memoirs of a Philosopher-Scientist. – 2016. – С. 379-404.

APA: Bunge, M., & Bunge, M. (2016). Practical Philosophy. *Between Two Worlds: Memoirs of a Philosopher-Scientist*, 379-404.

Марио Бунгенің «Практикалық философия» этикаға, әлеуметтік және саяси философияға қатысты философияның қолданбалы аспектілерін терең зерттейді. Философиялық мәселелерге өзінің ұтымды және ғылыми көзқарасымен танымал, Бунге қоғамдар мен жеке адамдар алдында тұрған нақты әлемдегі мәселелерді шешу үшін философияны қалай қолдануға болатынын жан-жақты талдауды ұсынады. Кітап моральдық нормалардың негіздерін, әлеуметтік әділеттілік мәселелерін, адам құқықтарын, қазіргі қоғамдағы ғылым мен техниканың рөлін зерттейді, сонымен қатар иррационализм мен моральдық релятивизмді сынға алады.

Кітаптың мақсаты – әлеуметтік, саяси және моральдық салаларда туындайтын практикалық мәселелерді шешудің философиялық негіздерін беру. Бунге ұтымдылық пен ғылыми әдіске негізделген философия күрделі моральдық дилеммаларды, әлеуметтік әділеттілік мәселелерін және саяси қақтығыстарды талдау және шешу үшін қуатты құрал бола алатынын көрсетуге тырысады. Кітап философияның тек теориялық пән ғана емес, сонымен қатар нақты әлемде әрекет ету үшін практикалық нұсқаулық бола алатынын көрсетуге бағытталған.

Кітапта бірнеше негізгі сұрақтарды көтереді:

1) Шынайы өмірдегі этикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін философияны қалай қолдануға болады?

2) Адамның іс-әрекетінің негізінде қандай моральдық принциптер мен нормалар жатуы керек?

3) Ғылым мен технология әлеуметтік институттар мен моральдық стандарттарға қалай әсер етеді?

4) Философия әлеуметтік әділеттілік пен адам құқықтарын дамытуға қалай үлес қоса алады?

5) Қазіргі қоғамдарда иррационализм мен моральдық релятивизм қандай қауіп төндіреді?

Кітаптың негізгі тұжырымдамасы - философияның практикалық болуы және нақты мәселелерді шешуге бағытталған болуы керек деген тұжырым. Бунге философиялық рефлексия мен шешім қабылдаудың негізі ретінде ұтымдылық пен ғылыми әдістің маңыздылығын талап етеді. Бунге өз концепциясында мораль мен әлеуметтік мәселелерге қатысты релятивистік және иррационалдық көзқарастарды жоққа шығарады, этикалық

нормалардың объективтілігі мен әмбебаптығының қажеттілігін атап көрсетеді.

Сонымен қатар философияны әлеуметтік және саяси процестерді тереңірек түсіну үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін қамтуы тиіс пәнаралық сала ретінде қарастырады. Бунге концепциясының маңызды бөлігі философияның тек абстрактылы принциптерді ғана емес, сонымен бірге адам іс-әрекетінің нақты жағдайлары мен салдарын да ескеруі тиіс екендігіне баса назар аудару болып табылады.

Марио Бунге үшін практикалық философия – этика, әлеуметтік және саяси өмір саласындағы нақты, нақты мәселелерді шешуге бағытталған философия. Ол практикалық философияны иррационализм мен субъективизмнен аулақ, ғылыми әдіс пен рационалдылыққа негізделуі керек сала ретінде қарастырады. Бунге үшін моральдық және әлеуметтік мәселелерге объективті және әмбебап көзқарас маңызды, ол әртүрлі жағдайларда қолданылатын жалпы принциптерді дамытуға мүмкіндік береді.

Кітаптың басты талабы - философия адамдардың және жалпы қоғамның өмірін жақсартудың практикалық құралы бола алады және болуы керек. Бунге парасаттылық пен ғылымға негізделген философия күрделі моральдық, әлеуметтік және саяси мәселелерге тиімді шешімдер бере алады деп тұжырымдайды. Ол әлеуметтік әділеттілік, адам құқығы және моральдық стандарттар сияқты мәселелер субъективті артықшылықтар немесе мәдени дәстүрлер емес, объективті және әмбебап принциптер негізінде шешілуі керек екенін атап көрсетеді.

Сонымен қатар, Бунге иррационализм мен моральдық релятивизм идеяларына сын көзбен қарайды, олар әділетті және ұтымды қоғамның негіздеріне нұқсан келтіреді. Ол ғылыми әдіс пен логикалық ойлауды қолдану арқылы ғана философия практикалық мәселелерді шешуге нақты үлес қоса алады деп есептейді.

Қорытынды: Марио Бунге философияның тек теориялық жаттығу ғана емес, сонымен қатар іс-әрекеттің практикалық нұсқаушысы болуы керектігін атап көрсетеді. Философияға ұтымды және ғылыми көзқарас қазіргі қоғамдар алдында тұрған

этикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесе алады деген қорытындыға келеді. Бүгінге әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтары және моральдық дилеммалар мәселелерін шешуде философияны белсенді түрде қолдануға шақырады, философияның неғұрлым әділ және тұрақты қоғам құруда маңызды рөл атқаратынына назар аударады.

Практикалық философия - практикалық мәселелерді шешу үшін ұтымды және ғылыми әдістерді қалай қолдануға болатынын көрсететін философияға қосылған елеулі үлес. Бұл тек философтарға ғана емес, этика, әлеуметтік әділеттілік және ғылымның қоғамдағы рөлі мәселелеріне қызығушылық танытатын кез келген адамға пайдалы болады.

Стефани Панкенің «Білім берудегі дизайндық ойлау: перспективалар, мүмкіндіктер және қиындықтар» мақаласына аннотациялық талдау

ГОСТ: Panke S. Design thinking in education: Perspectives, opportunities and challenges //Open Education Studies. – 2019. – Т. 1. – №. 1. – С. 281-306.

APA: Panke, S. (2019). Design thinking in education: Perspectives, opportunities and challenges. *Open Education Studies*, 1(1), 281-306.

Стефани Панкенің «Білім берудегі дизайндық ойлау: перспективалар, мүмкіндіктер және қиындықтар» білім беру контекстінде дизайндық ойлауды қолдануды зерттейді. Соңғы жылдары дизайндық ойлау бизнес, инженерия және білім беруді қоса алғанда, әртүрлі салаларда танымал тәсілге айналды.

Мақала авторы студенттер арасында инновацияны, шығармашылық ойлауды және мәселелерді шешуді ынталандыру үшін бұл әдісті білім беру үдерістеріне қалай бейімдеуге және біріктіруге болатынын қарастырады. Панке білім беру жағдайында дизайндық ойлауды қолданумен байланысты ағымдағы перспективаларды, мүмкіндіктерді және қиындықтарды талқылайды.

Мақаланың мақсаты – білім беру үдерістерін түрлендіру құралы ретінде дизайндық ойлаудың әлеуетін зерттеу. Панке дизайнерлік ойлаудың студенттердің сыни және шығармашылық ойлауын дамытуға қалай көмектесетінін және бұл әдіс білім беру мекемелерінің заманауи әлемнің тез өзгеретін талаптарына бейімделуіне қалай көмектесетінін көрсетуді мақсат етеді. Сондай-ақ автор оқу бағдарламаларына дизайндық ойлауды кіріктіру кезінде педагогтар мен әкімшілер кездесетін негізгі қиындықтарды анықтауға және оларды жеңу жолдарын ұсынуға тырысады.

Зерттеу сұрақтары:

- Дизайндық ойлаудың негізгі принциптері қандай және оларды білім беру контекстінде қалай қолдануға болады?
- Дизайн ойлауы 21 ғасырда сыни ойлау, мәселелерді шешу және шығармашылық сияқты дағдыларды дамытуға қалай көмектесе алады?
- Дизайндық ойлауды білім беру бағдарламаларына енгізу кезінде оқу орындарына қандай мүмкіндіктер ашылады?
- Білім беруде дизайндық ойлау әдістемесін бейімдеу кезінде қандай қиындықтар мен кедергілер туындайды және оларды қалай жеңуге болады?
- Оқу тәжірибесінде дизайндық ойлауды сәтті қолданудың мысалдары қандай?

Стефани Панке зерттеу сұрақтарына жауап ретінде дизайндық ойлаудың келешегін, мүмкіндіктерін және қиындықтарын төмендегідей жіктеп көрсетеді. Атап айтқанда:

Дизайндық ойлаудың перспективалары:

1) ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту. Яғни, Панке дизайнерлік ойлауды қазіргі әлемде қажетті шығармашылық, сыни ойлау, топтық жұмыс және күрделі мәселелерді шешу сияқты негізгі дағдыларды дамытудың қуатты құралы ретінде қарастырады.

2) Оқытудағы инновациялық тәсілдер. Дизайндық ойлау тек оқуда ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерін ұйымдастыруда да инновацияларды ынталандыра алатын оқу үдерісіне тың көзқарасты ұсынады.

3) Оқушылардың белсенділігін арттыру. Автор жобалық ойлау оқушының оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал ететінін атап өтеді. Ол студенттерді нақты мәселелерді шешуге және пайдалы шешімдерді жасауға тарту арқылы ынталандырады.

4) Пәнаралық тәсілді күшейту. Дизайнды ойлау күрделі мәселелерді шешу үшін әртүрлі салалардағы білімді біріктіру арқылы әртүрлі пәндер арасындағы кедергілерді жоюға көмектеседі. Бұл оқушылардың дүниені тұтас түсінуіне ықпал етеді және оқушылардың ойлау икемділігін дамытады.

Білім беру саласындағы дизайндық ойлаудың мүмкіндіктері:

1) Әртүрлі білім беру деңгейлерінде қолдану. Панке дизайнды ойлауды бастауыш мектептен бастап университеттерге дейін әртүрлі білім деңгейлеріне бейімдеуге болатынын атап өтеді. Бұл білім беру процесінің барлық кезеңдерінде осы тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2) Инновациялық білім беру бағдарламаларын құру. Дизайндық ойлауды пайдалану білімді практикалық қолдануға және студенттерді шынайы өмірге дайындауға бағытталған жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндіктер ашады.

3) Мұғалімдерді жаңа әдіс-тәсілдерге үйрету. Жобалық ойлауды жүзеге асыру мұғалімдерді жаңа тәсілдер мен әдістерге үйретуді талап етеді, бұл олардың кәсіби біліктілігін арттыруға және оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

4) Қоғамдағы өзгерістерге бейімделу: Дизайндық ойлау оқуға икемді және бейімделгіш тәсілдерді ұсына отырып, білім беру мекемелеріне заманауи әлемнің тез өзгеретін жағдайларына жақсы бейімделуге көмектеседі.

Дизайндық ойлауды қолдануағы қиындықтар:

1) Өзгерістерге қарсылық. Панке анықтайтын негізгі қиындықтардың бірі - оқытушылар мен әкімшілер тарапынан өзгерістерге қарсылық. Жаңа әдістерді енгізу әдеттегі тәжірибелерді қайта қарауды талап етеді, бұл белгілі бір қарсылықты тудыруы мүмкін.

2) Мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажеттілігі. Дизайнды ойлауды сәтті жүзеге асыру мұғалімдерді оқытудың айтарлықтай

күш-жігерін талап етеді. Бұл әдісті оқыту процесінде қолдану үшін барлық мұғалімдерде қажетті дағдылар мен білімдер жоқ.

3) Дәстүрлі әдістермен ықпалдасу. Мәселе дизайндық ойлауды дәстүрлі педагогикалық әдістермен біріктіру қажеттілігінде. Бұл мұқият жоспарлауды және инновациялық және дәстүрлі тәсілдерді қамтитын теңдестірілген оқыту бағдарламаларын құруды талап етеді.

4) Ресурс шектеулері. Дизайндық ойлауды жүзеге асыру уақыт, қаржы және технология сияқты қосымша ресурстарды қажет етуі мүмкін. Бұл тәсілді толық жүзеге асыру үшін барлық оқу орындарының жеткілікті ресурстары жоқ.

5) Нәтижелерді бағалау. Тағы бір қиындық оқу үдерістерінде жобалық ойлаудың тиімділігін бағалаумен байланысты. Білім мен дағдыларды бағалаудың стандартты әдістері шығармашылық және мәселелерді шешу қабілеті сияқты дизайндық ойлауды дамытатын аспектілерді өлшеу үшін жарамсыз болуы мүмкін.

